Республиканское государственное учреждение
«Казахская национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова»
Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

«Тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағы: зияткерлік жетістіктер мен инновациялар»

Халықаралық жас ғалымдардың
ғылыми конференциясының материалдар жинағы

«Молодое поколение независимого Казахстана: интеллектуальные прорывы и инновации»

Сборник материалов международной
научной конференции молодых ученых

"Young generation of independent Kazakhstan: intellectual breakthroughs and innovations"

Proceedings of the international
scientific conference of young scientists

Алматы, Казахстан
13 апреля 2021

«Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
Республикалық мемлекеттік мекемесі

Ғылыми-редакциялық бөлімі

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
жыл сайынғы Ғылым апталығы аясындағы
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«**Тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағы: зияткерлік жетістіктер мен инновациялар**»
тақырыбындағы жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
материалдар жинағы

Сборник материалов
международной научной конференции молодых ученых
Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова
в рамках ежегодной Недели науки на тему
«**Молодое поколение независимого Казахстана: интеллектуальные прорывы и инновации**»,
посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан

“Young generation of independent Kazakhstan: intellectual breakthroughs and innovations”
International Scientific Conference as part of the annual Science Week
at the T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

Алматы қ., Қазақстан
13 сәуір 2021 жыл

УДК 703
ББК 85

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жыл сайынғы Ғылым апталығы аясындағы «Тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағы: зияткерлік жетістіктер мен инновациялар» атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. 13 сәуір 2021 ж. Алматы: Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, 2021. — 285 б. = **Молодое поколение независимого Казахстана: интеллектуальные прорывы и инновации : материалы международной научной конференции молодых ученых в рамках ежегодной Недели науки Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан. 13 апреля 2021 г. Алматы: КазНАИ им. Т. К. Жургенова, 2021. — 285 с.** = Young generation of independent Kazakhstan: intellectual breakthroughs and innovations : proceedings of international scientific conference as part of the annual Science Week dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan at the T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. April 13, 2021. Almaty: T. K. Zhurgenov KazNAA, 2021. — 285 p.

Аңдатпа: Жинақта Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Қазақстандық өнердің қоғамдық сананы жаңғырту контестктіндегі дамуының жаңа парадигмасы» атты жыл сайынғы Ғылым апталығы аясындағы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағы: зияткерлік жетістіктер мен инновациялар» тақырыбындағы жас ғалымдардың Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары ұсынылды. Авторлар — Қазақстан, Ресей, Польша елдердің студентттері, магистранттары, оқытушылары.

Аннотация: В сборнике представлены материалы международной научной конференции молодых ученых «Молодое поколение независимого Казахстана: интеллектуальные прорывы и инновации» Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова, прошедшей в рамках ежегодной Недели науки, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан. Среди авторов — студенты, магистранты, преподаватели из Казахстана, России, Польши.

Abstract: The collection contains materials of the international scientific conference of young scientists "The young generation of independent Kazakhstan: intellectual breakthroughs and innovations" of the T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, held within the framework of the annual Science Week dedicated to the 30th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan. Among the authors students, undergraduates, teachers from Kazakhstan, Russia, Poland.

Бас редактор: Қ. З. Халықов
Бас редактордын орынбасарлары: А. А. Кульшанова, Д. Д. Уразымбетов
Баспаға материалдар дайындаған: А. Е. Садықова, И. К. Жолдасова
Беттеген: Д. Д. Уразымбетов

Главный редактор: К. З. Халыков
Заместители главного редактора: А. А. Кульшанова, Д. Д. Уразымбетов
Подготовка материалов к печати: А. Е. Садыкова, И. К. Жолдасова
Верстка: Д. Д. Уразымбетов

БАРЛЫҚ МАҚАЛАЛАР АВТОРЛЫҚ РЕДАКЦИЯДА ЖАРИЯЛАНАДЫ
ВСЕ СТАТЬИ ПУБЛИКУЮТСЯ В АВТОРСКОЙ РЕДАКЦИИ

© Авторлары / Авторы, 2021
© Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
/ Казахская национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова, 2021

Редакциядан

***«Тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағы: зияткерлік жетістіктер мен инновациялар»* атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы туралы**

Конференция 13.04.2021 сағат 11:00-де ZOOM платформасында ВКС режимінде өтті. Оған 45 адам қатысты — Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның ПОҚ-ы және магистранттары. Оның ішінде шығармашылық жоғары оқу орындарының өкілдері:

Әлішер Науаи атындағы өзбек тілі мен әдебиеті мемлекеттік университеті (Ташкент, Өзбекстан);

«Тұран» Университеті (Алматы, Қазақстан);

University in Poznan (Poland);

Санкт-Петербург мемлекеттік университеті (Санкт-Петербург, Ресей).

Пленарлық отырыста 5 адам баяндама жасады:

1. Әбдіқасымов Бауржан. «Қазақ киносындағы ақыр заман элементтері (Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кинотану» мамандандыруының 1 курс магистранты)

Ғылыми жетекшісі: ***Машурова А. А.****, PhD, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы.*

2. Ардашов Иван. «Образ женщины в казахской анимации в контексте формирования новой культурной идентичности в регионе» (Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының 1 курс магистранты)

Ғылыми жетекшісі: ***Попов В. И.****, PhD, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының аға оқытушысы.*

3. Джурабаева Кенжегүл. Дариға Тұранқұлова дәрістеріндегі ұлттық сахна тілін оқытудың заманауи технологиялық аспектілері (Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сөз сөйлеу жанрының артисі» мамандығының 2 курс магистранты)

Ғылыми жетекшісі: ***Хожамбердиев О. Қ.****, PhD, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сахна тілі» кафедрасының доценті.*

4. **Коесов Тимур. «Қазақ театр суретшілері шығармашылығындағы жаңашыл "Gesamtkunstwerk" тәжірибелері»** (Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 1 курс магистранты)

Ғылыми жетекшісі: ***Халықов Қ. З.****, философия ғылымдарының докторы, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Сценография» кафедрасының профессоры.*

5. Манапова Дарина. «Образ подростка в кинокартинах Эмира Байгазина «Уроки гармонии», «Раненый ангел», «Река» («Тұран» университетінің «Кино және теледидар академиясы" факультеті, «Кино өнері» кафедрасының «Режиссура» мамандығының бірінші курс магистранты, Алматы қ.)

Ғылыми жетекшісі: ***Божеева А.****, PhD «Өнертану» мамандығы бойынша,»»Тұран» Университетінің «Кино және теледидар академиясы» факультетінің «Кино өнері» кафедрасының доценті.*

Баяндамашылар магистранттардың жоғары ғылыми деңгейін және олардың дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын көрсетті. Сараптама комиссиясы келіп түскен материалдарды зерделеп, мынадай қорытындыға келді:

1. Магистранттардың мақалалары диссертация тақырыбына сәйкес жазылған, дербес зерттеу болып табылады және жариялауға дайын;
2. Жұмыстардың тақырыбы гуманитарлық пәндерді қозғайды және ғылымдар тоғысында орындалған;
3. Магистранттардың жұмыстарын талқылау белсенді өтті, сұрақтар қойылды, тілектірін білдірді, баға берілді;
4. Әртүрлі жинақтар мен журналдарға жариялауға ұсынылатын ғылыми жұмыстарды дайындауда ғылыми жетекшілердің жауапкершілігін күшейту қажет.

Конференция қорытындысын Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Қ. З. Халықов қорытындылады, конференцияға қатысу — бұл өз идеясын қорғауды, дәлелдеуді, дерек көздерін келтіруді, пікір таластыруды үйренуге мүмкіндік беретін ғылыми тәжірибе екенін атап өтті.

Конференцияға барлығы 50-ден астам өтінім келіп түсті. Ұсынылған мақалалардың бір бөлігі талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбады. Жалпы талдау қорытындысы бойынша ғылыми-редакциялық бөлімнің қызметкерлері келесі жұмыстардан кемшіліктерді анықтады:

1. Кейбір жұмыстардағы ғылыми аппарат әрдайым талаптарға сай бола бермейді (аннотациядағы сөздердің саны 70-тен кем емес, мәтіннің құрылымы, әдіснамасы және зерттеу нәтижелері);
2. Магистранттың ғылыми жетекшісі, курсы және мамандығы әрдайым көрсетілмеді;
3. Сілтемелер мен көздер тізімін жасау әрдайым МемСТ-тың заманауи талаптарына сәйкес келе бермейді;
4. Кейбір жұмыстарда мәтінде аналитикалық зерттеулер мен тұжырымдар жоқ.

От редакции

О международной научно-практической конференции молодых ученых «*Молодое поколение независимого Казахстана: интеллектуальные прорывы и инновации*»

Конференция состоялась 13.04.2021 в 11:00 в режиме ВКС на платформе Zoom. В ней приняло участие 45 человек — ППС и магистранты КазНАИ им. *Т. К. Жургенова. В том числе представители творческих вузов:*

Государственный университет узбекского языка и литературы имени Алишера Навои (Ташкент, Узбекистан);

Университет «Туран» (Алматы, Казахстан);

University in Poznan (Poland);

Санкт-Петербургский государственный университет (Санкт-Петербург, Россия).

На пленарном заседании выступили с докладами 5 человек:

1. Әбдіқасымов Бауржан. «Қазақ киносындағы ақыр заман элементтері (Магистрант 1 курса специализации «Киноведение» Казахской национальной академии искусств имени Т. К. Жургенова)

Научный руководитель: ***Машурова А. А.****, PhD, старший преподаватель кафедры «История и теория кино» Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова*

2. Ардашов Иван. «Образ женщины в казахской анимации в контексте формирования новой культурной идентичности в регионе» (магистрант 1 курса кафедры «Режиссура экранных искусств» Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова)

Научный руководитель: ***Попов В. И.****, PhD, старший преподаватель кафедры «Режиссуры экранных искусств» Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова*

3. Джурабаева Кенжегүл. Дариға Тұранқұлова дәрістеріндегі ұлттық сахна тілін оқытудың заманауи технологиялық аспектілері (Магистрант 2 курса специальности «Артист разговорного жанра» Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова)

Научный руководитель: ***Хожамбердиев О. Қ.****, PhD, доцент кафедры «Сценическая речь» Казахской национальной академии искусств имени Т. К. Жургенова*

4. **Коесов Тимур. «Қазақ театр суретшілері шығармашылығындағы жаңашыл "Gesamtkunstwerk" тәжірибелері»** (Магистрант 1 курса Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова)

Научный руководитель: ***Халыков К. З.****, доктор философских наук, профессор кафедры «Сценография» Казахской национальной академии искусств имени Т. К. Жургенова*

5. Манапова Дарина. «Образ подростка в кинокартинах Эмира Байгазина «Уроки гармонии», «Раненый ангел», «Река» (магистрант первого курса специальности «Режиссура» кафедры «Киноискусство» факультета «Академия кино и телевидения» университета «Туран», г. Алматы)

Научный руководитель: ***Божеева Айбарша****, PhD по специальности «Искусствоведение», доцент кафедры «Киноискусство», факультета «Академия кино и телевидения» университета «Туран»*

Докладчики показали высокий научный уровень магистрантов и их навыки работы с источниками. Экспертная комиссия, изучив поступившие материалы, пришла к следующим выводам:

1. Статьи магистрантов написаны в соответствии с темой диссертации, являются самостоятельным исследованием и готовы к публикации;
2. Тематика работ затрагивает гуманитарные дисциплины и выполнена на стыке наук;
3. Обсуждение работ магистрантов прошло активно, задавали вопросы, высказывали пожелания и давали оценку выступлениям;
4. Необходимо усилить ответственность научных руководителей в подготовке научных работ, представляемых к публикации в различные сборники и журналы.

Итоги конференции подвел проректор по научной работе КазНАИ им. Т. К. Жургенова доктор философских наук, профессор К. З. Халыков, который подчеркнул, что участие в конференции — это научный опыт, позволяющий научиться защищать свою идею, доказывать, приводить источники, дискутировать.

Всего на конференцию было подано более 50 заявок. Часть из представленных статей из них была отклонена по причине несоответствия требованиям. По итогам общего анализа сотрудниками научно-редакционного отдела выявлены нижеследующие недочеты, которые необходимо избегать в последующих трудах:

1. Научный аппарат в некоторых работах не всегда соответствовал требованиям (в том числе количество слов в аннотации не менее 70, структурированность текста, методология и результаты исследования);
2. Не всегда был указан научный руководитель, курс и специальность магистранта;
3. Оформление ссылок и списка источников не всегда соответствовало современным требованиям ГОСТа;
4. В некоторых работах текст не содержал аналитических исследований и выводов.

By the editors

About the international scientific-practical conference of young scientists "The young generation of independent Kazakhstan: intellectual breakthroughs and innovations"

The conference took place on April 13, 2021 at 11:00 in the video conferencing mode on the Zoom platform. It was attended by 45 people – teaching staff and undergraduates of T. K. Zhurgenov KazNAA. Including representatives of creative universities:

Alisher Navoi State University of Uzbek Language and Literature (Tashkent, Uzbekistan);

Turan University (Almaty, Kazakhstan);

University in Poznan (Poland);

St. Petersburg State University (St. Petersburg, Russia).

At the plenary session, 5 people made reports:

1. **Baurzhan Abdikassymov**. “Elements of the apocalyptic in Kazakh cinema” (1st year master's student, Department of History and Theory of Theatre, T. K. Zhurgenov KazNAA)

Scientific adviser: ***Aida Mashurova****, PhD, Senior Lecturer, Department of History and Theory of Cinema, T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts*

2. **Ivan Ardashov**. "The image of a woman in Kazakh animation in the context of the formation of a new cultural identity in the region" (1st year master's student, Department of Screen Arts Directing, T. K. Zhurgenov KazNAA)

Scientific adviser: ***Vladimir Popov****, PhD, Senior Lecturer, Department of Screen Arts Directing, T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts*

3. **Kenzhegul Dzhurabaeyva**. Modern technological aspects of teaching national stage speech in the Dariga Turankulova’s classes (2nd year master's student, specialty "Artist of the spoken genre", T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts)

Scientific adviser: ***Ordabek Khozhamberdiev****, PhD, Associate Professor, Department of Stage Speech, T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts*

4. **Timur Koesov**. “Innovative experiments "Gesamtkunstwerk" in the works of artists of the Kazakh theater” (1st year master's student, T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts)

Scientific adviser: ***Kabyl Khalykov****, PhD, Professor, Department of Scenography, T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts*

5. **Darina Manapova**. "The image of a teenager in the films of Emir Baigazin" Lessons of Harmony", "Wounded Angel", "River" (1st year master's student, Department of Cinematography, Faculty of Academy of Film and Television, Turan University, Almaty)

Scientific adviser: ***Aybarsha Bozheeva****, PhD, associate professor, Department of Cinematography, Faculty of Academy of Film and Television, Turan University*

The speakers showed the high scientific level of the undergraduates and their skills in working with sources. The expert commission, having studied the received materials, came to the following conclusions:

1. Articles of undergraduates are written in accordance with the topic of the dissertation, are independent research and are ready for publication;
2. The topic of the work affects the humanities and is carried out at the intersection of sciences;
3. The discussion of the work of the undergraduates was active, they asked questions, expressed their wishes and assessed the performances;
4. It is necessary to strengthen the responsibility of scientific leaders in the preparation of scientific papers submitted for publication in various collections and journals.

The results of the conference were summed up by the vice-rector for scientific work of T. K. Zhurgenov KazNAA, Doctor of Philosophy, Professor Kabyl Khalykov, who emphasized that participation in the conference is a scientific experience that allows you to learn how to defend your idea, prove, cite sources, and discuss.

More than 50 applications were submitted for the conference. Some of the submitted articles were rejected for non-compliance with the requirements. Based on the results of the general analysis by the staff of the scientific editorial department, the following shortcomings were identified that must be avoided in subsequent works:

1. The scientific apparatus in some works did not always meet the requirements (including the number of words in the annotation at least 70, the structure of the text, the methodology and research results);
2. The supervisor, course and specialty of the master's student was not always indicated;
3. The design of links and the list of sources did not always correspond to the modern requirements of GOST;
4. In some works, the text did not contain analytical studies and conclusions.

Айдын Мақсат,
Т. Қ. Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы қ., Қазақстан
maksat.kapal@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:
Мурсалимова Гульнара Амангельдиновна,
өнертану кандидаты, доцент

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ КИНО ӨНДІРІСІНЕ ТИГІЗГЕН ВИЗУАЛДЫ ӘСЕРІ

Аңдатпа. Операторлық өнердің қарқынды дамуы кино өнерінің және кинотехниканың дамуымен тұспа-тұс, әрі тығыз байланысты. Кинематографияның әлемді мойындатқан жетістіктері де өз кезегінде операторлық өнердің дамуымен етене байланысты. Жаңа технологиялардың жыл сайын дамуы киноөндірісін көптеген жетістіктерге жеткізуде. Бұл мақалада автор киноиндустирядағы жаңа технологиялардың дамуы туралы өз пікірін білдірген . Оны әр кезеңдерге бөле отырып, жаңа технологиялардың жетістіктерін атап өткен. Сандық кинокамералардың кино өндірісіне тигізген әсерін қарастырған.
Тірек сөздер: кино камера, кино техника, кино өндіріс.

Аннотация. Бурное развитие кинематографии тесно связано с развитием кинематографии и кинематографии. Всемирно известные достижения кинематографии, в свою очередь, связаны с развитием кинематографии. Ежегодное развитие новых технологий приводит к многим достижениям в киноиндустрии. В этой статье автор комментирует развитие новых технологий в киноиндустрии. Разделив его на разные этапы, он отметил достижения новых технологий. Учитывая влияние цифровых кинокамеров на производство фильмов.
Ключевые слова: кинокамера, кинооборудование, кинопроизводство.

Abstract. The rapid development of cinematography is closely related to the development of cinematography and cinematography. The world famous achievements of cinematography, in turn, are associated with the development of cinematography. The annual development of new technologies leads to many advances in the film industry. In this article, the author comments on the development of new technologies in the film industry. Dividing it into different stages, he noted the achievements of new technologies. Considering the impact of digital cinema cameras on film production.
Keywords: movie camera, film equipment, film production.

Әлемдік технологиялардың дамуы кино өндірісіне де әсер етті. Жалпы кино түсіру технологиясы мен техникасы алғашқы фильм түсіргеннен бастап

дамып келеді. Кинонның дамуы әрдайым камера, операторлық техникалар, дыбыстық техникалар, монтаждың және түрлі жарықтардың жетістіктеріне байланысты. Кино өндірісі көбінде технологиялық жетістіктер мен кинематографиялық революцияның алдыңғы қатарында болды.

Біз жаңа технологиялардың түсірілімдегі жетістіктерін фильм көру барысында байқаймыз. Фильмнің визуалды және дыбыстық эффектілері, графикасы, дыбыстың шығу техникасы көрген адамды таңқалдыратына айтпасада белгілі. Кино өндірісінің даму тарихы 1895 жылы ағайынды Люмьерлердің Гранд кафесінде көрсеткен «Поезздің келуі» көрермендердің болашақ фильмдерге деген қызығушылығын туғызды. [1]

Кинопроекциядан бастап компьютерде өндірілген заманауи графикалық фильмдерге дейін индустрия түсірілімге арналған жақсы идеяларды енгізуді жалғастыруда. Сөзімнің дәлелі ретінде кино өндріс тарихындағы төңкеріс жасауға көмектескен жеті технологиялық жетістіктерін айтуға болады. Фильм жасау революциясы және кино өндірісін өзгерткен технологиялық жетістіктер бүгінгі киноиндустриясында әр түрлі процестерде техникалар мен жабдықтар қолданылады. Олар жоғарғы сапалы камералар, компьютерде құралған графикалар мен фондар. Өңдеудің ерекше әдістері мен арнайы эффектлерден бастап 8К цифрлы камераларды қолдануға дейінгі аралықта кинематографистер жаңа стильдер мен тапқырлықпен тәжірибе жасауды жалғастыруда.

Киноиндустрияны бүгінге деңгейге жетелеген жетістіктер:

Біріншісі Ағайынды Льюмерлердің қараңғы бөлмелерде қозғалмайтын кескіндерді проекциялайтын негізгі фильм түсіру әдістеріне қарағанда, ағайындылар кинокамераны ойлап табу арқылы қозғалыс жасаған болатын.

Екінші Джордж Мелістің 1902 жылғы «Айға сапар» деп аталатын 14 минуттық ғарыштық фантастикалық фильмі.

Үшінші фильмдердегі түрлі-түсті бейнелерді енгізу еді.

Төртінші фильмдерге дыбыстың қосылуы. Фильм жасау саласы үшін тағы бір үлкен жетістік болды. Дыбыстық эффектілер мен түрлі-түсті бейнелер фильм индустриясын жаңа деңгейге көтерді.

Бесінші панорамалық форматтарды қолдану киноиндустриясындағы жаңа дәуірді ашты. Бұл фильмдердің бәсекелесі – Телевизиямен бетпе-бет келуіне мүмкіндік берді.

Алтыншы анимация туындылары осы саладағы тағы бір маңызды ревальбацияны көрсетеді.

Жетінші кинотүсірілімдерде компьютерлік графиканы қолдану өнеркәсіпте технологиялық ауқымда төңкеріс жасады. Импульстің керемет болғаны соншалық Дисней Pixar-ды миллиондаған долларға сатып алды [2].

Кинонның дамуы әрдайым камера технологиясының дамуына байланысты деп айтқанымыздай сандық камераның қолжетімділігі, киноиндустрияның бүкіл әлемде өркендеуіне мүмкіндік берді. Сандық фотографияның пайда болуы, сақтау жүйелернің жылдам трансформациясы және интернеттің дамуы цифрлық кино түсіру дәуіріне жол ашты. Біз бұл ауысудың куәгеріміз. Бірақ бұл өзгеріске карсы шығатындар да бар. Олар сандық технологияның сапасы

мен басқада техникалық жақтарын сынға алады. Бәрі бірде бүкіл әлемдегі кинематографистердің өзгеріске бейімделіп жатқанына назар аудара аламыз. Сандық технологияның оң және теріс жақтары бар екені рас, бірақ трансформацияны елемеуге болмайды. Жаңа ғасырдың кинорежиссерлері соңғы өзгерістерге дайын бола отырып және кино өнерінің соңғы жүз-жүз елу жыл ішіндегі түрлі кезеңдерді бастан өткізгендігін білуі керек.

Голливудта және бүкіл әлемде сандық форматта түсіретін камераларды пайдалану тұрақты өсуде. Соңғы кездері Голливудта бірнеше үлкен бюджетті фльмдер пленкалы кинокамералармен түсірілсе де, қазіргі кездегі кино өндірісі үшін сандық камераларды пайдалану ыңғайлы. Бүгінгі таңда Голливудтағы 90%-дан астам фильмдер сандық камералармен түсіріледі. Біздің елде бұл 100% деседе болады. Сандық камерада түсірілген фильмдерді шығару пленкаға қарағанда арзан болады. Бұл бүкіл әлем кинематографистерінің фильм түсіру кезінде цифрлы камераларды таңдауының бірден бір себебі. Бүгінгі таңда фильм түсіру үшін ұялы телефон мен ыңғайлы камераларды пайдаланып жүрген режиссерлер де бар.

Бұрын post production фильм түсірілгеннен кейінгі монтаждау жалықтыратын жұмыстардың бірі еді. Фильмдерде визуалды эффект жасау үшін кинорежиссерлер қолмен жасайтын техникаларға сүйенуге мәжбүр болды. Қазіргі кездегі монтаждаудың озық жетістіктері көмегімен сандық камерада түсірілген фильмдерде қалаған визуалды эффекттерді пайдалана аласын. Визуальды эффекттер соңғы кездері сұранысқа ие кино өндірісіндегі ерекше бағыт.

Фильм түсірілгеннен кейін де үлкен жауапкершілік болады. Бұрындары пленкаларды өңдеу және оны сақтау жұмыстары ерекше жауапкершілікті талап ететін. Қзіргі кезде цифрлық технологияның пайда болуымен өңдеу мен сақтау әлдеқайда күрделі. Бірақ фильмдермен жұмыс істеу және оларды кинотеатрларға тасымалдау бұрынғыға қарағанда оңайырақ. Фильмдерді сақтау үшін серверлер, қатты дисклер мен видео таспалар қолданады. Оларды көрсету үшін цифрлық проекторлар қолданылады.

Кино түсірілімдегі технологиялық жетістіктер кинорежиссерлерге кадрларды лезде қарап шығуға мүмкіндік береді, оларға орынсыз кадрларды дереу өшіріп, қайта түсіруге мүмкіндік берді. Сол арқылы түсірілім құны бұрынғыға қарағанда төмендеді. Пленкалы камерадан айырмашылығы кадрлар компьютерге немесе қатты дискілерге өткеннен кейін SD карталарды қайта қолдануға болады. Бұл аппараттық құралдың құнын төмендетеді.

Жаңа технологиялар фильмдер түсіру жолында ғана емес, сонымен қатар киноиндустрияның эканомикалық құрлымына да үлкен әсер етті. Аналогтан цифрлық форматқа көшу көптеген себептеге алып келді. Каржы мен қол жетімділік маңызды факторлар болды. Сандық камерасы бар кез-келген адам белгілі дәрежеде кинорежиссер бола алады. Кәсіби кино түсіру әлемінде цифрлық жүйеге көшу құрал-жабдықтармен жұмыс жасау мен таратуды жеңілдетті.

Киноны көрушілер мен көрермендер тұрғысынан виртуалды шындық құрылғылары, 3D көзілдірік, фильмдерді мобильді экранда көру және бірнеше

экранда фильмдерді көру мүмкіндігі сияқты жаңа көру интерфейстері фильмге деген көзқарасты толығымен өзгертті. Технологияның тағы бір үлкен әсері кино бизнесі немесе кино маркетинг саласында болды. YouTube, Netflix және тағыда басқалары сияқты жаңа онлайн таратылым платформалары кино бизнесін бұрынғыдан да жандантты. Жаңа технология көптеген жолдармен фильмдер түсіру, фильмдер қарау және фильмдермен бизнес жүргізу мүмкіндіктерін толығымен жеңілдетіп, кеңейтті. [3]

Кинода заманауи технологияны қолдану, ең алдымен, бірнеше жақсы жабдықталған гаджеттердің, құрылғылардың және кинематографистерге бұрын қол жетімді емес жаңа аудиовизуалды технологиялардың арқасында мүмкін болды. Біраз уақыттан бері осы аудиовизуалды техникалар мен аппараттық технологиялар әсерлі визуалды эффектілерді оңай жасауға мүмкіндік берді.

Біз голливудтық фильмдердегі көрген барлық панорамалық көріністерді тікұшақтардан немесе төмен ұшатын ұшақтардан түсірілгенін білеміз. 60-80 жылдардағы керемет күндерде мұндай кадрларды фильмдерден түсіру өте қымбат болды. Дрондар кинорежиссерларға панорамалық немесе құстардың суреттерін аз шығынмен және әлдеқайда аз күрделілікпен түсіруге көмектесетін ыңғайлы және шынымен пайдалы технологияға айналды. Жоғарыдан фильмдер түсірудің арзан әрі тиімді құралы ретінде дрондар кино саласында тез арада тікұшақтардың сүйікті баламасына айналды.

4K технологиясы 3D эффектілерімен үйлесіп, көрнекі экшн мен фантастикалық фильмдердің басты элементіне айналды. Шындығында, бұл виртуалды шындық технологиясын және 4K ажыратымдылықтағы 3D бейнені түсіруге қабілетті Lucid VR камерасы сияқты ең соңғы камераны пайдалануды қамтиды. Бұл көрермендерге иммерсивті тәжірибе ұсыну үшін кинорежиссерларға су астындағы көріністерді түсіруге және максималды тереңдікке жетуге мүмкіндік беретін технология.

Екі камералы немесе Dual Camera VR бар виртуалды шындық - бұл әртүрлі қуыстардағы тым көп фильмдерде қолданылған соңғы түсіру технологиясы. Бір камера айналаны түсірсе, екіншісі фильмдегі кейіпкерлерді түсіреді. Екі бейнені де VR-мен біріктіру көрермендерге 360 градусқа шынайы және иммерсивті көрініс алуға көмектеседі. [4]

Қортындылай келсек әлем дамыған сайын жаңа технологиялар да дами түседі. Жаңа технологиялардың дамуы киноөндірісінде бюджетті үнемдеп қана қоймай көптеген мүмкіндіктерге қол жеткізді. Жаңа цифрлы кино камераладың шығуы фильм сапасын арттырса, дондар арқылы кең көлемдегі әуе кадрларын алуға мүмкіндіктер алды. Осының арқасында көптеген фильмдерде жоғарыдан алынған әдемі кадрларды көреміз. Соңғы кездерде фильмдерде көптеп пайдаланылатын Dual Camera VR. Алғаш түсіру аппараты пайда болғаннан бастап қазіргі кезге дейінгі киноөндірісінің жетістіктері көптеген кезеңдерді бастан өткерді. Жағарыда айтқанымдай киноөндірісі жаңа технологиялардың жаңа түрлерінің шығуы арқасында дами түседі және дами бермек. Бастысы жаңа технологияларды меңгнріп фильм түсіруде тиімді пайдалану.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Angela Bernardo, [«7 Advances in Technology that have Revolutionized the Film Industry»]. Open Mind BBVA 10 March, 2016.

2.James Murphy, [«Filmmaking Revolution 1895 to 2020»]. Raindance 18 December, 2020.

3.Atman Rathod, [«How Technology has Provided an Edge to the Filmmaking Industry»]. Raindance 9August, 2019.

4.Atman Rathod, [«How Technology has Provided an Edge to the Filmmaking Industry»]. Raindance 9August, 2019.

Аманғазы Томирис Ердосқызы
Т. К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясыныңӨнертану факультетінің Тетртану мамандығының 2 курс студенті.
Электронды почта: amangazy99@mail.ru

Аманкелді Оразбайұлы Мұқан
Ғылыми жетекшісі: Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, өнертану кандидаты

ТЕАТРҒА СЫНШЫ КЕРЕК ПЕ?
НЕМЕСЕ МАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ БІРЕР ОЙ

Аңдатпа. Бұл мақала қазіргі таңдағы қазақ тетрындағы сынының өзектілігі мен маңыздылығы сөз болады.Театр сыны саласында орын алатын мәселелер, қазіргі сыншылықтың театр мамандарына қажеттілігі, сыншылар пікірімен санасуға тиіс мәселелергекөтеріледі. Театрдың кәсіби мамандары, соның ішінде режиссерлер мен актерлердің сыншыларға көзқарастарынада мақалада орын берілген. Зерттеуші өзін толғандырғанмәселелерге бүгінгі театрдағы үдерісті талдай отырып жауап іздейді.Актерлер мен режиссерлер сыншыларжұмысынтүсінуге тырысып, ой елегінен өткізіп жұмыс жасар болса қазақ театры үлкен белестерді бағындырмақ.

Тірек сөздер: кәсібисын, актер, режиссер, театр, талдау, сахна, пікірталас, сахналық шеберлік, театртанушы, спектакль.

НУЖЕН ЛИ ТЕАТРУ КРИТИК?
ИЛИ МНЕНИЕ О СПЕЦИАЛЬНОСТИ

Аннотация. В статье рассматривается важность иактуальность критики в современном казахском театре. Вопросы в области театральной критики, необходимость современной критики профессионалов театра, вопросы, которые должны быть рассмотрены критикой. В статье также отражены взгляды профессионалных режиссеров и актеровтеатрана критиков. Ответы на свои вопросы исследователь ищет, анализируя происходящее в современном театре. Если актеры и режиссеры попытаются понять и осмыслить творчество критиков, казахский театр покорит огромные высоты.

Ключевые слова: профессиональная критика, актёр, режиссёр, театр, обсуждение, сцена, дискуссия, сценическое мастерство, театровед, спектакль.

NEED A THEATER CRITIC?
OR SOME THOUGHT ABOUT THE PROFESSION

Abstract. The article examines the importance and relevance of criticism in the modern Kazakh theater. Issues in the field of theater criticism, the need for contemporary criticism of theater professionals, issues that should be considered by criticism. The article also reflects the views of professional directors and theater

actors on critics. The researcher is looking for answers to his questions by analyzing what is happening in the modern theater. If actors and directors try to understand and comprehend the work of critics, the Kazakh theater will conquer huge heights.

Keywords: professional criticism, actor, director, theater, analysis, stage, debate, stage skills, theater critic, performance.

Қазіргі таңда Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлтттық өнер академиясының Өнертану факультетінің Театртану мамандандырылуының 2 курс студенті болған мені жиі мазалайтын сұрақтардың бірі қазақ театр сынының жайы. Қалап түскен мамандығым болғасын, сол мамандықтың арқалар жүгінің ауырлығын сезінгесін ой бөлісу қажет деп білдім. Бұл театртанушы, театр сыншысы біздің театрлар үшін қаншалықты маңызды әрі қажет? Көп жағдайда театр мамандарынан, соның ішінде актерлер мен режиссерлерден сыншлықтың аса маңызды емес екенін есітіп жатамыз. Бұл сыншылардың өз міндетін толық орындай алмауы ма әлде актерлер мен режиссерлердің айтылған сынды көтере алмауының салдарынан ба?

Бізде сыншы көп. Соның ішінде театрдың жұмысына бәрі сыншы. Кез келген қарапайым көрермен де, қолына қалам ұстаған журналист те, мұғалім де. Бұл дұрыс та шығар. Театр көпшілікке арналған өнер болғасын көпшіліктің пікір айтуы орынды. Мұның бәрі екеуара бас қосқанда, немесе асүйде өзара отырғанда айтылатын пікір алысулар. Бірақ театр туралы кім рецензия жазып, кім пікір білдіру керек? Әрине, кәсіби мамандар. «Шымшық сойылса да қасапшының сойғаны дұрыс». Кейде көлденең көк аттылар театр туралы көсіле жөнелгенде тіліңді тиып үнсіз қалатын жағдай бүгінде жиі көрініс береді. Бұл ойлантарлық жәйт. Әсіресе театр туралы кәсіби біліктілігі жоқ, бүгін егісті, ертең қамбаға жиналған жемісті жазатын мамандардың арғы күні театрдың білікті сарапшысы болып ой толғауы ойлантады. Неге бұлай?Бұл біздің театр сыншыларының театрдағы жаңа қойылымға, соны үдеріске дер кезінде, белсенді, қызу пікірталастарға араласпауынан болуы да әбден мүмкін.

Десекте, көп жағдайларда елімізде өтетін театр фестивальдерінде қазылар алқасында театр сыншылары емес актерлер мен режиссерлер отырғызуы ойлантады. Мұның өзі театрдың көрсететін өнімі – спектакльге айтылатын кәсіби сынның, бәйгеге алып келіп қосқан спектаклді кәсіби бағалауға зиян келтіру деп білеміз. Себебі дәл сыншылардай талқыланатын қойылымға бейтарап маманның талдау, ойлау және сахнада орын алып жатқан жалпы үдерістерден хабары мол кең талдауы режиссер мен актердің спектакль туралы пікірімен салыстыруға келмейді. Актер қойылым талдағанда өзі жақсы білетін актерлердің ойынына айқындық береді. Режиссер спектакльдің көркемдік деңгейіне, режиссерлік ізденістеріне, шешімін ашуға баға береді. Қалай болғанда да бұл спектакльдің көркемдік-эстетикалық тұтастығын жан-жақты толық қарастыратын талдау емес. Спектаклді толық зерделеп көрерменге, оқырманға, спектакльді орындаған актерлер мен режиссерге де түсіндіре алатын театр сыншысының талдауы болмақ. Сондықтан театр сыны керекті, қажетті мамандықтың бірі әрі бірегейі деп білеміз.Біз үшін театр сыншысы ол театрдың өткен кеткенін, бүгіні мен ертеңін, жаңалығы мен

өзектілігін толық зерттеп, білетін маман. Театртану мамандығы театрға пайдасын тигізбесе зиянын тигізбейтіні айдан анық. Барлығымыз білетін, белгілі сыншы Әшірбек Сығай шығармашылығы жайлы жазылған өнертану докторы Бақыт Нүрпейістің мақаласына үңілсек осы ойымызға жауап табамыз. Ол: «Ең бастысы сыншының қай кітабын оқысаңыз да, әр жылдарда қазақ театрларының сахнасында қойылған спектакльдерді қаз-қалпында көргендей әсерге бөленесіз. Сонымен қоса ұлттық театрларымыздың даму бағыты, олардың репертуарлық саясаты, режиссерлік шешімдер мен актерлердің бейне жасаудағы ерекшеліктеріне терең үңіліп, пікірлер түйіндеген»[1]-дейді. Демек,театртанушы актерлердің және режиссерердің жасалған жұмыстарын, сахнада сомдаған рөлінің сұлбасын баяндап, спектакльдердің мәңгі парақ беттерінде сақталып қалуына себепкер болмақ. Сонымен қатар кәсіби театртанушытеатрдың қойылымына кәсіби сын айта алуы, спектаклдіжіліктеп түсіндіріп талдағанда театрдың шығармашылық труппасына да, қалыңкөрерменге депайдалы болады деген ойдамыз. Онысыз театрда бүгін бар құбылыс өзара жалған мақтаулар, өткір сынаусыз бір жақты мадақ айту, жоқты бар деген көз байлаушылыққа ұрынамыз. Міне осының барлығы біздің театрдың дамыуына, оның сан-саласының өркендеуіне кері әсерін тигізбек.

Театртанушының негізгі көздеген мақсаты театрдың бағыт-бағдарын ашатын, сахнаға қойылатын спектакльдің көркемдік дәрежесінің неғұрлым жоғары болуына атсалыса отырып режиссер мен актерлер еңбегін жетілдіре түсу. Нәтижесінде көрерменге жол тартатын өнім – спектакльдің көркемдік сапасының артуына көмектесу. Осы жерде сөздерімнің айқындығын көрсетер және барлық жас сыншыларға қанат бітіртетін Ә. Сығайдың пікірін келтірекеткеніміз орынды болар. Ол: «... сыншыға тән сұңғылалық пен өткірлік, аналитикалық ақыл-ой ғана емес, жақсы мен жаманды саралап әділ бағасын бере білетін турашылдық керек. Бұл барлық сыншыға қажет бірден-бір қасиет» [1]-деген екен.Демек сыншының мақсаты ол тек мін айту не болмаса қорытынды жасау емес. Ол сахнадағы режиссерлік ізденісті толықтыратын соны идея тастау, актерлік ойын, сахналық шеберлік қырларын одан әрі жақсарта түсуге болатын әдістерді айқындай отырып жұмыстың көркемдік сапасын көтеру, орамды ой тастау. Спектакль жайлы нақты пікір, орынды ескертпелер айту және келесіде сол кемшіліктерді болдырмауға көмектесу. Өткенге қайта оралар болсақ сыншылықтың маңыздылығы мен қажеттілігі жоғары бағаланғандығын көре аламыз. Себебі спектакльдің сапасы төмен, сахна мәдениетіне жат, нақты мақсаты мен айтар ойы жоқ спектакльдерді сахнаға шығармауға толығымен қақылы болған. Оны біз Б. Нүрпейістің Ә. Сығай жайлы мақаласындағы үзіндіден байқаймыз: «Көркемдік сапасы төмен, көрермендердің эстетикалық талғамына жауап бере алмайтын талай спектакльдердің сахнаға қойылуына үзілді-кесілді қарсы шығып тоқтатып тастаған кездері де болған» [1]. Өкінішке орай қазіргі таңда біздер амалсыздан ба жоқ әлде талапшыл бола алмағанымыздан ба режиссерлер мен актерлерге ондай талаптыда, наразылықтыда көрсете алмаймыз. Сонымен қатар біздің міндеттерімізге театрда қарастырылуы керек

репертуарлық саясат ұстанудың бағыт-бағдарын айқындау болып саналады. Бірақ, театрларымыз, шығармашылық адамдар театртанушының осындай көмегін қажетсіне ме?

Өкінішке орай көптеген театрларда «сыншы» деген сөзді естісе тітіркеніс болып жатады. Олардың ойынша,театртанушы қойған спектакльге сын айтуы, шығармашылық ұжымның айлап жасаған жұмысына ой-пікірін білдіруі – отыра қалып«тырнақ астынан кір іздеу»- деген түсініктен алыстап кетпеген секілді. Әрине сахнада рөл сомдаған ізденімпаз актер үшін сырт көз сыншының ойын білу қызық, пайдалы. Келешекте шынайы сын образ жасаудағы жіберілген артық-кем тұстарын түзетуге көмектеседі деп біледі. Өз жұмысына сын көзбен қарауға дайын емес сахна адамдарының өз санасында қалыптастырған «өзі туралы пікірдің» сыншы көрсеткен образдан алшақтығын есіту трагедия болары анық. Сондықтан көп жағдайда «сахна падишасының» өткір сынды қабылдауының өзіндік қиындығы бар. Десекте, басқа көрші елдерде актерлер мен режиссерлердің өздері сыншыларды спектакльдеріне арнайы шақыртып, жасаған жұмысы туралы олардың ашық пікір білдіруін қажет етуі ойға қалдырады. Ал бізде керісінше, сынды тыңдаудан қашады, немесе тек бір жақты жақсы пікір айтылуын қалайды. Одан қазақ театры өсе ме? Әрине тек мақтаумен алға басқан бірде бір істі көрген жоқпыз. Сын түзелмей мін де түзелмек емес. Біздің мақсат актерлердің, режиссерлер мен спектакдің деңгейінің өсуіне үлес қосу, соған байланысты артық-кем жағын айта отырып ойландыру болып табылады. Бірақ өкінішке орай көп актерлердің сынды қабылдамай, сыртынан күңкілдеп, көңілдерінің толмай жататынын байқаймыз. Ондай жағдайда актер мен режиссер өзі жайлы«болдым-толдым» дегені. Демек бұл өнер адамының белгілі бір деңгейде тоқырауына әкелетін жағдай. Бұл өнер адамы үшін ең қайғылы, алға бастырмайтын кертартпа жәй деп білеміз.Өкініштісі тек жас буын ғана емес сонымен қатар аға буындардың да айтқан сөздері мен жазған посттарынан «Табынып жүрген жалыңды ұстаздарына сәлем!» [2] деп сыншылықтың бастауына теріс ой білдіріп жатқандығын аңғарамыз. Әрине бұл біз үшін де қазақ театры үшінде қынжылтарлық жай дер едім.

Ойымызды қорытындылай келе Ә. Сығай ағамыздың сөзімен жұмысымды тұжырымдағым келіп отыр: «Бір ғана команда бар, ол - қазақ, қазақстан командасы»[3]. Сондықтанда қай өнер түрі болмасын дұрыс бағытта дамып, деңгейінің өсуіне септігін бірге тигізуіміз қажет. Ауызбіршілігіміз түзу болғанда ғана қазақ өнері соның ішінде театр саласы басқа елдермен тең терезелес бола алады. Сыншылық болсын, қай сала болмасын өнерге қатысы болса бір-бірімен тығыз байланысты болады дер едім.

Қалай болса да біз өз саламыз бойынша оқып-тоқығанымыз бойынша көргеніміз бен түсінгенімізді жазып бөлісуді жөн көрдік. Бүгінгі қалыптасқан ақпараттар ағыны заманында жаңа қойылымды әлеуметтік желілерден «сүйіншілеп» бірінші болып айтқан, жазған сол театр сыншысы болады дегенге келісе алмаймын. Сыншы театрдың бар болмысы мен табиғатын, жұмыс үдерісін, шығармашылық ізденістерін екшелеп барып ой түюі керек. Ол бүгінгі менің таңдаған мамандығымның басты талаптарының бірі. Кәсіби

сын, қазақ театрына кәсіби көзқарас салмақты театртану ғылымының айналысатын ісі. Ал ондай ойы мен мақсаты жоқ, шынайы сыннан қашқақтайтындар театр өнерінен айналып, басын аулаққа салу керек деп білемін.

Сөзімді өз маманының иесі, мықты сыншы Ә. Сығай ағамыздың ойымен аяқтағым келіп отыр:«Қазақтың жүрегі тоқтамасын, өнердің жүрегі тоқтамасын деп отырғаным сол. Өнерін өлтіріп алған қазақ ел болып оңбайды, елінен айнып қалған жүрек - жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүрегіміз тоқтамасын!» [3] деген ойында барлығымыз үшін керекті нәр, рухани құндылық болған өлмес өнері бар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Нұрпейіс Б. «Ғибратты ғұмыр иесі» мақала https://www.oner.kz/theatre/view/6835-bakyt-nurpejis-gibratty-gumyr-iesi

2. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=4061457447245061&id=10 00014 25365046

3. https://www.inform.kz/kz/ashirbek-sygay-aytkan-10-pikir_a2721986

Амантай Дамир Канатұлы
Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының 1 курс магистранты. (Алматы, Қазақстан)
Email: damiramantay@yandex.kz

Құсайынов Шахимарден Қабиденович,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Алматы, Қазақстан)

ШӘКЕН АЙМАНОВ КИНОКОМЕДИЯЛАРЫНДАҒЫ «КАРНАВАЛДЫҚ» КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бүгінгі күнде жиі көрсетілетін кинокомедиялардың көп бөлігі көркемдік сапа жағынан айтарлықтай сын көтере алмайды және Шәкен Аймановтың фильмдеріне бәсекелес бола алмайды. Аталмыш режиссердің кинотуындылары өз кезеңінде көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген және қазіргі таңда классикалық абыройға ие. Келешекте комедиялық фильмдердің көркемдік сапасын арттыру үшін дарынды режиссердің комедиялық фильмдеріне назар салып, оларды әдебиеттанушы М.М.Бахтиннің «карнавалдық» теориясы тұрғысынан талдап, не себепті сәтті болғанын түсіну қажет. Бұл мақала осы мақсатта жазылған.

Тірек сөздер: кинематограф, кино өнері, режиссура, драматургия, Шәкен Айманов, карнавалдық, комедия, жанр.

ПРИЗНАКИ «КАРНАВАЛЬНОСТИ» В КИНОКОМЕДИЯХ ШАКЕНА АЙМАНОВА

Аннотация. Художественные качества многих выходящих на большие экраны современных кинокомедии не выдерживают критики и не в состоянии конкурировать с фильмами Шакена Айманова. Большинство фильмов вышеупомянутого режиссера в свое время сумели снискать любовь у зрителей и в нынешнее время считаются классикой. Для того чтобы улучшить художественную сторону будущих комедийных фильмов, нам сначала нужно акцентировать внимание на комедийные фильмы талантливого режиссера через призму теорий «карнавальности» литературоведа М.М.Бахтина и понять почему они получились удачными. В этом и заключается цель данной статьи.

Ключевые слова: кинематограф, кино өнері, режиссура, драматургия, Шәкен Айманов, карнавалдық, комедия, жанр.

THE SIGNS OF «CARNIVALISM» IN COMEDY FILMS OF SHAKEN AYMANOV

Abstract. The artistic qualities of many modern comedy films do not stand up to criticism and cannot compete with the films of Shaken Aymanov. Most of the films of the aforementioned director at one time managed to win the love of the audience and now they are considered as classics. In order to improve the artistic

qualities of future comedy films, first we need to focus on the comedy films of the talented director through the prism of the “carnivalism” theory by the literary critic M. M. Bakhtin, and understand why they turned out to be successful. This is the purpose of this article.

Keywords: кинематограф, кино өнері, режиссура, драматургия, Шәкен Айманов, карнавалдық, комедия, жанр.

Кіріспе.

Белгілі режиссер Ермен Тұрсынов «Telescope» жобасы аясында берген бейнесұхбатында замануи қазақ кинокомедияларына қатысты: «Это не смех, это ржачка», – деп сыни пікір білдірген болатын[1]. Ол кісінің ойынша, қазіргі таңдағы еліміздегі комедия жанры фильмдерінің көркемдік сапасы сын көтермейді. Ондай көзқарасты көпшілік көрермендермен қатар кино саласында жұмыс істейтін және оны зерттейтін адамдар да ұстануы мүмкін.

Комедия – драматургияның ең негізгі үш жанрының бірі және араларындағы ең күрделісі. Онымен айналысу үшін тек әзіл жазып, күлкілі жағдай құрастыру жеткіліксіз. Ең алдымен жалпы комедия жанрының театр және кинематограф кеңістігіндегі қалыптасу тарихын білген дұрыс. Комедия сонау антика дәуірінде пайда болып, аталмыш жанр түрлі-түрлі өзгерістер мен көзқарастарды бастан кешірген және өзге де өнер салаларынан орын тапқан. Сонымен қатар, комедияның аумақтың әрі әлеуметтік жанр екенін сезінген жөн. Бір өңірдің халқы күлкілі деп есептейтін әзіл мен жайтты басқа жақтағы ұлт өкілдері мүлде ондай деп қабылдамауы мүмкін. Дегенмен де, жер жүзіндегі адамдардың барлығында ортақ әмбебапты түсініктер мен ұқсас оқиғалар баршылық. Сондықтан да жақсы комедия шығару үшін ең әуелі сол жанрдың тарихын біліп қана қоймай, оның табиғатын түсінген дұрыс болады. Онымен қоса, режиссер комедияны қандай көрерменге дайындап жатқанын алдын-ала ұғынғаны абзал. Нәтиже фильмнің күлдіре алу функциясы одан бетер арта түседі. Міне, біздің алдымыз осындай екі мәселе қойылған. Енді солардың түбіне жету үшін біз белгілі қазақ режиссері Шәкен Аймановтың режиссурасына көңіл бөлгенді жөн көріп отырмыз.

Ол кісінің комедиялық фильмдері қазіргі таңның өзінде де классика болып есептеледі. Режиссердің өз кезінде жүзеге асыра алғаны, яғни қазақ халқы сүйсіне көретін комедиялар түсіре білгені – қазіргі кезде көптеген жас режиссерлерінің тұңғиық арманы. Сондықтан да ол кісінің комедия жанрындағы шығармашылығын саралау өте маңызды. Көркемдік сапасы жоғары комедиялық кино түсіргіміз келсе, онда сол іспен өте жақсы айналысқан тұлғаны зерттеуіміз дұрыс емес пе? Тек сонда ғана коммерциялық потенциалы жоғары әрі қазақ киносына қатысты ең алғашқы бағаны иеленетін жанрдың көркемдік сапасын жақсарту мүмкін болады.

Әдістер.

Кинокомедияның ең бастапқы мақсаты – визуал және баяндама тәсілдері арқылы адамдарды күлдіру. Ал күлдіру мен күлкі құбылысын философиялық тұрғыдан орыс әдебиеттанушысы М.М.Бахтин өзінің «Карнавалдық

теориясы» концепциясы айналасында айқындап зерттеген. Шәкен Айманов фильмдеріндегі комедия жанрының табиғатын айқындау үшін біз жоғарыда атап өткен теорияны әдіснамалық негіз ретінде қарастырамыз. Ал комедия жанры жөнінде ақпарат беру үшін қазақ әдебиеттанушысы Рымғали Нұрғалидің «Драма өнері» атты монографиясына жүгінеміз. Негізі, қазақ кинокомедиялары және Шәкен Аймановтың шығармашылығы туралы Б.Р.Нөгербек, Г.О.Әбікеева, Ш.К.Құсайынов, Н.Р.Мұқашева, Г.Қ.Наурузбекова, Б.Б.Нөгербек, А.М.Айдар, Н.Санжар сынды ғалымдар өз еңбектерінде талдаулар жүргізген.

Ғылыми зерттеулік жұмысты жүрзігу барысында Шәкен Айманов фильмдері туралы және комедия жанрына байланысты мәлімет беру үшін жалпы теориялық әдістер қолданылады. Атап айтқанда, гносеологиялық әдіс, абстрактілеу әдісі, аксиомалау әдісі, анализ жүргізу және синтез жасау әдістері пайдаланылады. Онымен қоса, талдау жүргізу мақсатын жүзеге асыру үшін эмпирикалық әдістер де назарда болады. Нақтылап өткенде, кинотанушылық, герменевтикалық, бақылау, салыстыру, жіктеу әдістері өз көмектерін тигізеді.

Нәтижелер.

Күлкі мәдениетін зерттеу барысында М.М.Бахтин ортағасырлық еуропада кеңінен тараған карнавал құбылысын мысалға алып, адамдардың екітүрлі бөлек әлемде алма-кезек өмір сүретінін дәлелдейді[2]. Біріншісін ол нақты ережелері мен қағидалары бар және ешқашан бұзылмайтын биліке бағынатын «Ресми әлем» деп сипаттайды. Ал екіншісін ол қатаң заңдылықтары болмайтын, иерархиялық түсінік кездеспейтін, о бастан ойын секілді қабылданатын, барлық адамдарға ортақтығы бар, халықтық-мерекелік формасындағы «Карнавалдық әлем» деп түсіндіреді. Карнавалдық әлемде адамдар күнделіктің өмірдің қамымен бастарын қатырмайды. Есесіне тең дәрежеге түсіп, рахаттана көңіл көтеріп, маңызды құндылықтарды астаң-кестең етеді. Ресми әлемде жиналған негативтің бәрі карнавалдық кезінде бейсаналы түрде сыртқа шығып, адамдардың жаны тынышталады.

Әрине, ортағасырлық карнавал құбылысы қазіргі таңда кездеспейді, бірақ амтосферасы мен функциясы адамзаттың мәдениетіне ықпал еткен. Бәрінен де қатты ықпалы театр және кино салаларында сезіледі. Ойлап қарасақ, театр да, кино да ойынның бір түрі. Актерлер көрермендер мен камера алдында басқа адамға айналып, рөл ойнайды. Нағыз өздері өмір сүретін «ресми әлемнен» олар «карнавалдық әлемге» аяқ басып, өзге адамға айналып кетеді. Рөл ойнап жатып актерлер кез келген адам бола алады. Ең жақсы істермен қатар зұлым атаулының ең сорақысын да істеп көреді. Өздерінің принциптері мен құндылықтарын асты-үстіне аударады. Көркем туындыны ойлап табуды көздеген авторлар, яғни режиссерлер, сценаристтер, драматургтер, әрқайсысы жұмыс барысында өзге әлемді құрастырып, сол әлемнің адамдарына айналып, нешетүрлі әрекеттерге бара алады. Ол да ойын деген құбылыстың бір түрі. Көрермен де спектакль немесе кинотуынды тамашалау барысында көз алдындағы оқиға әлеміне куәгер ретінде еніп, соның бір бөлшегіне айналады. Яғни ол да «карнавалдық әлеміне» аяқ басады.

Апокалипсис сөзі – көне грек тілінен аударғанда «аян» деген мағына бере отырып, адамзаттың басына төнетін заман ақырын бейнелейтін болашақ әлем. «Апокалипсис (гр. apokalypsis – ақиқатты ашып айтып беру; мағынасы : Құдай шындығын және оның ерігін табиғаттан тыс тәсілдермен адамға жеткізу) – 1) христиандық ілімде (философияда) ашу, ашып айту және әулиелік, көрегендік; 2) “Жаңа өсиеттің” (“Новый завет”) – Інжілдің (Библияның) бір кітабы, онда ақырзаман туралы, Айса пайғамбар мен “күпірлер” арасындағы күрес, о дүниеде болатын сот, қиямет – қайым хақында пайғамбарлық уағыздары айтылады. Бұл қасиетті жазбалардың авторы Иоанн Богослов деп саналады. Көне грек тілінде жазылған Апокалипсиске Бабыл, Мысыр, Парсы аңыздары да енген. Ондағы оқиғалар әр елдің өнерлі шеберлерін, әсіресе суретшілері мен ақындарын қызықтырып, Шығыста да, Еуропа да көптеген көркем туындыларға арқау болған.» [1, 20 б.] Бұл тұрғыда “Оксфорд” сөздігінде де адамзат баласының әлем бетінен жойылуы тұрғысында деректі ақпараттар бар: «The complete final destruction of the world, especially as described in the biblical book of Revelation. The word is recorded from Old English, and comes ultimately, via Old French and ecclesiastical Latin, from Greek *apokaluptein* ‘uncover, reveal’.» [2].

Апокалипсис және постапокалипсис тақырыбы – экологиялық, техногендік, табиғи апаттармен тікелей байланысты. Адам баласының қоршаған ортаны бағаламауының салдарынан туындап тұрған табиғи экологиялық шешілмеген өзекті мәселелер бүгінгі күннің қасіреті. Сондықтан, әлем кино өнерінде ірі корпорациялар – экожүйенің, адамзат немесе табиғаттың үлкен бөлігінің жойылуына әкелетін жалпы сценарийлік шешімдерді құрастыра білді.

Әдістер

Қазақстан басқа да әлем елдері секілді ауыр экологиялық, техногендік, табиғи дағдарыстарды бастан кешуде. Біздің заманымыздан он жеті мың жыл бұрын пайда болған, қазір экологиялық апаттың ошағы – Арал теңізі бар-жоғы 20-30 жыл ішінде көзден ғайып болса, Каспий теңізі өзін-өзі тазарту функциясын толықтай жоғалтты. Сонымен қатар, Балқаш көлі де жергілікті өнеркәсіптің кесірінен жойылу үстінде тұр. Баршамызға танымал Семей ядролық полигонында атом қаруының сынағы 30-40 жылдай жүргізілген эксперименттердің нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірген зардабы әлі күнге дейін толықтай анықтала қойған жоқ.

Адамзат баласының алғаш ғарыш кеңістігіне көтерілу саяхаты Қазақстан жеріндегі Байқоңыр ғарыш айлағынан бет алады. Алайда, оның қазақ даласына тигізген пайдасынан, залалы басым. Өйткені, ғарыш ракетасынан бөлінетін «гептил» атты улы зат жергілікті халыққа орасан-зор зиян келтіруде.

Нәтижелер

XX-XXI ғасырлардағы апокалиптикалық яғни ақырзаман бейнесі әлем кино өнеріндегі ең танымал тақырыптардың бірі. Бұл дегеніміз, апокалиптикалық фильмдер бүкіл әлемдік сұранысқа ие.

Жас режиссер Август Бломның «***Конец света***» атты туындысы Еуропа көреремендерін қорқыныш пен үрейге бөледі. Осылайша, кинематографта ең алғаш апокалипсис жанры 1916 жылы Дания мемлекетінде пайда болды. Еуропа мен Америка киносының дамуы апокалипсис тақырыбын жан-жақты зерттеуге, онымен қоса жанр эволюциясына алып келді. Кейіннен ақырзаман тақырыбы әртүрлі сценарийлік шешіммен түсіріле бастады: әлемді келімсектердің жаулауы, техногендік, экологиялық, табиғи апаттар, т.б.

Жаһандық проблемалардың туындауы (дүниежүзілік соғыс, ядролық қарудың жойқынды күші, энергия мен минералды ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы және т.б.) – кино өнерінде кеңінен орын алған апокалипсис фильмдерінің пайда болуына әсер етті.

Апокалиптикалық фильмдер белгілі бір факторлардың әсерінен әлемдік апаттың басталуын баяндайды. Бұған жарқын дәлел – дат режиссері Ларс Фон Триердің «Меланхолия» (2011 ж.) фильмі. Ал, постапокалиптика фильмдері бүкіл әлемдік апаттан кейін, яғни қоршаған ортаның қираған бейнелері мен адамның экзистенциалды сезімдерін суреттей отырып, өмірге бейімделу әрекеті аясында өрбиді. Жоғарыда аталған сипаттамаларға Альберт Хьюз және Аллен Хьюз түсірген «Книга Илая» (2009 ж.) туындысы сәйкес келеді.

Пікірталас

Қазақ энцеклопедиясында: «**АҚЫР ЗАМАН / ЗАМАНАҚЫР** – әлемнің күйреуі, тарихи уақыттың аяқталуы туралы эсхатологиялық миф. Мифтердің барлығында әлемнің пайда болуы туралы әңгімеленсе, тек эсхатологиялық мифте ғана әлемнің күйрейтіндігі туралы айтылады. Әлемдік мифологияда әлемнің күйреуіне от, топан су, індет, жойдақсыз суық себеп болатындығы туралы айтылады. Әлемнің күйреуіне Жаратқан мен оған жақтас ізгі күштердің ғаламға орнатқан тәртібі мен заңдылығының бұзылуы, зұлым күштердің араласуы, ең бастысы адамзатты азғыруынан, ақ жолдан тайдыруынан туындаған кесірлі жайттар себеп болады.» [3, 140-141 бб.]

Қазақ халқының мәдениетінде «ақырзаман» жиі көтеріле бермейтін «табу», яғни тыйым салынған сөздердің бірі. Бұл мәселеге аштық-зарзаман уақыттары әсер еткеннен болар, қазақ кино өнерінде апокалипсис (ақырзаман) тақырыбына арналған толыққанды фильмдер тізбегі жоқ. Десекте, отандық кино өндірісіне апокалиптика жанрына арналған фильмдердің болуы, елімізде туындап тұрған экологиялық, техногендік және табиғи апаттар кадр элементтердің бірі болып қана қоймай, өзекті мәселереді көтерері анық. Кинодағы апокалиптиканың ең басты элементтеріне: қоршаған ортаның яғни экологияның бұзылуы, табиғи және техногендік апаттар, пандемиялық аурулар, бүкіл әлемдік ядролық соғыс, аштық және т.б. жатады.

Жақында президентіміз Кемелұлы Қасым-Жомарат Тоқаев – ХХ ғасырда болған сұрапыл аштық-жұт тақырыптарын тереңірек зерттеу керек деген үндеу жолдады: «Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді. Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себепсалдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек. Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн.» [4, 2 б.]

«Жұт» – 1920 жылдардан бет алып 1933 жылдар аралығында қазақ халқының қабырғасын қайыстырған, әлемде бұрын соңды болмаған қайғылы оқиға. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, аштық жылдары бес-алты миллионға жуық адам көз жұмған. Қазақ халқы «Жұт» апатын ақырзаманмен салыстырады: «А. Туралы эсхатологиялық миф, ел басына күн туып, соғыс-зобалаң пайда болып, жұрт іргесі шайқалғанда, халық тығырыққа, күйзеліске ұшырағанда жанданып, ел аузында жаңғыра түсетіні байқалады. Әсіресе орыс отрашылдығы әкелген зұлмат зарзаман ақындарында А. белгісі ретінде суреттеледі.» [3, 141б.] «Жұт» тақырыбына арналған алғашқы деректі фильмдердің бірі – В.Кариннің **«Жизнь и быт Казахстана»** (1928) және Михаил Каростиннің **«Джут»** (1931). Қазіргі уақытта Жандос Еспенбетов секілді жас мамандар ашаршылық тақырыбын кеңінен көтеруде, оның

қысқаметрлі **«Жұт»** (2017) фильмі осының айғағы. Серік Әбікеннің **«Бір уыс бидай»** (2017)**,** Еркін Рақышывтың **«Ашаршылық»** (2018) атты деректі туындылары да зарзаман уақытын суреттейді**.** «Жұт» кейбір көркемсурет туындыларында да кездеседі: Дамир Манабайдың **«Ангел смерти»** (1991), Болат Шәріптің **«Заман-ай»** (1991), Тәуекел Сламбектің **«Жерұйық»** (2011)**,** Болат Калымбетовтың **«Талан»** (2018), Ермек Тұрсыноватың **«Жат»** (2015)**.**

Отандық кинематографта экология тақырыбы өткен ғасырдың 90-шы жылдарында өзекті мәселеге айнала бастады. Қоғам өмірінде болып жатқан түрлі құбылыстар, толқулар мен өзгерістер, осы кезеңдегі тарихи оқиғалар киноның, соның ішінде деректі фильмдердің негізгі тақырыбы болып табылды. Қазақстанның деректі киносы, апокалипсис тақырыбына терең үңілмесе де, кейбір элементтерін көрсете білді. Семей полиогонындағы ядролық қарудың эксперименттері, Арал теңізінің әлем картасынан жойылуы, осы және басқа да факторлардың барлығы қазақ киносындағы апокалипсис бағытының мағынасын тереңдете түсті және жалпы экологияға көбірек назар аударуға шақырды.

Адамдардың ойланбай жасаған әрекеттерінің салдарынан республикамыздың аумағында постапокалиптикалық, яғни экологиялық апатқа ұшыраған аймақтарды кездестіруге болады.

Семей полигоны. 1949 жылдан 1989 жылға дейін Семей полигонында 470 жарылыс болды, оның ішінде 88 әуе, 30 жер үсті және 357 жер асты жарылыстары: «Испытания ядерного оружия на Семипалатинском полигоне, в период с 29 августа 1949 года по 19 октября 1989 года, можно разделить на 2 этапа: 1 этап – проведение ядерных взрывов в атмосфере в период 1949 - 1962 годы. 2 этап – проведение подземных ядерных взрывов в период 1961 - 1989 годы. Подземные ядерные взрывы проводились как в вертикальных (133 взрыва в скважинах), так и в горизонтальных (215 взрывов в штольнях и штреках) выработках заложения взрывных устройств. 29 августа 1991 года Указом Президента Республики Казахстан № 409 Семипалатинский

Испытательный ядерный полигон был закрыт.» [5, 9 с.].

Осы жылдар аралығында табиғатымыз зардап шегіп, онымен қоса, үлкен мөлшерде бөлінген радиация адамдарды сәулелі ауруларына ұшыратты. Кейіннен ғалымдар жасөспірімдер мен жергілікті жастар арасында суицидтің жиі кездесетінін, генетикалық мутациялар мен ерте қартаю сынды қауіпті фактілерді анықтады. Аталып өткен проблемаларды тереңінен қозғау үшін көптеген деректі фильмдер түсіріле басталды. Ең танымал антиядролық қозғалысқа арналған алғашқы деректі туынды – **«Невада-Семей»** (1989) деп аталады. Ол көрнекті жазушы Олжас Сүлейменовтың басшылығымен антиядролық қозғалыстың құрылуына түрткі болған оқиғаларды баяндайды. Полигонның проблемалары туралы басқа да деректі хроникаларда көтеріледі: С. Шафир **«Невада-Семипалатинск»** (1989), В. Рерих **«Карааул»** (1989), О. Рымжанов **«Шаг от пропасти»** (1989), С. Шафир **«Небо в облаках»** (1989), Т. Бейсенов **«Эхо первого крика»,** (2002), К. Нурмагамбетов **«Полигон»**, А. Мансурян **«Испытание»** (2019). Мұрағат материалдарынан жиналған аталмыш деректі фильмдер полигонның жабылу мәселесін көтере келе,

халықтың мұң-мұқтажын жеткізе білді. Қазақ үшін қайғылы жағдайға айналған Семей полигоны мен сол аймақтағы жергілікті халықтың тағдыры жайында көркемсуретті туындылар саны саусақпен санарлық: Болат Қалымбетов **«Айналайын»** (1990), Сатыбалды Нарымбетов **«Молитвы Лейлы»** (2002), Рүстем Әбдірашев **«Подарок Сталину»** (2008).

Арал теңізі. Алып және көне теңіздің әлем бетінен жойылып, артынан экологиялық проблемаларды туындатқан адам баласының өзі. Өйткені, мыңдаған жылдар бойы Арал теңізіне құйылатын Сырдария мен Әмудария өзендерін бөгеп егістікке пайдаланған: «Қазіргі кезде Арал теңізі екі су айдынына Үлкен және Кіші теңізге бөлінген. Арал теңізіндегі суы тартылған бөліктің ауданы 30 мың км² жетеді. Ғалымдардың есептеуі бойынша, теңіз табанынан атмосфераға жылына 200 млн тоннаға дейін тұзды шаң-тозаң ұшады. Теңіз суының шегінуінен оның жағалауындағы 800 гектар тоғай, жануарлар дүниесі жойылып, теңіз айналасы бұл күнде тіршілігі жоқ құмды, сортаң жарамсыз жерлерге айналды. Теңіз суының тартылуынан мұнда теңдесі жоқ Барсакелмес қорығы жойылды. Бұл өзгерістер өз кезегінде сол аймақ тұрғындарының денсаулығына кері әсерін тигізді.» [6, 3-4 бб.].

Ең алғаш Арал теңізіне арналған **«Аральское море»** атты деректі фильмді А. Ананьев пен Г. Новожилов 1963 жылы түсірді. Туындыда біріншіден, теңіздің әлем картасынан жойыла басатаған кезеңін баяндаса, екіншіден, Арал теңізін сақтап қалу жолдарын көрсетеді. Ал 1978 жылы көрермен көпшілікке Эльер Ділмұхамедовтың **«На острове Барса-Кельмес»** атты картинасы ұсынылды. Онда Арал теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан Барсакелмес аралының табиғи ерекшеліктерімен таныстырады. Кейіннен 1988 жылы В. Беляловтың **«Соленые слезы Турана»** мен Н.Раисовтың **«Реквием по Аралу»** атты деректі фильмдері жарық көрді.

С. Әзімов пен С. Махмутовтың, **«Жоктау» «Хроника мертвого моря»** (1988) және **«Жоктау спустя 20 лет»** (2011) атты туындылары Арал теңізін халықпен бірге жоқтап, көрерменге басу айтқандай болды. Режиссерлердің басты көтеріп отырған тақырыбы – адам баласының жер бетін дұрыс иеленбеуінің нәтижесінде туындаған ірі экологиялық қасірет. 1991 жылы С. Махмутов С. Әзімовтан бөлек, Г. Емельяновпен бірге **«Арал-судьба моя»** атты деректі туындысын түсірді. Әйгілі кинотанушы Бауыржан Нөгербек **«Жоктау» «Хроника мертвого моря»** (1988) деректі фильмі жайлы былай дейді: «Режиссеру Сергею Азимову хватило мужества вынести в название концепцию фильма. Да, это плач народа и плач художника Азимова по земле своих предков, по уже мертвому морю. Арал ушел на десятки километров, выросло новое поколение детей, никогда не видевших сказочно голубое море. Но умирающий Арал живет в душах людей, в их упорном стремлении не стать мигрантами на своей собственной земле. Казахстан большой, но они не уедут никуда – будут ждать возвращения моря. И хоронит народ под старинные плачи-жоктау не пожилых стариков, а новорожденных детей, своих внуков. И земля, пропитанная водами умирающего моря, не принимает их» [7, 207 с.].

Жас режиссерлеріміздің жер-анасын сүйетіндігінің бірден-бір айғағы, бүгінгі таңда Арал теңізіне қатысты деректі фильмдер саны артуда: В.

Грудниская **«Уходим в Море»** (2011), Е. Бекхожин **«Аральская катастрофа: пути решения»** (2018), А. Мамашулы **«Старик и море – фильм о возвращении надежды»,** (2019) К. Бейсекеев **«Последний корабль»** (2020).

Экологиялық апат аймағына айналған Арал теңізі жайлы 1989 жылы түсірілген алғашқы көркемсуретті туындылардың бірі – Едіге Болысбаевтың **«Ұлтуған»** фильмі. Бұл фильмнің алдында Арал теңізінің жай-күйін қысқаша суреттеп өткен Рашид Нұғмановтың әйгілі **«Игла»** (1988) картинасы болды. Кейіннен режиссер Р. Нұғманов 1993 жылы **«Дикии Восток»** фильмін Арал теңізінде түсірді.

Арал теңізі мен тұрғындарының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін бейнелеген жылдың үздік картиналары ретінде – **«Теңіз қасқыры»** (2012, А. Бектібаев) атты қысқаметрлі фильмі мен **«Бөпем»** (2015, Ж. Исабаева) және **«К последнему морю»** (2017, Ж. Шураева) туындыларын атауға болады. Ал, 2013 жылы Бахтиер Худойназаров өзінің **«В ожидании моря»** фильмінде Арал апаты тек Қазақ халқының ғана қасіреті емес, сонымен қатар, бүкіл Орта Азия елдеріне ортақ проблема екендігін жеткізді.

Қорытынды

Еліміздегі экологиялық апат аймақтарында түсірілген көптеген фильмдерді талдай келе, ақырзаманға арналған толыққанды картиналардың жоқтығын байқауға болады. Бауыржан Нөгербектің сөзімен айтқанда: «Жоктау: хроника мертвого моря» Азимова, «Полигон» Рымжанова и Рериха, по-сути, есть фильм-плач, жоктау по мёртвой земле, мертвому морю, по умирающему народу. Эти картины современны и фольклорны, национальны и общечеловечны» [7, 173 с.].

Қазақ киносындағы апокалипсис тақырыбы өзекті болғанымен, белсенді отандық режиссерлердің қатары аз. Ұлттық сана мен мәдениет тұрғысынан кино өндірісінде «апокалипсис» өмір сүруге құқылы. Себебі күрделі мәселелерді көтеріп, олардың шешімі мен терең мазмұнды апокалиптикалық бейне арқылы кинематографиялық стильді одан әрі дамыта алады. Қазақ кино өнері әлемдік кино сахнасында бәсекеге қабілетті болу үшін барлық жанрларды игере білуі тиіс.

Бұрынғы Семей ядролық полигонының техногендік апаты, әлем картасынан жойылған теңіздің экологиялық проблемалары, мегаполистердің ластануы елдің әрбір тұрғынын алаңдатуда. Келер ұрпақ өсіп-өнетін ортақ жер әлемімізді сақтап, қорғап қалу біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зағыпаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. – Павлодар: ПМПИ, 2011. – 138 с

2. "Apocalypse." Oxford Reference. ; Accessed 1 Apr. 2021. [Электронный ресурс] // URL: https://www.oxfordreference.com/view/10.1093/oi/authority.20110803095418920. (Дата обращения: 01.04.2021).

3. Сейіт Қ. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі 1 том. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – (иллюстрацияланған) 738 бет

4. Кемелұлы, Қ.Т. Тәуелсіздік// Егемен Қазақстан Егемен Қазақстан. – 5 қаңтар. – Б. 2.

5. Назарбаев Н.А., Школьник В.С., Батырбеков Э.Г., Березин С.А., Лукашенко С.Н., Скаков М.К. Проведение комплекса научно-технических и инженерных работ по проведению бывшего Семипалатинского испытательного полигона в безопасное состояние: в 3 т. Т.1. – Курчатов: Национальный ядерный центр РК, 2016. - 318 с.

6. Майкотова Ғ.Т. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әлеуметтік экология мәселелері. Оқу құралы. Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Қазақ университеті» баспасы, 2013. – 200 б.

7. Ногербек Б.Р. Кино Казахстана. – Алматы: НПЦ, 1998 – 272 с.

Баджанова А. Ж.
Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазақҰӨА
Магистранты
aktolkyn.badzhanova@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: **Мурсалимова Г. А.**
өнертану кандидаты, доцент

ДЫБЫС ПЕН МУЗЫКАНЫҢ КИНЕМАТОГРАФТАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Кино өнері пайда болған сәттен бастап түрлі тәжірибелерді басынан өткерді. Соның қатарында, дыбыссыз кезеңнен дыбысты кезеңге өтуі қиындықпен келсе де, бүгінгі күні дыбыс пен музыканың шектеусіз мүмкіндігін жоғары дәрежеде пайдаланып жүрген режиссерлер жетерлік. Музыка, кейде фильмге арналған әндер тағамның дәмдеуішіне ұқсайды. Оларсыз сіз оқиғаны білесіз, бірақ сіз оған толықтай ләззат ала алмайсыз, барлық ингредиенттерді толықтай дәмін тата алмайсыз, нәзік дәм ноталарын сезесіз. Музыкалық сүйемелдеудің ең айқын және сонымен бірге маңызды мақсаты - әртүрлі көріністерді тамашалаған кезде көрерменнің эмоциясын көтеру. Мұнда нақты мысалдар келтірудің қажеті жоқ. Біз бәріміз байқадық, кейіпкерлер бөліскенде қайғылы әуен жиі ойналады; маньяк құрбанды қуған кезде қатты музыка естіледі; комедияларда көңілді тоқтамау үшін кейде қалжыңсыз орындар көңілді музыкамен толтырылады; және Энди Дюфрейн Шавенк түрмесінен қашып, түрме шапанын шешіп алғаннан кейін, қарқынды музыка сабырлы әуенге ауысып, жеңіске жеткен фанфаға жол ашады. Егер көрерменнің жүрегі тыныш болса, ал актерде көрерменге жету үшін шеберлік жеткіліксіз болса, онда музыка мұзды ерітіп, суретшінің көмегіне жүгіне алады.Мақалада дыбыс пен музыканың кинематографта, белгілі бір сахнада атқарар рөліне тоқталып, толығырақ мәлімет беру көзделді. Мысал ретінде қазақ кинематографынан ойып тұрып өз орнын ала алған фильмдер таңдалды.

Тірек сөздер: дыбыс, музыка, дыбыс эффектілері, қазақ киносы.

Аннотация. Искусство Кино переживало различные переживания с момента своего появления. В том числе, несмотря на то, что переход от беззвучного к звуковому этапу затруднен, на сегодняшний день достаточно режиссеров, которые пользуются неограниченными возможностями звука и музыки. Музыка, а иногда и песни к фильму, напоминают приправу к блюду. Без них вы знаете историю, но вы не можете наслаждаться ею в полной мере, вы не можете попробовать все ингредиенты в полной мере, вы чувствуете тонкие вкусовые нотки. Самая очевидная и в то же время важная цель музыкального сопровождения - поднять эмоции зрителя при просмотре различных сцен. Здесь не нужно приводить конкретные примеры. Мы все заметили, что грустная мелодия часто воспроизводится, когда герои делятся; звучит громкая музыка, когда маньяк преследует жертву; в комедиях иногда места без шуток заполняются веселой музыкой, чтобы не останавливаться на

достигнутом; и после того, как Энди Дюфрейн сбежал из тюрьмы Шавенка и снял тюремный халат, интенсивная музыка переходит в спокойную мелодию и уступает место победившей фанфе. Если у зрителя спокойное сердце, а актеру не хватает мастерства, чтобы попасть к зрителю, то музыка может растопить лед и обратиться за помощью к артисту.В статье речь шла о роли звука и музыки в кинематографе, на определенной сцене. В качестве примера были выбраны фильмы, которые уже успели занять свое место в казахском кинематографе.

Ключевые слова: звук, музыка, звуковые эффекты, казахское кино.

Abstract. The art of Cinema has experienced various experiences since its inception. In particular, despite the fact that the transition from the silent to the sound stage is difficult, today there are enough directors who use the unlimited possibilities of sound and music. The music, and sometimes the songs for the film, resemble a seasoning for a dish. Without them, you know the story, but you can't enjoy it to the fullest, you can't taste all the ingredients to the fullest, you feel the subtle taste notes. The most obvious and at the same time important goal of the musical accompaniment is to raise the emotions of the viewer when viewing various scenes. There is no need to give specific examples here. We've all noticed that a sad melody is often played when the characters share; loud music is played when the maniac is chasing the victim; in comedies, sometimes the places without jokes are filled with cheerful music, so as not to stop there; and after Andy Dufresne escaped from the Shawank prison and took off his prison robe, the intense music turns into a calm melody and gives way to a winning fanfare. If the audience has a calm heart, and the actor does not have enough skill to get to the audience, then the music can melt the ice and turn to the artist for help.The article was about the role of sound and music in cinema, on a certain stage. As an example, films that have already taken their place in the Kazakh cinema were selected.

Keywords: sound, music, sound effects, Kazakh cinema.

Музыка кинода пайда болған сәтке дейін оның болуы өнердің кейбір түрлерінде ғана атап өтілді, мысалы: балет, опера немесе театр. Музыкалық-бейнелік серияларды қабылдаудағы айтарлықтай айырмашылықтарға байланысты, біріншісі, эстетикалық құндылықтар визуалды эффектке негізделген мүсін, сәулет және кескіндеме өнерінің мұндай түрлерінде мүлдем қолданылмайды. Сонымен бірге әр түрлі аралас өнер эволюциясы музыканың кинематографияға терең енуіне әкелді. Сол уақыттарды тек дыбыссыз кинотеатр болған, техникалық құралдар жеткіліксіз болғандықтан әндер экрандардан шықпайтын, фильмді визуалды қабылдау үшін музыканың рөлі жете бағаланбаған, композициялар тек экранда болып жатқан барлық оқиғаларды жиі көрсете алмайтын музыкалық сүйемелдеулер болды. 20-шы жылдары дыбыс дәуірі басталды. Дыбыстық киноға көшу кино тіліне қатысты сыртқы себептерден туындады. 1925 жылы банкроттық алдында тұрған Warner Bros (Warner Bros) қауіпті дыбыстық жобаны іске қосу арқылы өз істерін жақсартуға тырысты. Сәтті тәжірибеден кейін басқалары оларға қол

жеткізді. Ақыр соңында, барлық басқа компаниялар дыбысқа ауысудан басқа ештеңе қалмады. 1926 жылы Warner Bros негізінен музыкалық нөмірлерден тұратын бірнеше дыбыстық Фильмдер шығарды. Бірақ олар көп жетістікке жете алмады-сәттілік тек "джаз әншісі" (1927) фильмімен келді, онда әйгілі музыкант Аль Джолсонның нөмірлерінен басқа, оның қысқа көшірмелері де болды. Дыбыстық кинотеатр экрандағы кейіпкердің тірі сөйлеуімен бірге пайда болды және 6 жылы 1927 қазанда – премьера күні – дыбыстық кинематографтың туған күні болып саналады.

Кино – синтетикалық өнер. Оның бойында уақыттық және кеңістік өнердің қасиеттері қатар ұштасқан [1, 346 б]. Француз өнертанушысы (тегі бойынша – итальян) Риччотто Канудо киноның осы қасиетін атап өтті. «Жеті өнер манифесінде» (1911) ол кино өнердің: сәулет, музыка, кескіндеме өнері, мүсін, поэзия және би секілді алты түрінің бірігуі нәтижесінде пайда болды деп тұжырымдады [1, 349 б].

«Өркениеттердің Музыкалық психологиясы» атты кітабымда, өзінің сезімдік болмысының барша пластикалық және ритмикалық күштерін ойына сақтап қалғысы келген алғашқы дәуір адамының осы мұқтаждығын Архитектура мен Музыка жүзеге асырғанын айтып едім. Алғашқы үйін салып, өзінің алғашқы биін қарапайым дауыстың сүйемелдеуімен билеп, ритмді табанымен жерді қағып тапқан ол Архитектура мен Музыкаға тап болды. Кейін, алғашқысын өз жадында мәңгілікке сақтап қалғысы келгентірі жандар мен заттардың суретімен безендіріп, биді, өз сезімінің мүшеленген тұрпаты – сөзбен – толықтырды. Осылайша, Мүсін, Кескіндеме мен Поэзияны ойдап тапты; кеңістік пен уақыт ішіндегі мәңгілік туралы арманын айқын бейнелей түсті. Сол сәттен эстетика оның тұла бойын жаулап алды [3].

Кино - бұл визуалды ғана емес, сонымен қатар аудио-визуалды өнер және оны режиссерлер образдың мағынасын күшейтетін драмалық элемент ретінде, өз алдына баяндау құралы ретінде де қолдана алады. Себебі, ең алдымен, дыбыс ерекше эмоционалды жағдай жасай алады және көрерменнің экран бетінен көріп отырған бейнені қабылдауын және түсінуін қажетінше бағыттай алады [2, 264 б].

Дыбыс – кино өнерінің ең күшті техникасының бірі деуге бірнеше негізгі себеп бар. Біріншіден, ол қабылдаудың ерекше әдісі. 1926 жылы дыбыс жазатын құрылғы пайда болғанға дейін дыбыссыз фильмдер оркестрмен, органмен немесе фортепианомен сүйемелденетін. Ондай музыка тым құрығанда тыныштықты толтырып, көрермендерді біршама әсерге бөлейді [4, 3 б].

Ең кереметі, естуге елігу Совет режиссеры Сергей Эйзенштейннің «сезімдер синхронизациясы» деп атаған, бейне мен дыбысты біртұтас етіп біріктіретін бірыңғай ритм немесе жоғары сапа құру мүмкіндігіне жол ашады. Көрініс пен дыбысты біріктіру адам түйсігінің тереңінде жатқан қатпарларға да қозғау салады. Сәбилер өзі көріп тұрған нәрсеге көбіне өз еркінен тыс дыбыс қосады. Егер дыбыс пен көрініс қатар пайда болса, оларды екі емес, тұтас бір оқиға ретінде қабылдауымыз керек. Дәл осылайша санамыз да кадрдан бір заңдылықты немесе баяндауға байланысты туындайтын

заңдылықты іздейді. Біз еріннің қозғалысы мен айтылған сөздің сәйкес келу заңдылықтарын іздеуге бейімбіз. Біздің аудио-визуалды араластыруға бейімділігіміз күнделікті әрекеттерімізден де, музыка, театр және кино сияқты өнер түрлерімен де айқындалмақ [4, 3 б].

Дыбысты кино кезеңіне жетуде аса көп тәжірибе жасағандар француз өнертапқыштары болды. Дыбысты кино пионерлері қатарында Огюст Барон, Анри Жоли, Леон Гомон, Феликс Месгиш және Шарль Пате есімдерін атауға болады. Алғашқы дыбысты фильмдер тәжірибесі 1900 («Немой меломан», «Лолотта», «Казино де Пари») жылдан көрсетіле бастайды [5].

Кристиан Мец кинода бес ақпараттық арна бар екенін айтады. Олар: визуалды кескіндер, графика, сөйлеу, музыка және дыбыстық эффектілер. Бұл арналардың көпшілігі визуалды емес, аудио бағытта екендігін байқауға болады [6, 204 б]. Бұл өз алдына визуалды бейне мен аудионың аудиторияға әр түрлі әсер ететіндігін білдіреді. Көріністер ақпарат беруге тырысса, дыбыста эмоция бар. Сол эмоция арқылы көріністің мағынасы мен драмалық әсерін күшейтуге болады. «Жас аккордеонистің өмірнамасы» (1995) фильмінде алғашқы сахнадан-ақ дыбыстар естисіз. Бозбаланың монологы, құстардың шырылы, сыңғырлаған қоңырау үні, оқушылардың шуыл қағуы сіздің фильмдегі атмосфераны терең сезінуіңізге көмектеседі.

Дәрежан Өмірбаевтың көп фильмдерінде кейбір әрекеттер тікелей емес, жанамалай, немесе жасырын көрсетіледі. Қимылды дыбыспен немесе керісінше дыбысты қимылмен көрсету аталған автордың барлық шығармаларындағы өзіндік шешім үлгісі болып табылады [9, 179 б].

Дыбыстың қолданылуын тұтас қарастырғанда немесе әрбір пландағы мағыналық рөліне үңілгенде байқайтынымыз - дыбыстың шынайылығы көріністің шынайылығына тікелей әсер етеді [7, 124 б]. Кеңістікпен қоса уақыт та пайда болады. Кеңістіктегі маңызды нәрсе - кеңістікті сезінуге қол жеткізу. Жаңғырық сынды «қоршаған ортаның табиғи шуы» (room tone) жетістіктің көрсеткіші. Дыбыс уақыт сезімін де тудыруы мүмкін [6, 205 б]. Өз табиғаты тұрғысынан алғанда, кино кеңістікте және уақытта өмір сүруге ұмтылады. Кеңістік пен уақыт синтезі – экран өнерінің мәні [1, 346 б].

Дыбыс, басқа техникалар сияқты көптеген мүмкіндіктерді ұсынады. Бірақ режиссер фильмнің жалпы көрінісіне қабылдаған бұл шешімінің қалай сәйкес келетінін әрі көрермендердің қалай қабылдайтынын негізге ала отырып, олардың қайсысын таңдау керек екенін өзі анықтауы тиіс [4, 2 б]. «Ине» фильмінде (1988) басты кейіпкер Моро дүңгіршекке кіріп, телефонмен сөйлесе бастайды. Мороның сөйлескен адамының дауысын бізге режиссер естіртпейді. Демек, режиссер көрерменнің толық диалогты естігенін қаламады.

Сонымен қатар дыбыс тыныштыққа жаңа мән береді. Үнсіз, тыныш эпизодтар адамды ауыр күйге түсірсе, шудың ішінде кенеттен пайда болған тыныштық бізді селт еткізуі мүмкін. Фильмдерде дыбыс сияқты тыныштықтың да мағынасы болады. Кинематограф дыбысты болғаннан бері көріністің әсері күшейіп, үнсіздік драмалық элемент ретінде өзіне назар аударта бастады [8, 145 б]. Дыбыстың минималды қолданылуы және кейбір

сәттерде мүлдем жоқ болып кетуге дейін кең спектрде қолданылуы мүмкін. Керемет күңгірт шу, найзағайдың дыбысы мен диалогтың кенеттен үзілуі кезінде туындаған тыныштық алпауыт әсер қалдырады Мысалы, «Оның уақыты келеді» фильміндегі Шоқанның астан-кестен болған күйін көрсету үшін тыныштық қолданылады. Н. Чернышевскийдің өлім хабарын естігендегі тыныштық өзекті өртейді.

Қазіргі фильмдердің көбі алдымен бізді құлағымыз арқылы баурап алады. 1920 жылдардың соңына қарай түсірілген фильмдерде көрермендер алғашқы сөздерден бастап өздерінің не естіп тұрғандарын аңғара алмайтын [4, 2 б].

Әр түрлі онтологиясы бар үш негізгі элемент фильмнің дыбыстық әлемін құрайды. Олар: *әңгімелер, музыка* және *эффекттер.*

Соның ішінде кино өнеріндегі музыканың рөліне тоқталып өтейік. Бізге тарихтан белгілі болғандай, композиторлар одағы 1939 жылы Алматыда құрылады. Қазақ өнерінің дамуына байланысты талантты композиторлар театр қойылымдары, пьеса, спекталь, кинофильмдерде музыка бағыты бойынша бой көрсете бастайды.

Осы тұста *Ахмет Жұбановтың* есімі алғашқылардың бірі болып аталуында үлкен мән бар. Атақты композитор Ахмет Жұбанов Михаил Гнесинмен бірлесе отырып, «Амангелді» (1938 ж, М. Левин) тарихи туындысының музыкасын жазады.

Евгений Брусиловский – Қазақ композиторлық мектебінің корифейі «Дала қызы» (1954, Ш. Айманов), «Бұл Шұғылада болған еді» (1955, М. Бегалин), «Оның уақыты келеді» (1957, М. Бегалин) атты кинотуындылардың музыкасын әрлейді.

Латиф Хамиди – «Абай әндері» (1945 Г. Рошаль, Е. Арон) фильмімен есте қалды.

Мұқан Төлебаев – атақты композитор «Советтік Қазақстан» кинолентасының музыкалық көркемдеуімен айналысқан. Н. Крюковпен бірлесе отырып, «Жамбыл» (1952, Е. Дзиган) кинофильмінің композиторы.

Нұрғиса Тілендиев – керемет композитор, «Қазақфильм» студиясының музыкалық жетекшісі көптеген кинофильмде өз қолтаңбасын қалдырды. «Менің атым Қожа» (1963, А. Қарсақбаев), «Қыз Жібек» (1970, С. Қожықов) т.б. Қазақ анимациясында ойып алар орны бар туындылардың музыкамен әрлеуі осы атақты тұлғаның еңбегі.

Кейбір режиссерлер музыканы пайдалануды жөн көрмегенімен, көптеген режиссерлер музыканы осы өнердің маңызды бөлігі деп санайды. Осы мәселе бойынша поляк режиссері Анджей Вайда [8, 91 б] келесі пікірді айтуда: Менің тәжірибелерім киномузыканың (film score) тағы бір қырын көрсетті. Қандай қызықты тақырып болмасын, ол кино көрермендерді ұзақтығымен шаршатады. Көрермен шаршады-ау деген сәтте музыка орналастырылса, көрермен қайта тіріледі. Осы таңқаларлық элементтің арқасында ол диалог немесе актердің сөздеріне қызығушылық таныта бастайды. Қазіргі уақытта музыканың бұл қызметіне үлкен мән беру керек, өйткені фильмнің ұзақтығы артқан сайын ол жердегі диалогпен өрбитін әңгімелер көбеюде.

Жалпы музыканы қарастыра отырып, оның негізгі үш міндетті атқаратындығы көрінеді. Олар: фондық музыка ретінде, қолдаушы ретінде және лейт-мотив ретінде қолданылады. Олардың функцияларын келесідей тізуге болады: Музыка сахнаның рухы мен атмосферасын құра алады, кадрдың соңғы нүктесін қоя алады, екі кадрды жалғай алады, шиеленіс тудырады, қолдайды немесе төмендетеді, ырғақты көрсетуге көмектеседі немесе түсірілімде ассоциативті мағына жасайды немесе айрықшалай түсу үшін қолдануға болады [10, 81 б]. Музыканың тағы контрапункт, лейтмотив, лейтмотив-ән, кадр сыртындағы және ішіндегі музыка деп қарастырылатын міндеттері тағы бар.

Кез-келген ойдың немесе пікірдің фильмде көрініс табуы арқылы семантикалық қатынасты қамтамасыз ететін *«лейт-мотив»* музыкасы жасалады [8, 152 б]

Басқаша айтқанда, дыбыс әлемі фильмнің баяндау барысындағы әсерімен атмосфера жасай алады, әр түрлі уақыт пен кеңістікті біріктіреді немесе ажыратады және қоршаған ортадағы дыбыстың фонда үздіксіздігін немесе үзілуін қамтамасыз етеді [11]. Ақан Сатаевтың «Жау жүрек мың бала» фильміндегі лейт-мотивті музыкаға тоқталар болсақ, ауылдың көрінісі немесе басты кейіпкерлердің іс-қимылын суреттейтін кадрларда үнемі әуезді домбыра үні естіледі. Ол оркестрмен немесе бір ғана домбырада орындалған күй болуы мүмкін. Жоңғарлардың шапқыны бар жерде шабыс, кісі өлімі де бар, сәйкесінше мұндай кадрларда естілетін музыка да бөлек, көмеймен айтылатын әнді естуге болады.

Кадр ішіндегі музыкаға тоқталар болсақ, Сартайдың достарымен болашақ қалыңдығының әке ошағына келген тұста, ақындардың салған әні мен домбыраның үнін ести аламыз. «Мұстафа Шоқай» (2008) фильмінде естілетін Джузеппе Верди операсындағы Аида ариясы да кадр ішіндегі музыка саналады. Себебі, Мария өзі фортепианода сүйемелдеп, арияны орындауда. Үй маңынан өтіп бара жатқан Мұстафа Шоқаймен қатар көрермен де бұл әнге тәнті болады.

Қорыта келгенде, осы себептердің барлығын ескере отырып режиссерлар кадрдағы көрініске қаншалықты мән берсе, дыбыстық көрініске көңіл бөлулері қажет. Фильмнің мағынасына, баяндалуына үлкен мүмкіндіктер қосу үшін дыбысты мағыналық өлшемімен пайдаланғысы келетін режиссерлер кинодағы дыбыс әлемінің табиғатын білуге және түсінуге міндетті [12]. Дыбысрежиссерлері мен режиссерлер үшін дыбыстың берер мүмкіндігі өте көп. Дыбыс жазу аппараттарының жетістігі бүгінде адам қиялының шексіздігін көрсетуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фрейлих С.И. Кино теориясы: Эйзенштейннен Тарковскийге дейін: - М.: Академический проект, 2018. -512 б.

2. David Bordwell, Kristin Thompson / Дэвид Бордуэлл, Кристин Томпсон - Film Art: An Introduction / Искусство кино: введение: The McGraw-Hill Companies, 2008. -500 б.

Канудо Р. Жетінші өнер манифесі. Бөлім: Кино, 2017. https://www.oner.kz/cinema/view/6019-richchotto-canudo-zhetinshi-oner-manifesi

3. Ергебеков М. Кино өнеріне кіріспе. Кинодағы дыбыс.

4. Наурызбекова Г. Кинодағы дыбысты кезең. Бөлім: Кино, 2017. https://www.oner.kz/cinema/view/2854-cinodagy-dybysty-cezeng

5. Monaco, James, «Bir Film Nasıl Okunur- Sinema Dili, Tarihi ve Kuramı», İstanbul, Oğlak Yayıncılık, 2003.

6. Wajda, Andrzej , “Sinema ve Ben”, (çev. Füsun Ant) Es Yayınları, İstanbul. 2006.

7. Özön, Nijat , «Sinema Sanatına Giriş», Agora Kitaplığı, İstanbul. 2008.

8. Жанболат Ә. Кинодағы режиссерлық өнер түсінігіне кейбір қазақстандық авторлық фильмдер тұрғысынан көзқарас. 2018.

9. Rabiger, Michael (1998), “Directing the Documentary”, Focal Press, USA

10. Celeste, Reni (2005), “The Sound of Silence: Film Music andLament”, Quarterly Review of Film and Video, No: 22, p.113-123, USA.

11. Koo, Ryan (2011), “Music vs. Silence: 5 Simple Rules for a Better Film” http://nofilmschool.com/2011/03/music-silence-5-simple- rules-film (Erişim tarihi: 15.07.2013).

Баянова Камила Ганиевна,
магистрант 1 курса ОП 7М02122-Станковая живопись»,
КазНАИ им. Т. Жургенова,
kasas.kz@mail.ru

Научный руководитель:
Кайранов Е. Б.,
PhD, доцент кафедры «Изящное искусство»
КазНАИ им. Т. К. Жургенова, г.Алматы

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ КАК ОДИН ИЗ КЛАДЕЗЕЙ РАЗВИТИЯ ЖИВОПИСИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Основой данной статьи является рассмотрение развития национальной живописи Казахстана сквозь призму культурного наследия Великого Шелкового пути. Историческая трасса является вдохновением и истоком творческого развития для отечественных художников, которые вносят определенный вклад в дальнейшее развитие изобразительного искусства Казахстана. В статье проведен анализ произведений станковой живописи таких известных художников, как Нелли Бубэ и Есенгали Садырбаева с целью определения ключевых сюжетов Великого Шелкового пути. Автор рассматривает данную тему, основываясь на работы казахстанских исследователей, и используя общенаучные методы анализа и синтеза, а также исторические и сравнительные методы исследования. В результате исследования автор отмечает важность изучения значения мотивов Шелкового пути для развития живописи Казахстана.

Ключевые слова: Великий Шелковый путь, история, торговля, станковая живопись, культурное наследие, изобразительное искусство.

Аңдатпа. Ұлы Жібек жолының мәдени мұрасы арқылы Қазақстанның ұлттық кескіндемесінің дамуын зерттеу мақаланың негізі болып келеді. Бұл тарихи жол Қазақстанның бейнелеу өнерінің әрі қарай дами беруіне өздерінің белгілі бір үлестерін қосып жатқан отандық суретшілер үшін шығармашылық дамуының шабыт көзі болып саналады. Мақалада Ұлы Жібек жолының негізгі сюжеттерін анықтау мақсатында Нелли Бубэ және Есенғали Садырбаев сияқты белгілі суретшілердің станоктік кескіндеме туындыларына талдау жүргізіледі. Автор қазақстандық зерттеушілердің жұмыстарына негізделе отырып, талдау мен синтез сияқты жалпы ғылыми әдістерді, және де тарихи әрі салыстырмалы әдістерді пайдалана отырып осы тақырыпты зерттейді. Зерттеу нәтижесінде автор Қазақстанның кескіндемесін дамыту үшін Жібек жолының ерекшеліктері мағынасын зерттеудің маңыздылығын атап өтеді.

Тірек сөздер: Ұлы Жібек жолы, тарих, сауда, станоктік кескіндеме, мәдени мұра

Abstract. The basis of this article is the consideration of the development of the national painting of Kazakhstan through the prism of the cultural heritage of the Great Silk Road. The historical track is an inspiration and a source of creative development for domestic artists who make a certain contribution to the further development of the fine arts of Kazakhstan. The article analyzes the works of easel painting by such famous artists as Nelly Bube and Esengali Sadyrbaeva in order to determine the key subjects of the Great Silk Road. The author examines this topic, based on the work of Kazakhstani researchers, and using general scientific methods of analysis and synthesis, as well as historical and comparative research methods. As a result of the research, the author notes the importance of studying the significance of the Silk Road motifs for the development of painting in Kazakhstan.

Key words: The Great Silk Road, history, trade, easel painting, cultural heritage, fine arts.

История Великого Шелкового пути является на сегодняшний день поистине богатым культурным наследием нашей страны, которое государство не просто бережет, а продолжает изучать и открывать в этой истории все новые интересные страницы. Шелковый Путь веками является сердцем и ядром процветающей культуры, предназначением которого является сохранение мира, процветания и взаимообогащения мировых культур. Последние годы знаменуются повышенным интересом мирового сообщества к далекому прошлому, к тому вкладу, который древние народы, наши предки, внесли в историю цивилизации. Данный вклад действительно является ведущим светом к нашей национальной самоидентификации и формированию исторического самосознания.

Путешествие художественных мотивов, стилей и техник по Шелковому пути тесно связано с более широким контекстом путешествия верований, идей и технологий. Например, искусство Шелкового пути включает в себя религиозное искусство буддизма и ислама, идеи, лежащие в основе определенных стилей искусства, таких как повествовательные фрески, и технологии производства различных произведений искусства, включая гигантские скульптуры и печатные картины. Религия является важным источником вдохновения для искусства во всем мире, и большая часть искусства Шелкового пути имела религиозное происхождение. Это включает в себя не только экстравагантное изобразительное искусство буддизма, которое создало наследие из тысяч статуй, фресок и иллюстрированных текстов по большей части Центральной и Восточной Азии, но и глазурованную черепицу исламских мечетей, которая подчеркивает каллиграфические, геометрические и другие нерепрезентативные художественные мотивы. Хотя большая часть искусства Великого Шелкового пути была создана для поощрения религиозной преданности, сегодня мы ценим его также как источник ценной исторической информации [1].

XXIV сессия Генеральной Ассамблеи ЮНЕСКО (ноябрь 1987 г.) по инициативе десяти стран, в том числе Советского Союза, приняла резолюцию об организации и осуществлении монументального гуманного проекта

«Великий Шелковый путь – путь диалога». В 1988 году был принят проект ЮНЕСКО «Интегральное изучение Шелкового пути-путь диалога». В соответствии с этим проектом планировалось широкое и предметное изучение истории древнего пути, установление и развитие культурных связей между Востоком и Западом, улучшение отношений между народами, заселившими Евразийский континент. На разветвлениях Великого Шелкового пути состоялся ряд научных семинаров.

Указом Н. А. Назарбаева от 27 февраля 1998 года утверждена государственная программа Республики Казахстан «Реконструкция исторических центров Великого Шелкового пути, сохранение и последовательное развитие культурного наследия тюркоязычных государств, создание туристической инфраструктуры». Для его реализации была сформирована Национальная компания «Шелковый путь – Казахстан», квалифицированная для выполнения всего комплекса мероприятий по сохранению своего наследия, обеспечения взаимодействия организаций и частных лиц, а также включения необходимого научно-производственного потенциала по реконструкции исторических городов и развитию туристической инфраструктуры Казахстана. Программа включает в себя девять регионов, расположенных на маршруте Великого Шелкового пути, которые включают в себя 115 исторических объектов» [2].

История Великого Шелкового пути продолжает волновать и вдохновлять художников на творчество. Перед художниками стоит настоятельная потребность в познании близкого и далекого этнического прошлого. Они снова и снова обращаются за артефактами археологии, этнографическими картинами средневековья, фотографиями. Изучению казахстанского пространства посвящены творческие работы талантливых и дальновидных художников, которые совершают творческие «путешествия» в периоды и пространства своей родословной. Перед художественными деятелями стоит цель установить те самые «энергетические» генетические связи прошлого художественного опыта и современности».

1980-й год открыл Казахстану талантливого художника Нелли Бубэ, которая на тот момент работала в издательстве и иллюстрировала книги. Ярко работая масляными красками, художник в стилизованном декоративном стиле изображает быт и жизнь кочевников, караваны с богатыми товарами иноземных купцов в разнообразных костюмах. Уже позже художник обрела более сложную технику живописи, создавая картины панорамными и более повествовательными. В своих работах она рассказывает об оружейных и ювелирных мастерах, о мастерицах прикладного искусства, культуре и кухне степных народов на пути караванных дорог. Художественный деятель не устает искать темы для вдохновения и с каждой картиной усложняет свои техники, создавая новые цвета, придает своеобразный стиль написанию. В некоторых картинах, Н. Бубэ решает задачи весьма лаконично и линейно, при этом отсылая заинтересованного зрителя к изображениям наскальных петроглифов. В творчестве художницы можно разглядеть сюжетное и техническое разнообразие живописи. Являясь любознательной и увлеченной

душевной натурой, она всегда открыта к экспериментам и приключениям, поискам прекрасной эстетики. За долгие годы она сумела создать свой авторский стиль и почерк, который узнаваем и любим казахстанским народом. В ее произведениях уделено немалое внимание деталям, при помощи которых художница передает теплоту и солнечность древней истории Великого Шелкового пути. Н. Бубэ в своих картинах использует не только импрессионистические приемы, но и воссоздает яркую индивидуальную технику: смешение живописи, графики, приемов коллажа, лессировки, соединение. На первый взгляд, кажется, что данные материалы немыслимо соединить между собой, но у художницы получаются поистине значимые картины. Ее неповторимая и уникальная техника работает на глобальную идею: желая рассказать о Казахстане, художник стремится показать не только, национальную одежду, к примеру, но и структуру земли, свет солнца, пустыню, песок, даже географический рельеф. В разные времена года степь бывает разной, но в художественном восприятии Н. Бубэ она – насыщенная золотая. Отсюда бронзово-золотистая и бежево-коричневая, с яркими вкраплениями - гамма, которая переплетается во многих ее работах [3].

Все картины художницы Нелли Бубэ выполнены в сложной смешанной технике с использованием коллажа, рельефной пасты и золотой глазури, что придает произведениям особую торжественность. Главный душевный помысел картин художницы состоит в том, чтобы сохранить и приумножить главные ценности кочевой культуры-гостеприимство, гармонию с природой, экологически чистый образ жизни, мастерство народных умельцев и особую этику и эстетику быта» [4].

Другой известный художник Казахстана - Есенгали Садырбаев. Художник является не просто живописцем, но и историком, исследователем. Его работы получили известность не только на родине, но и за рубежом. Творчество художника выставлялось в крупных городах Казахстана, России, Кыргызстана, а также в Австрии, Венгрии, Турции, Объединенных Арабских Эмиратах и Малайзии. Е. Садырбаев нашел свое вдохновение в истории Великой Степи. По его признаниям, сюжеты для картин он находит в материалах музейных архивов, научных трудах историков, археологов, летописцев XIII века. Серия картин на тему "Шелковый путь" посвящена древним городам Казахстана, процветавшим когда-то на богатом караванном пути. Как историк и патриот, художник наглядно показал, что Казахстан, занимая центральное положение на евразийском континенте, стал неотъемлемой частью интеграционной культуры Восточного Возрождения. Картины художника отражают прекрасную, романтическую иллюстрацию истории Великой Степи, являясь еще одним свидетельством сложного культурного процесса, которые окунают нас во времена, где «горизонты пространства и времени закрываются" и начинается истинная история нашей богатой земли» [5].

Деятельность художников внесла неимоверный вклад в развитие культурного наследия нашей страны. Шелковый путь, проходивший через земли Казахстана, принес поистине настоящее богатство – искусство,

ценность и красота которого передается веками из поколения в поколение. Казахстан богат талантами, которые будут приумножать и обогащать мир живописи, придумывать и создавать собственные уникальные техники живописи. Великий Шелковый Путь принес нам не только искусство, он научил нас дружить с другими народами, сумел показать гостеприимность и радужность нашего народа. Поистине, высшая ценность – сохранение мира и добра на нашей планете. Казахское изобразительное искусство, часть национальной художественной культуры, а изобразительное искусство Казахстана создается из их произведений. В данной статье мы рассмотрели важную составляющую истории изобразительного Искусства в контексте Великого Шелкового Пути. Создание истории изобразительного искусства Казахстана имеет приоритет внутри научно-исследовательских тематических исследований центра. Поэтому сегодня так важно сохранить культурное наследие страны, приумножать историческое богатство, подчеркивать важные моменты в истории. Сегодня Казахстан постепенно становится центром восточного континента, поэтому первостепенные задачи заключены в поиске новых авторов живописи и Искусства. В данной статье мы раскрыли личности знаменитых художников, показали их незаменимый вклад в историю живописи и культуры.

Литература:

1. Золотарева, Л.Р. Великий Шелковый Путь - источник изобразительного творчества казахстанских художников, //https://docplayer.ru/63642395-Velikiy-shelkovyy-put-istochnik-izobrazitelnogo-tvorchestva-kazahstanskih-hudozhnikov.html

2. Государственная программа Республики Казахстан "Возрождение исторических центров Шелкового пути, сохранение и преемственное развитие культурного наследия тюркоязычных государств, создание инфраструктуры туризма" [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/U980003859_

3. Нелли Бубэ -Член СХРК, заслуженный деятель культуры РК, академик, живописец, график, иллюстратор http://www.mspkz.com/ru/artists/item/bube-nelli.html

4. Имена. Нелли Бубэ [Электронный ресурс] – Режим доступа https://www.youtube.com/watch?v=wwpWI2VyIFw

5. Художник Есенгали Садырбаев, Художники Казахстана, Картины Казахстана, Живопись Казахстана. [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://esengaliart.kz/

Бекжан Асель Сабыржановна,
магистрант 2 курса специальности «Станковая живопись» Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова, г. Алматы
email: asel-94@inbox.ru

Муканов Малик Флоберович,
PhD (Arts), доцент кафедры изящных искусств Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова, г. Алматы
email: malik_flober@mail.ru

РОЛЬ ЛИЧНОСТИ ХУДОЖНИКА В ЕГО ТВОРЧЕСТВЕ. ЛИЧНОСТНЫЕ КАЧЕСТВА УСПЕШНЫХ ХУДОЖНИКОВ

Аннотация. В настоящей статье мы обращаем внимание на личность самого художника как на один из неотъемлемых компонентов его творчества, влияние их личности на само творчество, произведение искусства, и их успех в целом. Как стать успешным художником? Какими качествами для этого я должен обладать? Определяем роль биографии художника и его личностных характеристик на произведение искусства в целом. Устанавливаем схожие индивидуальные качества успешных художников. Сделан вывод, что процесс становления художника в обществе всегда связан с развитием его личности и способностью самому определить свой творческий путь.

Ключевые слова: Казахстан, художник, искусство, успешный художник, личность, психология, биография, история искусств, творчество, личностные характеристики, творческий путь.

Аңдатпа. Бұл мақалада біз суретшінің жеке басына оның шығармашылығының ажырамас құрамдас бөліктерінің бірі ретінде, олардың жеке басының шығармашылыққа, өнер туындысына әсері және олардың жалпы жетістігі ретінде назар аударамыз. Қалай сәтті суретші болу керек? Бұл үшін менде қандай қасиеттер болуы керек?Табысты суретшілердің ұқсас жеке қасиеттерін анықтаймыз. Суретшінің қоғамдағы қалыптасу процесі әрқашан оның жеке басының дамуымен және өзінің шығармашылық жолын анықтай білуімен байланысты деген қорытындыға келдік.

Өткен жылы Дариға Тұранқұлованың «Сахна тілі» кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарғанына 25 жыл толды. Профессорымыздың меңгерушілік еңбегіне 25 жыл толу құрметіне арналған ғылыми-практикалық конференция мен көркемсөз оқу шеберлері конкурсын 2021 жылдың шеңберінде өткізу идеясы да күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі деп айтуға толық негіз бар. Бұл бастамалар студенттер мен магистранттардың кәсіби әлеуетін көтеруге зор септігін тигізетіндігіне сенім мол.

Ұлттық сахна тілін оқытудың заманауи аспектілерін зерделеудегі Дариға Тұранқұлова феномені ұғымы ұстаздың шығармашылық, әдістемелік ізденістерімен, дәрістерімен, маман ретіндегі таным-тұжырымдарымен тығыз байланыста [1].

Актердің шығармашылық тұлғасын дайындау, логикалық, бейнелі, көркем, эмоционалды түрде сөзбен сөйлеу қабілетін дамыту, серіктестерімен арадағы қарым-қатынастың қыр-сырларын ашу, шығармадағы кейіпкердің линиясын түсіну, шығарма жанрына сай сөз әрекетін іздеу, сөз астарын ашу арқылы көрерменге, тыңдарманға әсер ету – осының бәрі ұлттық сахна тілін оқытудыг заманауи аспектілерін зерделеудің басты міндеттері [2]. Пәннің әдістемелік негіздері – Дариға Тұранқұлованың салаға қатысты кітаптары. Студенттің сөйлеу және дауыстық мүмкіндіктерін, оның орфоэпиялық мәдениетін жетілдіру және дамыту, тілдік шеберлікке тәрбиелеу, авторлық сөзді игеру қабілетін шыңдау мәселелеріне Дариға Тұранқұлова актерлер мен режиссерлерді даярлап, академия қабырғасында жұмыс жасаған Маман Байсеркеұлымен өзара сұхбаттастықта терең үңілді [3].

Дариға Тұранқұлова заманауи актерлерге сахна тілін оқытудың негізгі бағдарламалық формасы диалог екендігіне баса назар аударады. Бұл дайындықты қоса алғанда, оқытудың барлық кезеңдерінде дағдыларды, диалогтық сөйлеу заңдылықтарын игеру қажеттілігін болжайды. Бұл сахна тілі сабақтарында жұмыс тек драматургиямен жасалады дегенді білдірмейді.

Дариға Тұранқұлова өз дәрістерінде ұлттық сахна тілін оқытудың заманауи аспектісі ретінде драмалық шығармалардағы монологтармен және диалогтармен бойынша жұмыс жүргізу мәселесін көреді. Біз де болашақ актердің тіл техникасын дамытуда бұларды қажет деп санаймыз, өйткені драмалық шығармаларда сөздің тууына әсер ететін ерекше заңдылықтар бар. Автордың айтар ойын түсіну, бейне жасауда кейіпкердің сөйлеу ерекшеліктерін ескеру сахна тілін оқытудың тағы бір заманауи аспектісі болып табылады.

Сахна тілін оқудың заманауи аспектілерін «бағалау, қабылдау, ішкі монолог, импровизация» секілді актер шеберлігін оқыту терминдерінен бөліп қарауға болмайды. Сахна тілі сабақтары мен актер шеберлігі дәрістері арасында айтарлықтай алшақтық жоқ деуге болады. Студенттер диалогтың табиғатын, оның заңдылықтарын «сахна тілі» дәрістерінде терең түсінеді. Себебі мәтінмен жұмыс, әрекет арқылы талдау – сахна тілінен бастау алады.

Мәтінмен жұмысты белгілі бір ережелерді шығармашылық тұрғыда меңгеруден емес, мағыналық кідірістерді орналастырып, негізгі сөздерді бөліп көрсетуден емес, мәтінді жалпы өз дүниетанымыңмен бірлікте қабылдаудан, логикалық және бейнелі түрде ойлау қабілетін дамытудан бастаған дұрыс деп санаймыз.

Студенттер Дариға Тұранқұлва дәрістерінде әдеби шығармалармен жұмыс жасай отырып, адамдар өмірін жаңаша біліп қана қоймай, сонымен бірге таңғажайып қазақ тілін барлық алуан түрлілігімен үйренеді, ойын білдірудің, нәзік және күрделі тәжірибелерді жеткізудің әр түрлі тәсілдерімен танысады. Көркем мәтін бойынша шығармашылық жұмыс қиялдық ойлау мен сөйлеуді дамытады, білімгердің дүниетанымын байытады, есте сақтау қабілетін күшейтеді, ең бастысы, шығармашылық даралықты ашуға, әлеуетті мүмкіндіктердің дамуына ықпал етеді.

Дариға Тұранқұлова алғашқы қадамдардан бастап мәтіннен басты нәрсені табуға, оның мәнін бүкіл болмысымен, ақылымен, сезімімен түсінуді үйренуге кеңес береді. Сонымен қатар орындаушының баяу, бірақ тәуелсіз жолмен болса да, автордың ойын білдірудің өзіндік тәсілінің тууына келуінің өте маңызды екендігін ескертеді. Бұл үшін фактілер мен оқиғаларға баға беру, логикалық перспективаны қарастыру, басты қақтығысты анықтау және сонымен бірге нақты және дұрыс дикцияны ұмытпау қажет.

Мазмұнмен жұмыс жасағанда, автордың мәтініне ұқыпты қарау керектігін Дариға Тұранқұлова қайталаудан жалықпайды, өйткені шығарманың сөздік қорын, синтаксистік ерекшеліктерін қатаң сақтау арқылы және көбіне пунктуация арқылы автордың идеялық мақсатын дұрыс түсінуге болады. Ф.М.Достоевский шығарманың көркемдігі «романның тұтас тұлғасы туралы және ондағы сомдалатын бейнелер туралы ойларды автор қалай сезінсе, сол ойларды соншалықты айқын бейнелеу арқылы оқырманға да дәл солай сезіндіре алу қабілеті» [4] деп түсінді.

Федор Достоевский мен Дариға Тұранқұлованың тұжырымдары егіз. Дариға Тұранқұлова актер және көркемсөз оқушы автор мәтін қаншалықты шынайы жеткізе білсе, көрермен не тыңдарман да соншалықты шынайы қабылдайтындығын, таптауырындылық пен жасандылыққа орын қалмайтындығын түсіндіреді.

Бірінші жақтан жазылған мәтіндер ерекше назар аударуды қажет етеді. Бірінші жақтан жазылған мәтін ойларды, автордың позициясын максималды «иемденуді» талап етеді. Сөйлеу өте шынайы, табиғи болуы керек. Бірінші жақтан жазылған неғұрлым күрделі әдеби материалды игеру кезінде образ, кейіпкер және ең алдымен бейнелі ойлау тәсілін құру мәселесі шешіледі.

Автордың мәтінін дұрыс түсінгеннен кейін, шығармаға бірінші оқылғаннан кейін және мәтін жадыда сақталғаннан кейін алынған шығармалардың мазмұнын өз сөзімен айтып берген пайдалы. Өткен сабақтарды қайталау кезінде студенттің басты нәрсені түсіну қабілеті, сонымен қатар оның детальдарға, нюанстарға назар аударуы, автордың оқиғалар мен кейіпкерлерге қатынасын түсіну, подтекстті түсіну қабілеті тексеріледі.

Мәтінді игере отырып, студенттер «сөз тіркесін мүсіндеуді», қиын кезеңдерді бағдарлауды, парақтан мәтінді оқуды үйренеді. Мұның бәрі Дариға Тұранқұлова дәрістеріндегі ұлттық сахна тілін оқытудың заманауи аспектілері. Сонымен бірге ауызша айтылған мәтінге, сөйлеуді буындарға бөлуге, семантикалық екпіндерді (семантикалық орталықтарды) анықтауға қатысты ішкі бақылаулар тиімді сахналық әрекеттермен үздіксіз байланысты болуы керек.

Технологияны игеру процесі психологиялық процестермен тығыз байланысты. Бұл – біздің пәннің ерекшелігі мен күрделілігі. Тыныс алуға, дикцияны жақсартуға, диалект белгілерін жоюға машықтанған кезде жақсы, талғампаз сөйлеу өзін-өзі тізбектемейтінін ұмытпаған жөн. Тұрақты тыныс алу, мәнерлі дауыс, әдеби айтылу, дыбыстардың айқын және еркін айтылуы – адамның рухани байлығын ашатын, оның ойлары мен сезімдерінің қозғалысының барлық нюанстарын көрерменге жеткізетін құрал. Сөйлеу дыбыстары «жеке жанға және олар үшін бір дыбыстық мазмұнға ие бөлек, тәуелсіз тіршілік иелері» [5] деп жазды М.Чехов. «Бұл «даралықтар» адамға мыңдаған жылдар бойы әсер етіп, оның сөйлеу аппаратын дамытып, қалыптастырды. Олардың барлығы адамның сөйлеуі арқылы олардың көрінісін іздеп, адамның айналасында өмір сүрді» [5].

Әдетте, болашақ актердің тіл техникасымен жұмыс істеу ұзақ және күрделі процесс болып табылады. Мұнда сізге ерік-жігер, төзім, сабақтарға деген саналы қатынас қажет. Бұл көбіне әдеби нормалардың дамуына, дикцияның кемшіліктерін жоюға байланысты. Орфоэпия мен дикция – бұл бір-бірінен ажырамас, органикалық байланысқан екі бөлім, өйткені екеуі де қазақ тілінің тазалығын бекітуге арналған. Диалектілердің кең таралуы және әдеби айтылу ережелерінің бұзылуы сөйлеу барысында орфографиялық қателері көп болған студенттермен жеке жұмыс үдерістерін реттеуді талап етеді. Дикциясы өте нашар студенттер үшін сигматизмнің себептерін анықтайтын логопедиялық тестілер ұсынылатын арнайы дәрістер қарастыру қажеттілігі туындайды. Дариға Тұранқұлова дәрістерінен осыларды түйдім.

Сөйлеудің дұрыстығы, тазалығы оның әуенділігімен, интонациясымен тығыз байланысты. Актерге жақсы дайындалған тыныс және икемді, дыбыстық тұрғыда ауқымды дауыс қажет. «Сөз сөйлеу жанрының артисі» мамандығы бойынша білім алушылар үшін тыныс алу мен дауысты үнемі жаттықтыру дауыстық аппарат аурулары профилактикасы ретінде дауыстың кәсіби қасиеттерін сақтау үшін де қажет. Дикция мен орфоэпия бойынша алғашқы сабақтарда тыныс алу мен дауысты дұрыс қолдану қажет. Алғашқы тыныс алуға және дауысқа арналған жаттығуларда дұрыс және айқын айтылған дыбыстық тіркестер, сөздер, мәтіндер тексеріліп, бекітіледі.

Дауыстың кеңдігі, байлығы ойлау қабілеті мен қиялдың байлығымен, дыбыстық сөздің эмоционалдық байлығымен тығыз байланысты. К.С.Станиславский «Актердің өз бетінше жұмысы» [6] атты еңбегінде «ауызекі сөйлеу кезінде жақсы дауыстар сирек кездеседі. Егер ондай дауыстар кездесіп жатса, олар күші мен ауқымы жағынан жеткіліксіз болатын жағдайларға жиі ұшырасамыз. Тіпті табиғи жақсы дауысты тек ән айту

мақсатында емес, сонымен қатар актердің тіл техникасын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін дамытуды тоқтатпау керек» [6] деп тұжырымдайды. Бұл тұжырымның дұрыстығына Дариға Тұранқұлованың дәрістерінде көз жеткізуге болады.

Соңғы жылдары сөйлеу, есту тетіктерін және дауысты қалыптастыру теориясын зерттеу саласында көп нәрсе жасалды. Әрине, қазіргі заманғы педагогика тыныс алу және есту бойынша жұмыс әдістерін жетілдірудің жаңа көздерін тапты. Жаңа техникалар ларингологтардың, физиологтардың, психологтардың және физиотерапия мамандарының жұмыстарына негізделген. Бұл фонациялық тыныс алуды дұрыс меңгерудің, сөйлеу аппаратын жақсарту бойынша өз бетінше жұмыс істей алудың, дауыспен жұмыс жасауға кедергі келтіретін бұлшықет жиырылуларын жоюдың анағұрлым дұрыс және қол жетімді әдісін табуға мүмкіндік беретіндігі рас [7].

Тыныс алу жаттығуларын бірінші оқу жылында игеру керек. Дауыстық жаттығулар бірінші курстың соңында игеріле бастайды және олармен жұмыс оқу жылдарында жалғасады. Дариға Тұранқұлова дәрістерінде осы жаттығуларды меңгеру жолдары жүйеленген. Студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ол жаттығуларды пайдалану мүмкіндіктерін реттеуге болады деп санаймыз. Бұл жаттығулар көптеген буын актерлерімен сәтті сыналған.

Тыныс алу жаттығуларының көпшілігін топтық сабақтарда Дариға Тұранқұлованың бақылауымен меңгеруге болады, жеке сабақтарда тексеріп, әрі қарай оларды үйде өңдеу керек. Дауыстық жаттығулар топта да, жеке сабақтарда да мұғалімнің жүйелі бақылауымен меңгеріледі. Дауыстық жаттығулар кезінде пайда болатын бұлшықет және тербеліс сезімдерін тану, есте сақтау және шоғырландыру қабілеттеріне көп көңіл бөлінеді.

Дариға Тұранқұлова дауысты қалыптастыру механизмдеріне қатысты тренингтің әсерінен сезімталдықтың әртүрлі түрлерін талдау барған сайын нәзік бола бастайтындығын жасырмайды. Жұмысқа ми жасушаларының кіші және өте кіші топтары қосылады. Бұл қажетсіз қозғалыстарды азайту, қажет емес стресстерді жою арқылы көрінеді.

Бұны дауыс аппаратының жаттығуына жатқызуға болады. Жаңаны игеру және бекіту процесі үйде біртіндеп және жүйелі жұмыс жасауды қажет етеді. Жаттығулар алдымен еріксіз, содан кейін саналы түрде студент дауыс аппаратын басқара бастайтындай етіп құрылуы қажет. Тренингтер нәтижесінде дағдылар бекітіліп, автоматты болатындығын Дариға Тұранқұлова дәрістеріндегі ұлттық сахна тілін оқытудың заманауи технологиялық аспектілерін меңгеру үдерістерінен байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұранқұлова Д. Сахна тілі. – Алматы, 1998.
2. Тұранқұлова Д. Сырлы сөз – сахна сәні. – Алматы, 2003.
3. Байсеркенов М. Қойылым және қолтаңба. - Алматы: Өнер, 1989.
4. «Ф.М.Достоевский өнер туралы» атты жинақ. - Мәскеу: 1973.

5. Чехов М. Екі томдық әдеби мұра. - Мәскеу., 1986, 1-том.
6. Станиславский К.С. Актер өз бетінше жұмысы. - Мәскеу., 1955, 3-том.
7. Галендеев В.Н. К.С.Станиславскийдің сахналық сөз туралы ілімі. — Ленинград., 1990.

Елтай Балерке Ерболқызы
Т. Қ. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы магистранты
Алматы, Қазақстан
balerke.erbol@mail.ru

Оразқұлова Қалдыгүл Серікбайқызы
«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедра меңгерушісі, профессор

ҚАЗАҚСТАН КАРИКАТУРАСЫНЫҢ БЕЙНЕЛІ-СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада карикатура жанр туындылары арқылы еліміздің суретшілер ізденісі мен кереғарлық пен кертартпалықты шарж бен гротеск арқылы жан-жақты қарастырылған мәліметтер ұсынылады.

Карикатура – өмірдегі жағымсыз құбылыстарды, жеке адамдардың бойындағы кемшіліктерді әшкерелеу мақсатында әзіл-оспақ, сын-сықақ, әжуа-мазақ, шарж, гротеск құралдарын қолданатын көркем бейнелеу тәсілі. Эволюциясы ежелгі антика өнерінен бастау алып, заманауи бейнелеу өнерінде барынша күрделеніп, қоғам белсенділерін, мәдениет басшыларын, халық назарындағы танымал бейнелерді көркем тілмен сынап, гротеск, шарж сынды түрлермен интерпретацияланып келеді. Әлемдік өнер тәжірбиесінде графиканың бірі түрі ретінде қаралатын карикатура жанры бейнелеу тілінде өзіндік жүйелі ережелері мен заңдылықтары бар. Ал, Қазақстан бейнелеу өнеріндегі карикатура жанрының барлық түрлерін зерттеу, олардың жан-жақтылығы мен тақырып еркіндігін зерделеу қоғамдағы маңызды кезеңінің бір көрінісі бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі күні Қазақстан суретшілерінің карикатура туындылары және оларды жеке тәуелсіз кіші топтарға саралау, сонымен қатар оның баспасөздегі функцияларын зерттеу, өте маңызды және сонымен бірге жаңа міндет. Сондықтан бұл ғылыми мақалада карикатура өнерінің қалыптасуы мен дамуын және Қазақстан кариктаура жанрының тарихын өнертанушылық көзқараспен зерттеу қарастырылады.

Тірек сөздер: карикатура, шарж, гротеск, кереғарлық, жанр, өнер, бейнелеу өнері, өнертану, бейнелеу тілі.

Аннотация. В представленной статье будут представлены сведения о жанровых произведениях карикатуры, подробно рассмотренных в поисках художников страны, шаржах и гротесках контрастности и контрастности. Карикатура-художественный образ, использующий средства юмора, критики, насмешек, шаржа, гротеска с целью разоблачения негативных явлений в жизни, недостатков в личности. Эволюция берет свое начало в Древнем античном искусстве, все более усложняется в современном изобразительном искусстве, подвергая художественной критике общественных активистов, лидеров культуры, популярные образы народного внимания, интерпретируя

их как гротеск, шарж. Жанр карикатуры, рассматриваемый в мировой практике искусства как один из видов графики, имеет свои системные правила и закономерности в изобразительном языке. А изучение всех видов жанров карикатуры в изобразительном искусстве Казахстана, изучение их многогранности и свободы тем может стать одним из важных этапов в обществе. С этой точки зрения на сегодняшний день карикатурные произведения художников Казахстана и их дифференциация в отдельные независимые подгруппы, а также изучение его функций в прессе-очень важная и в то же время новая задача. Поэтому в данной научной статье рассматривается искусствоведческий подход к изучению становления и развития искусства карикатуры и истории жанра карикатуры Казахстана.

Ключевые слова: карикатура, шарж, гротеск, контраст, жанр, искусство, Изобразительное искусство, искусствоведение, изобразительный язык.

Abstract. This article will provide information about the genre works of caricature, considered in detail in the search for artists of the country, caricatures and grotesques of contrast and contrast.

Caricature is an artistic image that uses the means of humor, criticism, ridicule, caricature, grotesque in order to expose negative phenomena in life, shortcomings in personality. The evolution has its origin in Ancient ancient art, and is becoming more and more complicated in modern visual art, subjecting public activists, cultural leaders, and popular images of popular attention to artistic criticism, interpreting them as grotesque, caricature. The genre of caricature, considered in the world practice of art as one of the types of graphics, has its own system rules and patterns in the visual language. And the study of all types of caricature genres in the visual arts of Kazakhstan, the study of their versatility and freedom of themes can become one of the important stages in society. From this point of view, today the caricature works of artists of Kazakhstan and their differentiation into separate independent subgroups, as well as the study of its functions in the press, are very important and at the same time a new task. Therefore, this scientific article examines the art criticism approach to the study of the formation and development of the art of caricature and the history of the genre of caricature in Kazakhstan.

Keywords: caricature, caricature, grotesque, contrast, genre, art, Fine art, art history, visual language.

Карикатура – әдебиет пен журналистика саласында, өнертанушылар тарапынан зерттелмеген құбылыс. Карикатура жеке адамдардың не өмірдің көлеңкелі жақтарын, кереғарлық пен кертартпалықты шарж бен гротеск арқылы типтендіріп, қоғамдық көзқараспен сатиралық және әзіл сипатында бейнелеу құралы. Шығу тегі графиканың түрі ретінде қалыптасып, баспасөз беттеріндегі публицистикалық материал ретінде дамып, ажыратылды. Бұқаралық ақпарат құралдарында, көп жағдайда шындыққа сәйкес келетін, бірақ сатиралық сипатта ашы айтылған сын, тұрмыс-тіршілігімізге деген көзқарас ретінде негізделді.

Карикатурада сатира мен әзіл ретінде графикада, гротеск және т.б. көркемдік құралдар қолдана отырып, ол нақты және қиял-ғажайып бейнелерді біріктіреді, фигураның, тұлғаның, костюмнің, адамдардың мінез-құлқының ерекшеліктерін асыра және өткір етіп көрсету көзделеді. Күтпеген салыстырулар, ассимиляциялар мен метафораларды қолданады. Карикатура өзінің әлеуметтік маңыздылығына байланысты әдетте бұқаралық формада болады. Ең алғашқы карикатура графиканың түрі ретінде бастапқыда: ағаш кесу, ою, содан кейін литография, тираждау барысында фотомеханикалық әдістері және т.б. қолданды. Карикатура әдетте: халық суреттері, кейінірек газет-журнал графикасы, постер, сирек сатиралық кескіндеме, мүсін (шағын пластик) кездеседі.

«Карикатура» терминін Аннибале мен Агостино Карраччи алғаш рет XVI ғасырдың соңында ашық гротеск сипатындағы бейнелерге сілтеме жасау үшін қолданды. Бұған дейін бейнелеу өнерінде әр елдің мәдениетінде карикатура әр сатыда дамып, алғашқы негізін қалыптастырса да нақты термині XVI ғасырда қолданысқа ие болды [1, 412 б]. Осылайша, карикатураның публицистикалық әлеуеті айқындалды. Тарихи эволюция бойынша кеңес заманында сатиралық туындылар идеологиялық сипатта болса, заманауи XXI ғасырда тәрбиелік және сатиралық иллюстрацияның өзі көбіне типологиялық тұрғыдан саяси карикатура болды. Сол себепті карикатура жанры жалпы міндеті мен жазылу барысында екі топқа топтастыруға болады.

Біріншісі, күлкінің әсерін ұлғайту үшін негізгі ерекшеліктерді асыра және күшейту, сондай-ақ ерекше көркемдік техниканы, ассимиляция мен салыстыруды қолдану арқылы қол жеткізілетін юмор бейнесі. Екіншісі, графика жанры, сатиралық түрде әлеуметтік, саяси, тарихи оқиғаларды бейнелейді немесе белгілі бір адамдардың түрін сипаттайды.

Карикатура формасы бойынша – сызықты немесе контурлық, толассыз, қара және ақ, түрлі-түсті, карикатураны жалғыз бейнеде немесе арнайы сюжеттерде кездестіре аламыз.

Құрылымы бойынша –әзіл, сатира, қара әзіл, карикатура, философиялық карикатура және тағы да басқа болып жіктеле береді. Қолдану саласы бойынша – баспа беттерінің әртүрлі түрлері журнал және кітап иллюстрациясы, күнтізбелер, буклеттер, маркалар және ашық хаттар, жапсырмалар, жарнама, саяси басылым беттері және т.б. [2, 320 б].

Юмористикалық карикатурада кейбір адамдардың жекелеген мінезін әзілсіз әжуә ету басты мақсат болады. Әзіл — бір адамның екінші адамды ұялту, сөзге тоқтату үшін айтатын ұрымтал да астарлы, көңілді де күлкілі пікірі. Яғни болмысқа, құбылысқа, нақты оқиғаға қатысты көзқарасты білдірудің, баға берудің бір түрі. Әзілде де сынап-мінеу, іліп-шалып, тәлкек ету ниеті жатады. Тек сол ниет жүрекке ауыр тимейтін етіліп, қалжыңға сүйеп жүзеге асырылады. Сатира, юмор белгілі бір дүниетанымның, саяси-әлеуметтік

көзқарастың көрінісі, сәулесі ретінде, ресми шығарма түрінде, жалпы жұртқа жария етілу үшін басылым беттеріне, яғни сатиралық журналдарға шығарылады.

Карикатура жанрының дамуы мен қалыптасу кезеңдері Ежелгі Мысыр елінен бастау алады. Оның көне үлгілері Ежелгі Мысыр өнеріне «Рамзес III»-ге арналаған карикатуралық туынды (1сурет) және «Қаз қорыған мысық» деп аталатын карикатура мысал болады [3, 67 б]. Суретші-карикатуристтер көп жағдайда құдайлар мен ауқатты адамдарды кескіндеді. Олар құдайдың қаһарынан еш қорықпаған. Оған мысал келтірер болсақ: «Геркулесті сүйреген арба», «Юпитер Альменада», «Эней құдайы Троянда», «Парис соты» және де сол замандағы философтарға арналған шарждар. Бұл аталған жұмыстардың авторлары белгісіз себебі барлығы дерлік ғибадатхана немесе ғимарат қабырғаларына және қандай да бір құмыраға кескінделген болатын [4, 258 б].

Жоғарыда карикатура жанрының жанр ретінде қалыптасуына, көпсалалы болып бөлінуіне ықпал еткен алғашқы елдерді қарастыра келе нақты қалыптасқан кезеңі XVI ғасыр деп жобалауға болады. Оның кең таралуы Германиядағы реформация мен 1524-1526 жылдардағы шаруалар соғысы уақытына сәйкес келеді. Бұл кезеңде карикатураның фольклормен сабақтаса басылып шығарылуы және кейінірек, әскери қақтығыстар мен төңкерістер кезеңінде қайта жанданды. Карикатурада мәтіннің рөлі маңызды, бұл образдың мағынасын кеңейтеді және оның сатиралық өткірлігін арттырады. Карикатураның тәуелсіз эстетикалық маңызын алғаш рет XIX ғасырдың басында эстетикасы ирония мен гротеск көрнекті орынға ие болған романтиктер түсінді, бірақ XVII - XVIII ғасырларда ең ірі шеберлер карикатураға бет бұрды - Дж.Л. Бернини, Герцино, Дж.Б. Тиеполо, Дж. Каллот өздерін толығымен осы жанрға арнаған суретшілердің алғашқысы болды.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында У. Хогарттың суреттері мен іздері қазіргі ағылшын қоғамының әдептерін мазақ етіп, бейнелеу өнерінің маңызды бағыты ретінде карикатураның жүйелі дамуына негіз салды. Хогарттан кейін XVIII ғасырдың екінші жартысы - XIX ғасырдың басындағы ағылшын график-карикатурашылары Т. Роулендсон, Дж. Крукшанк, У. Дент, Р. Ньютон карикатураның өзіндік түрін дамытты. Олар жанрлық көріністерді ерекше түрге айналдырды шындықтың жағымсыз және күлкілі жақтарын ашатын театрландырылған қойылым жасады. Ағылшын карикатурасының әлеуметтік айыптаушы пафосы «парламенттік оппозициядан» және моральды келемеждеуден жоғары көтерілмеді, бірақ онда еуропалық карикатураның көптеген тән шығармашылық әдістері қалыптасты [5, 70 б].

Бұл кезде қоғамдық өмірдегі болып жатқан ірі оқиғаларды: П. Гаварни, Ж.Ж. Гранвиля, Ш. Филипона, Домье, Г. Доре, В. Буша, Дж. Лича т.б. типтік ерекшеліктерін бейнелейтін гротескикалық жалпыланған туындылар жазды.Олар образ «әлеуметтік маска» немесе карикатура портреті деген атаумен ең тиімді және сыйымды сатиралық құралдардың бірі болатын жұмыстар жазды.

XIX-XX ғасырлар тоғысында саяси карикатура кеңінен дамыды, оның жанрында көптеген көрнекті шеберлер - П.Синьяк, Франциядағы Т.Стейнлен, неміс кескіндемесіндегі «Симпликиссимус» (1896 ж. А. Кубин, О. Гульбранссон, К. Кольвиц, Т.Т. Хейне, Г. Цилле т.б. құрылған.) XX ғасырдың бірінші жартысында анти-милитаристік карикатура үлкен шиеленіске және

эмоционалды өткірлікке жетті. Оған: Ф. Мазерель, Г. Грос, О. Дикс, Дж. Хартфилд Германиядан Дж. Лоу Ұлыбританиядан У. Гроппер АҚШ-тан Эффель Франциядан Х. Бидструп Данияда И. Бешков Болгариядан үлестерін қосты.

Орыс бейнелеу өнері сатиралық тақырыпқа тек XVII ғасырдың аяғында ғана келді. Ал, Еуропада сол кездің өзінде саяси карикатура үнемі сатиралық басылымдарда басылып шығарылып отырған, ал кітап дүкендерінде үй шаруашылығының тақырыптарында икемді сызбалар сатылды, Ресейде алғашқы қызықты карикатуралық шығармалар осы XVII ғасырда пайда болды. Алғашында тек тұрмыстық сатираға бағытталғандықтан көрермен ешқандай да көңіл аудара қоймады, тек санаулы суретшілер айналысқандықтан танымалдылығы мүлдем болмады деуге саяды. Халық тұрмыстық сатиралық карикатураларды тек дүкен сөрелерінен көре бастады. Тіпті бастапқыда халыққа бұл құбылыс жат өнер болып көрінген де болатын [6, 90 б].

Қазақ карикатура тарихы 1930 – 1940 жылдары Ә. Ысмайылов, С.И. Иванович, Ч.А. Борис А, Б. Сидельковский, Г. Абдулла, Қ.Қожықов т.б. суретшілердің шығармаларында көрініс таба бастады. Суретшілер Кеңес Одағына арналған саяси сатиралық астарлы карикатураларды біртіндеп сыза бастаған болатын. Кариктаурадан бөлек шарждарды да көптеп сала бастады, шарж яғни, достық әзілді суретшілер өз заманының ірі қайталанбас тұлғаларына арнады. Әрбір тұлғаға деген ерекше ықыластың болғандығын шарждардың қайталанбас психологиялық жай-күйі сездіреді. Қазақ карикатура-суретшілерінің барлық дерлігінің негізгі шығармашылық жолы графика саласына арналды.

Қазақстан карикатура тарихы Қазақстан бейнелеу өнерінің негізін салушы кәсіби суретшілер шығармашылығынан басталады. Мысалы, Ә. Ысмайлыв әрқашанда образдық міндеттерден бастау алады. Пішін мәселесі әрқашанда бейнелеушінің мәніне бағындырылған. Суреткер графиканың карикатура жанрымен ғана емес плакат жанрында жұмыс жасауға талпынған жан.

Автордың кариктауралық жұмыстарының басым көпшілігі Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінде сақтаулы тұр. Шығармаларын нәзік штрихтармен өрнектей білген суретші карикатура тақырыбына аяқталған, бір ізділікпен жазылған жұмыстары бар. Мәселен, жағымпаздық тақырыбына бір емес бірнеше рет тоқталған карикатурашы әр қайсысын сан түрлі қырынан беруге ұмтылған. Солардың бірі «Жұдырықтасу» 1933 жылы орындалған жұмыс қатты қағаз бетіне түрлі-түсті гуашьпен орындалған. Шығармаға бір қарағанда адамның ішіндегі жағымсыз сезімдерін тудырады, себебі каритинада үлкен аяқ киім табанын тізерлеп келіп ұзын, ұсқынсыз жалпақ тілімен жалап жатқан шенеулікті көреміз. Адами қасиетінен айырылуының азақ алдында тұрған табан жалап отырған сары түске боялған шенеуліктің көрермендерге бет-жүзі көрінбеген (3 сурет). Оның бар ойы өзінен жоғарыда отырған бастық сымақтарға барынша жағынып, өзін қызыметпен қамтамасыз ету, осы ойын жүзеге асыру барысында жалпы қоғамды, жанұясын, тіпті өзін де ұмытып кеткен бейшара жанның күйіне

түскен. Бастықтың алып етігінің табанын жалау арқылы өзінің алға қойған мақсатына жетпей қоймайтыны білгілі жағымпаздың бейнесі көрерменге кері қаратылып салынған.

Ә.Ысмайыловтың жеке альбомында жарық көрген кариктуралық жұмыс ол «Қарын ұстамай қалды» деп аталатын 1933 жылы орындалған туындысы. Қағаз бетіне туштың көмегімен орындалған қызықты тақырып көрерменді бір сәт болсын күлкіге кенелтеді. Суретші онда бір ғана кейіпкерді беру арқылы жасырын түрде бір белгілі, еліне қалаулы тұлғаның шарждық бейнесін бейнелеген. Туындыда қарны барынша дөңгеленген тіпті сол ауырлап дөңгеленген қарнының салмағын көтере алмай қозғала алмай жатқан түрі сұсты кейіпкер көрсетілген. Бұл картинадан Кеңес Үкіметі тұсында да басшылық барынша өзінің қара басын ойлап, ертеңгі күні орнымнан айырылып қалсам деген үрейдің көмегімен, қолынан келгенше халыққа, мемлекетке тиесілі дүние мүлікті өз қалтасына салуды ғана ойлаған жандардың көп болғанын көреміз. Картинада осы кейіпкер арқылыбасшылықтың арам пыйғылмен жұмыс жасайтынын суретші ашып көрсеткен.

Карикатура жанрында көп туынды жазған суретшінің бірі Борис Чекалин. Оның 1938 жылы жарық көрген « Гитлер»,«Қайшы», «Құрбақа», «Құйрығын айналдырды». Аталаған көркем туындылардан Борис Чекалиннің шығармашылығына өнерде өз қолтаңбасының қалыптасуына Батыс Еуропа графика өнерінің ықпалы болғанын көре аламыз. Оған себеп қалыптасқан қолтаңбасынан бөлек шығармашылығындағы сюжеттердің ашыла түсу барысында символдық белгілерді көбірек қолдануы. Бұл ерекшелік Батыс суретші әрі карикатурашы Ф.Гойя және Б. Ефимовтың картиналардан да орын алады [7, 148б].

«Гитлер» көркем шығармасы тік төртбұрышты қағаз бетіне тушь көмегімен орындалған (4 сурет). Алып денелі, түрі сұсты Гитлердің шарждық бейнесін сызуда, суретші тұлғаның үлкен билік иесі екендігін көрсеткісі келгендей бірінші орында. Сол жақ жоғарғы бұрыштан оң жақ төменгі бұрышқа сұсты бейнесімен қарап тұруы өз заманындағы адамдардың жүзіне күлкі ұялатқаны сөзсіз. Картинадан біз ашық аяға қара қалың штрихтармен берілген алып Гитлерден бөлек те тұлғаларды көре аламыз, алайда оларды суретші басты кейіпкердің шапанының астынан шығып тұрғанын көрсеткен. Шапан астынан екі тұлға және үшінші тұлғаның оң қолы сызылған. Шапанын барынша қысып, ашылып кетпеуін қамтамасыз ету мақсатында Гитлер екі қолының көмегімен алдына қарай қымтап жауып алған.

Абдулла Галиев карикатура жанрының іртүрлі бағытында туынды жазған жан-жақты суретші. Оның: «Ұзын құлақтың айтуы бойынша...» (1931ж), «Жеке кәсіпкер», «Кім жеңеді» 1932 ж, «Тазалауға», «Моншаға, моншадан кейін», «Мен!... Шарж» « Ұта алмады» т.б. туындылары бар. Аталған шығармалардың барлығы өз уақытында өзекті тақырып болған. Ал қазіргі жаһандану заманында аталған тақырыптарға сызылған шығармалар тек тарихи дерек болып қалып отыр.

Қазақстан карикатура жанрында Қазақ жерінде басылып шығып, осы күнге дейін өз жұмысын тоқтатпаған бірнеше газет-журналдардың алар орны жоғары. Солардың бірі - «Ара-Шмель» журналы. Журнал карикатуралық шығармаларды 1956 жылдан бастап мақаламен бірге қосып басып шығара бастаған болатын. Аталған жылдан бастап қарапайым халық карикатура өнерімен етене таныс болып, қоғамға алып келер пайдасы көп екендігіне көздері жеткен. Жалпы «Ара-шмель» журналының тарихына жолу жасай келе ең алғашқы редакторы Бейімбет Майлин екендігіне көз жеткіздік, яғни басылым сонау 1915 жылдан бері шығып келе жатқандығы біз үшін бір жаңалық болғаны рас.1915 -1918 жылдар аралығында газет «Садақ» деген атаумен жарық көрген болатын, Одан кейінгі «Шаншар» атты атаумен шыққан жалғасы болып саналатын Жүсіпбек Аймауытов басқарған «Араның» жалғасы бар жоғы бір жыл, яғни 1925 жылы ғана жарық көрген. Араға онжақты жыл салып Ілияс Жансүгіров « Балға» атты атаумен 1932 жылы қайта жарыққа шығарады. Жоғарыда аталған жылдарда басылым бетіне айтарлықтай карикатуралық шығармалар шықпады, тек сол заманның бетке ұстар қаймақтарының достық шарждық бейнесі көрініс тауып отырды. Нақтырақ атар болсақ суретші И. Савельевтың туындылары, оның ішінде Алаш Орда мүшелеріне арналған шарждық бейнесі жоғарыда аталып өткен басылым беттерінен көрініс тапты [8, 11 б].

1956 жылы республикалық “Ара-Шмель” сатиралық журналының шығуына байланысты, қазақтың ұлттық әзіл-оспағы мен шешендігін негіз еткен карикатурашылар Н. Казанцев, П.Тукмачев, В.Несторов, В.Дубровин, А. Мамин, Б.Жапаров, Ж.Қанапиянов, В.Антощенко-Оленев, М.Ержанов, Б. Табылдиев, М.Зұлхайнаров, А.Исманбетов, А.Ахметов, В.Тамаев, Б.Магамбетов, И.Көбеков, И.Симирнов, Н.Нұрмұханбетов, М.Әлібеков, В. Исаев, С.Ыдырысов, А.Уткин, М,Сейілханов, Ғ.Аманғалиев, В.Қадырбаев, Б.Ізбазаров, Б.Сартаев, Ж,Нұрсафин, А,Батаев, А.Пятков сынды көптеген тұлғалар қазақ карикатура өнерінің дамуына ерекше үлес қосқан болатын. Тұрақты суретшілерінен бөлек баспа қызметкерлері журналдан «Мысқылдар» деп аталатын арнайы тарау ашқан болатын, ол жерде қонақ кәде ретінде Париж, Берлин, Лондон, Рим, Варшава сынды алыс-жақын шет елдерден келген әлемдік жаңалықтарға сай сызылған карикатуралық туындыларын паш ете алды.

Саяси карикатура - ең басты ерекшелік цензураға көбірек көңіл аудару. «Ара-Шмель» басылымының әр санынан компартияның міндеттері мен мақсаттарына жауап бере алатын саяси карикатураларды кездестіру қиынға соқпайды. Ресми саяси карикатурашылардың шығармашылық цензурасы сол уақыттарда жақсы дамыған. Карикатурашылар кімді және ненің қандай құбылыстар арқылы сынауға және кімді сынамауға болатындығын өте жақсы білді. Карикатурада кездесетін кейіпкерлер парақорлар, сайлау кампаниялар және қоғамда болып жатқан басқа да маңызды қоғамдық-саяси құбылыстар және сол құбылыстардың орындалу процестері болып табылады [9, 10 б].

В.Дубровиннің «Түтін шықты- бітті емес пе!» деп аталатын 1964 жылы орындалған туындысы сатиралық туынды. Қолына рапорт ұстап, бір жағына

қарай қисайып тұрған түтіні будақтаған труба мерзімінен бұрын іске қосылып, жұмыскерлердің көмегімен ғана өз жұмысын жалғастырып жатқан бейне суреттелген. Туынды арқылы саяси бағыт бағдардың кесірінен көп завот, фабрикалар толық құрлысын бітпей жатып, шала іске қосылатынын көрсеткен. Жоғарыда отырған басшылықтық бір-біріне беретін асығыс уәделерінің кесірін қарапайым халық көретіндігін және қауіпті, құрлысы толығымен аяқталмаған жұмыс орнында қызмет істейтін адамдардың да өміріне қауіп төніп тұрғанынан хабардар етеді.

В.Федерцев және А.Воеводиндің бірлесіп жасаған «Сапа және өнім» деп аталатын 1963 жылы орындалған карикатурасы өзінің маңыздылығын осы күнге дейін жоймаған тақырыптардың бірі. Шығармада зіл темірді көтеруге дайындалып тұрған денелі, ұсқынсыз кейіпкер бар. Қызметінің құзырын пайдаланып өзінің қалтасына артық ақша түсіруді ғана көздеп тұрған жағымсыз кейіпкердің арам пиғылын суретшілер оның бет-жүзі арқылы көрсеткен. ХХ ғасырыдың алпысыншы жылдарында жұмыс орны, сапасыз өнім туралы шынайы көзқарас автор шығармашылығынан көрініс тапқан.

Әлеуметтік карикатура - жаңа идеялар көрінісінің ерекше мысалдарының бірі -суретшілердің тарихи тұлғаға деген жаңаша көзқарас болып табылады. Әлеуметтік карикатураның негізгі кейіпкерлері 70-80 жылдардағы партия көшбасшылары. Бірақ, мемлекет басшыларын сыни тұрғыда бейнелеуге тыйым салынғандықтан әлеуметтік қозғалыс ретінде жүзеге асты. Қоғамдағы маңызды тұлғаға прогрессивті түрде қарсылық білдіру карикатура жанрында жан-жақты бейнелердің тууылуына ықпалын тигізді. Мәсеелен: И.Кирдахжи « Қақбақыл», А.Ахметов «Конторда отыра отыра...», Н.Казанцев «Бүгінгі қазақ әдебиеті», Тукмачев «Бұл кім екен?», А.Воеводин «Жоспарлы тасқын», М.Ержанов «Техника бос қалмасын», А.Исманбетов «Оқымысты мысық», Г.Калистратов «Отдел кадров», А.Бейсембетов «Түйе», В.Жапаров «Қамқорлық», В.Федорцев «Қиықтың зары», Н.Артемьев «Үйірмеге тарту», М.Зұлхарнаев «Спорт құралдары», Ж.Қанапьянов «Қанатты тарелкалар», «Ал қазір ше?..», В.Чугунов «Сарғайып күзде жапырақ», К.Борисов «Айтпаса да түсінікті.», И.Кабак «Ұстады» т.б.

М.Ержановтың 1965 жылы жазылған «Техника бос қалмасын» атты туындысы өзіндік сюжетімен ерекше. Карикатуралық туындыда жұмыс барысында қызыл кірпішті көтеру жұмысымен айналысып жатқан техникаға кірпіш орнына шыны бөтелке қыстырып жіберген құрылыс басындағы тұлғалар бейнеленген. Аяғымен қалған кірпішті басып тұрған басшылықтың жемқорлықпен айналысып жатқан көрінісі суреттелген [10, 11 б].

Ойын-сауық карикатурасы - өнерінің ең басты функцияларының бірі. Көрерменге әзілмен толыққан туындыларды ұсыну басты мақсат. Цензураның тар шенберіндегі ресми ойын- сауықтық карикатура оншалықты өткір болған жоқ. Алайда бұл тақырыптар қарапайым халықты күлкіге бөлеп, рақаттандыра алды. Ойын-сауық карикатурасының да өз көрермені, өз деңгейінде аудиториясы болды. Мәселен, М.Ержанов «Қабаған ит бар», Б.Калистратов «Мейрамға әзірлік», «Бикешке қараймын деп», Б.Жапаров «Мұнда даяшы керек емес пе?» П.Тукмачев «Арақты тастадым», «Өткенде,қазір» И.Кабак

«Үйленем дейді» Б.Табылдиев «Үлкендер ойнап жатыр», А.Бейсембетов «Ақ торы қатын, сары ала бикеш» және де тағы басқа көптеген көрерменге көңіл-күй сыйлайтын жұмыстар. Ойын мен сауыққа құрылған карикатуралық тақырыптар мен типаждар болғаны мен халықты тәрбиге немесе бір жақсылыққа шақырып тұратын жеңіл жұмыстар болды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болғаннан бастап, карикатура өнерінде де белгілі бағыттар бойынша ізденістер жасаған суретшілеріміз жаңа шығармашылық табысқа қол жеткізе бастады. Олардың қатарында: Е. Нұразхан, А. Ғазиз, Ғ.Смағұл, Б. Сияев, Н.Тазабеков, Ө.Нұртаев, С.Ахтанов, М.Дильманов т.б.

Еркін Нұразхан әзіл-сықақ өнерінің шарж түрінде салған достық әзіл портреттерінде танымал адамдардың ішкі жан-дүниесін зерттеп, әрқайсысына тән, жақсы қасиеттерін, көңілінің кеңдігін, жүрегінің жылылығын, мейірімінің молдылығын, қиалының ұшқырлығын шебер көрсете біледі. Әдебиет пен өнер, ғылым мен саясат, қоғам қайраткеріне салынған әзіл порттері бейнелеу өнерімізге қосылған үлес. Суретші-карикатуршы адамның дарындығын, ақындылығын, жазушылығын көптеген жіңішке, нәзік, қысқа, үзік, сызықтардың жиынтығымен кейіпкер бейнесін суреттеп қимылынан, түрінен ерні мен көзі арқылы айқын білдіре алады. Ондай туындылар қатарына: ақын, драматург, аудармашы, Қазақстанның халық жазушысы ,мемлекеттік сыйлықтың иегері- Қалижан Бекхожин, жазушы – Мұзафар Әлімбаев, Сырбай Мәуленов, Расул Гамзатов, Асанәлі Әшімов, Қайсын Күлиев, Әлекей Марғұлан, Шерхан Мұртаза, Асқар Сүлейменов, Тахауи Ахтанов, Оралхан Бөкеев, Әбілдә Тәжібаев, Тұманбай Молдағалиев, Шөмішбай Сариев, Нағым-Бек Нұрмұхаммедов, Қанафия Телжанов, Исатай Исабаев, Еркін Мергенов, Олжас Сүлейменов, Қабдеш Жұмаділов сынды т.б. тұлғалар бар [11, 272 б].

Мұрат Ділманов «Ұят» (2016ж) атты жастар арасында кеңінен танымал карикатура салады. Шығармада әлемдік комикс Суперменнің қазақша нұсқасы көрсетілгендей. Ерболат Төлепбайдың Нұрсұлтан қаласында орналасқан «Ғашықтар» атты мүсініне «қазақ қызын бұлай жалаңаш сомдауға болмайды»- деп өзінің дайындап келген ормалын жабу арқылы есімі елге танылып кеткен Талғат Шолтаевтың қоғамға жасап жатқанына жауап ретінде салынған туынды. Осы тақырыптан кейін жалпы қазақ халқының Ұятмендеріне арнап арнайы серия келеді дүниеге. Қоғамда кездесетін әрбір ұятмендерге жеке карикатуралық шығарма дайындайды. Өзінің шығармасын орындау барысында карикатурашы көбінесе сұр көк түсті қолданады. Ал типаждарына келер болсақ, барлық карикатурада сомдалған кейіпкерлер комисктың шешіміне негізделген. Одан бөлек қазақ қоғамына аты мәлім бола білген ірі тұлғалардың достық шарждарын да өз көрермендеріне ұсынып жүр.

Қорытындылай келе карикатура – бейнелеу өнеріндегі нақты идеялық сыни- әлеуметтік бағыттағы ерекше жанр. Карикатура жанры жоғарыда қарастырылған қай кезеңде болмасын өзіне жүктеген әлеуметтік-саяси жүгі әр уақыттада жоғары әрі сапалы деңгейде болды. Жауынгер жанр атанған карикатура өз заманының саясатына ең мықты қарулы күш болып, халық қызығушылығына аянбай қызмет ету барысында күллі әлем тыныштығына

бағыттала отырып, демократиялық және әлеуметтік мәселелерге оң және дұрыс шешімін табуға жол ашты. Қазақстан карикатуристер шығармашылығында қозғалатын өзекті таңдап алынған тақырыбы бойынша өзіне тиесілі көрерменіне жеткізіліп және өзіндік ерекшеліктер жан-жақтылығымен ажыратылды. Саяси-қоғамдық, сын-сықақ басылым беттеріндегі карикатуралық шығармаларды көрген көрермен суретшінің жеткізгісі келген дүниені толығымен түсініп қабылдайтындай суретшілер көптеген жұмыстар жазды. Көркем шығармалар қанық түстерімен еліктіретін, көркемдік мазмұны бар, қызықты, жақсы интерпретациялы болуы саяси карикатураның ажырамас символына айналуы тиіс. Көрер көзге күлкі мен бірге астарлы ойды ұсынатын карикатуралық туындылар саяси басылымдардың ажырамас бөлігі болып табылады.

Пайдаланған әдбиеттер:

1. Швыров А. В. Иллюстрированная история карикатуры с древнейших времен до наших дней.- Санкт- Петербург, 1903. - 412 бет
2. Кротков А. Карикатура непридуманная история.- Москва, Издательство «АСТ», 2015. -320 бет
3. Аккерман Г. История карикатуры- Архив, 2008. -67 С.
4. Калитина Н.Н. Политическая карикатура Франций.- Ленинградского университета -Москва, 1970. – 258 С.
5. Ефимов Б. Основы понимания карикатуры.-Москва, 1961. - 70 С.
6. Алтунян А.Г. Политическая карикатура. – Москва, 2016. – 90 С.
7. Виды карикатуры. –Студенческая библиотека. – Москва, 2008. – 148 С.
8. Бітібаева Қ. Карикатура кескіні.- Дала мен қала.- 2013.- 14 қантар (№2) .- 11 бет
9. Есали А. Қос мекенді адам.- Егемен Қазақстан.- 2012.01.02 (№45).-10 бет
10. Әбдікәрімов С. Ой түбінде жатқан сөз...: Белгілі журналист, суретші-карикатурист Е.Нұразхан туралы.- Дала мен қала.- 2006ж (№3).-9-11бет
11. Нұразхан Е.Ы. Шарж шеруі.- Астана «Фолиант».:2012 ж.-272бет

УДК 791.43.01
МРНТИ 18.67.27

Жақпаров Қуанышбек Рахымберлиұлы,
магистрант 1-го курса, специализация «Киноведение»,
КазНАИ им. Т. К. Жургенова
zhakparovk@gmail.com

Научный руководитель:
Нөгербек Баубек Бауыржанұлы,
PhD, доцент кафедры «История и теория кино»,
КазНАИ им. Т. К. Жургенова

ҚАЗАҚ ЖАҢА ТОЛҚЫН ДӘУІРІНДЕГІ ЖӘНЕ 2010 ЖЫЛДАРЫ ШЫҚҚАН КИНОДА 1990 ЖЫЛДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК УАҚЫТТЫҢ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. 1990 жылдар тақырыбы қазақ киносында елеулі үзілістен кейін қайтадан танымал болып келеді. Осыған байланысты 1990 жылдардағы «қазақ жаңа толқыны» деп аталатын кинематографияны және осы уақыт кезеңі туралы қазіргі заманғы модельді талдауға қажеттілік туындайды, өйткені «уақытты басып алу» тәсілдерінің айырмашылықтарын табу қажет. қарастырылып жатқан фильмдер. Салыстыру мақсатында және бейне айқынырақ болу үшін отандық киномен ортақ тақырыптары бар бір мезгілде түсірілген орыс киносына қарастырылып отырған кезеңге салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде кинематография жағдайында әлеуметтік уақытты «шын уақыт» және өткен дәуірді қазіргі өмірде қайта құратын «құрастырылған уақыт» деп бөлуге болатындығы анықталды.

Тірек сөздер: әлеуметтік уақыт, қазақ жаңа толқыны, орыс киносы, 1990-жылдар, 2010-жылдар, қылмыстық кино, әлеуметтік кино

ОБРАЗ СОЦИАЛЬНОГО ВРЕМЕНИ 1990-ЫХ ГОДОВ В КИНО КАЗАХСТАНА ПЕРИОДА КАЗАХСКОЙ НОВОЙ ВОЛНЫ И 2010-ЫХ ГОДОВ

Аннотация. Тема 1990-ых годов в казахском кинематографе вновь начинает набирать популярность после значительного перерыва. В связи с этим, возникает потребность проанализировать кинематограф 1990-ых годов, называемых «казахской новой волной» и фильмы об этом периоде времени современного образца, чтобы найти различия в подходах «запечатления времени» в рассматриваемых картинах. Для сравнения и большей наглядности был проведён сравнительно-сопоставительный анализ российского кино, снятого в то же время, имеющего общие темы с отечественным кинематографом, рассматриваемого периода. В ходе исследования было установлено, что в контексте кинематографа социальное время можно

разделить на «истинное» и «реконструкцию», воссоздающее прошедшую эпоху в современных реалиях.

Ключевые слова: социальное время, казахская новая волна, российский кинематограф, 1990-ые годы, 2010-ые годы, криминальное кино, социальное кино

THE IMAGE OF THE SOCIAL TIME OF THE 1990S IN THE CINEMA OF KAZAKH NEW WAVE PERIOD AND 2010S

Abstract. The theme of the 1990s in Kazakh cinema is gaining popularity again after a significant break. In this regard, there is a need to analyze the cinema of the 1990s, called the «Kazakh new wave» and films about this period of time of the modern model, in order to find differences in the approaches to «capturing time» in the films under consideration. For comparison and greater clarity, a comparative analysis of Russian cinema, filmed at the same time, having common themes with domestic cinema, of the period under review was carried out. The study found that in the context of cinematography, social time can be divided into «true» and «reconstructed», recreating the past era in modern realities.

Keywords: social time, Kazakh new wave, Russian cinema, 1990s, 2010s, crime cinema, social cinema

Введение

Прежде чем переходить к предмету статьи, следует дать определение тому, что такое социальное время. Как охарактеризовала данное понятие в своей диссертации «Образ социального времени в телевизионном пространстве» Байдина В. С., «социальное время — это категория социокультурного бытия, характеризующая жизнедеятельность общества в историческом контексте» [1, с. 14]. Из этого определения следует, что жизнь общества с течением времени изменяется в лучшую или худшую сторону в соответствии с определёнными экономическими факторами, прямо влияющие на неё. Такими факторами могут служить: войны, экономические кризисы, революции; социальное, экономическое, расовое и этническое неравенство.

Обзор литературы

В данном исследовании использовались такие труды как: диссертация Байдиной В. С. «Образ социального времени в телевизионном пространстве», книга Яковлева В. П. «Социальное время», книга Дэвида Гиллеспи «Российское кино», книга Биргит Боймерс «Режиссура мирового кино: Россия», книга Яны Хашамовой «Гордость и паника: русское представление Запада в пост-советском кино», книга и статья Абикеевой Г. О. «Нациостроительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе» и «Нациостроительство в фильмах Серика Апрымова» соответственно; книга Нөгербека Б. Р. и Нөгербека Б. Б. «Казахское игровое кино: фольклорные традиции и образ героя».

Основная часть

Говоря о социальном времени, всегда стоит учитывать то, что со сменой времени меняются и так называемые «герои своего времени», которые являются квинтэссенцией всего, что происходит в обществе в данный момент. Социолог В. П. Яковлев в своей работе «Социальное время» говорит о том, что в самой «структуре социального времени» основным столпом является «время поколения» [2, с. 66]. Любому «времени поколения» присущи свои атрибуты, которые частично, либо полностью исчезают как явление в следующем времени. Как пример, можно взять 2000-ые годы, тоже показанные в казахстанском кинематографе – криминал в том виде, с которым его ассоциируют в привычном понимании, исчез с улиц. Главной проблемой 2000-ых годов, чуть более благополучных, стал кризис экзистенциальный, показанный в фильме Наримана Туребаева «Маленькие люди», где проблемы персонажа уже другие – они не связаны с бандитами, которые его «поставили на счётчик». Он не знает, что делать со своей жизнью, он абсолютно беспомощен, и даже для тушения сигареты ему нужен кто-то, чтобы к нему подвинуть пепельницу. Что касается экономических проблем, то тут демонстрируется ещё один атрибут тех времён – сетевой маркетинг, в который оказывается вовлечён главный персонаж вместе со своим другом, проходящий с ним через весь фильм, покидая его в конце. Стремление заработать много и быстро и спустя двадцать лет никуда не пропало.

Социальное время – это всё, что делает человек в определённый промежуток времени: какую идеологию и религию исповедует, от проблем какого характера страдает, его жизненные приоритеты, методы достижения своих целей, одежда, которую он надевает каждый день; новости, которыми он делится с другими людьми, способ передвижения по городу, в котором он проживает и состояние города вокруг, автомобиль, если он у него есть.

Возвращаясь к теме 1990-ых, следует проанализировать то, как это время запечатлели режиссёры России. Как отмечает Дэвид Гиллеспи, автор книги «Российское кино», в 1990-ых «доминирующим жанром кино для местной аудитории стал триллер, связанный с городской преступностью» [3, с.151], приводя в пример фильмы Станислава Говорухина «Ворошиловский стрелок» и Алексея Балабанова «Брат». В первом случае, показывается то, что в то время на милицию было мало надежды из-за связей с ней преступников (родственных или экономических) и желание населения взять правосудие в свои руки, так как полагаться им не на кого. Как это охарактеризовал Гиллеспи, «Иван Фёдорович наводит винтовку не злодеев в частности, но символично на весь социальный строй современной России» [3, с.151].

В случае с фильмом «Брат», то здесь прослеживается схожий мотив — человек берёт правосудие в свои руки, очищая город преступности, неся добро для обездоленных, беззащитных перед лицом той же самой «братвы», наподобие бездомного старика Гофмана, которого главный герой случайно встречает на улице и вступается за него.

С персонажем Данилы Багрова, которого сыграл Сергей Бодров младший, можно провести параллель с американским кино и одним из персонажей, что это кино олицетворяют – Джоном Рэмбо из «Рэмбо: Первая кровь». И в «Брате» и «Рэмбо» персонажи практически похожи – оба они ветераны ненавистной в народе войны (Первая чеченская и Вьетнамская соответственно), оба они оказываются заложниками обстоятельств и вынуждены решать проблемы так, как они умеют, чтобы выжить; оба научены на полях сражений изобретательно убивать людей. Но, между ними есть и различия — если Рэмбо встретился с враждебной реакцией на родине и сражался символически за своё право быть принятым как человек, за равенство в правах с другими представителями общества, то Багров отстаивает своё право жить на этом новом «диком Западе», которой была Россия в начале 1990-ых, когда закон на бумаге был формальностью, а истинным законом была сила. Здесь же показывается и мотив того, что нынешняя Россия находится в стадии «вестернизации», то есть становится похожа на Запад, который начал проникать сразу после падения «Железного занавеса», образ которого воплощён в персонаже по имени Кэт, отвергающей всё русское – русский язык, в котором преобладают англицизмы, неприятие русской музыки, неблагожелательное отношение к её слушателям (как она называет нецензурно Данилу, за то, что тот является фанатом группы «Наутилус Помпилиус»).

Если «Брат» больше сфокусирован на процессе, который происходил по всей России, ознаменованный болезненным переходом от социалистической идеологии к капиталистической, и от плановой экономики к рыночной и его воздействием на людей, то «Сёстры» обращаются к вопросу того, кем будут дети «этого времени», рождённые в новой России.

Дети, рождённые на пороге развала СССР и уже после него, это сплав культур, что демонстрируется через музыкальное сопровождение, в котором в равной степени присутствуют композиции группы «Кино» и индийские мотивы, которые ни коим образом не конфликтуют друг с другом, а данный аспект, как отмечает Ларс Кристенсен в статье про фильм «Сёстры» в сборнике «Режиссура мирового кино: Россия», является “ностальгией по дружбе народов в СССР” [4, с.236]. Если Данила Багров из фильма «Брат» был приверженцем русской культуры – слушал русский рок на диске при помощи своего плеера, покупал самопальные видео концертов на кассетах; отпускал реплики, касательно того, что Америке скоро придёт конец, даже не учитывая то, что человек которому он эту реплику адресовал был французом, давая понять то, что национальность не играет никакой роли; не любил выходцев с Кавказа, так как сам недавно вернулся с Чеченской войны, то в «Сёстрах» подобных мотивов нет, ведь фильм про единение перед лицом общей беды и адаптацию к непривычным условиям в провинции.

Как отмечает Яна Хашамова, автор книги «Гордость и паника»: русское представление Запада в пост-советском кино, в фильмах Балабанова, такие как «Брат», «Брат 2» и «Война» Балабанов создал супергероев, которые были нужны России в то время и “приспособил социо-физиологический аспект,

Серик Абишев рассказал про свой удачный опыт с Адильханом Ержановым и Русланом Акуном. Секрет успеха по его мнению, заключается в первую очередь в дружбе режиссёра с продюсером. К неудачному взаимодействию он отнес тот момент, когда у тандема разные интересы и вкусы например. Таким образом, проект может просто не состояться в самом начале. Избежать конфликта по его мнению возможно при понимании и умении слышать друг друга. Улучшить производство конкурентоспособного кино в стране можно. Также он отметил, что нужно стремиться к ко-продукции. Чтобы зарубежные специалисты к нам приезжали и совместно снимали фильмы. Наилучший тандем, по мнению продюсера, это Харли Вайнштейн и Квентин Тарантино.

Продюсер Айгуль Черендинова также поделилась удачным взаимоотношением с режиссёром Бакытом Каирбековым. На её взгляд, удачными тандемами являются Анна Качко и Эмир Байгазин, Шарипа Уразбаева, Адильхан Ержанов и Серик Абишев. По её мнению, классикой считается когда режиссёр ждёт вдохновения, ждёт момента, когда будет работать. Продюсер же создаёт условия, для того чтобы режиссёр смог воплотить в реальность свой замысел и идею. Неудачное взаимоотношение она раскрыла на примере режиссёра Владимира Тюлькина и Галины Кузембаевой. Конфликт произошёл из-за недоговорённости в документах. Избежать конфликтных ситуаций можно при помощи старания понять режиссёра в то время, когда у него нет вдохновения либо мотивировать его. По мнению продюсера Айгуль Черендиновой, чтобы в Казахстане реализовалось полноценное, конкурентоспособное продюсерское кино, нужно создавать целую среду продюсеров и научится им доверять и отойти от представления, что продюсер это исключительно финансовая единица. Успешный тандем по её мнению, это когда есть общие философские представления, общие ментальные ценности у тандема.

Бану Рамазанова про удачное взаимодействие с режиссёрами, рассказала на примерах таких тандемов как – Серик Абишев и Адильхан Ержанов и Ольга Хлащова. Также Фархат Шарипов и Дина Жумабек. Данные тандемы в течении долгого времени работали вместе и приходили к успеху. Когда находишь своего режиссёра, уже понимаешь друг друга. Неудачные примеры взаимодействия по её мнению происходят у режиссёров. Потому что продюсеры привыкли работать с разными жанрами, с разными людьми. Продюсеры не работают на одной картине, они работают параллельно и на других картинах. Избежать конфликтов можно если не поддаваться эмоциям. Также продюсер считает, что нужно уметь ставить проект впереди себя. По её мнению, улучшить производство конкурентоспособного продюсерского кино можно за счёт того, что продукт который производим должен быть конкурентоспособным. Необходимо производить разные жанровые продукты. Нельзя держаться только на одном. Наиболее успешный тандем, по мнению продюсера, это когда режиссёр и продюсер вместе растут, познают кино, поднимаются вместе и идут к одной поставленной цели.

Заключение.

В процессе работы над данной научной статьей, нами были обнаружены ряд основных проблем и предложений для их решения.

Данные проблемы были выявлены, при выяснении точек соприкосновении мнений режиссёров и продюсеров по концептуальным вопросам, которые были заданы методом интервью. Было задано 10 концептуальных вопросов: из которых пять были заданы четырем режиссёрам и следующие пять вопросов были заданы четырём продюсерам. Также был произведен анализ-опрос, по которому можно точно понять, какие критерии важны как для режиссёров так и для продюсеров.

В процессе интервью, были оспорены вопросы, связанные с взаимоотношениями режиссёра и продюсера. Авторы пришли к выводу и опираясь на свой опыт, делились своим видением решения проблем.

В целом, наши результаты демонстрируют сильное влияние психологии и коммуникации в обществе и умения общаться с людьми. Также, стоит отметить – наши данные свидетельствуют о том, что нам еще много предстоит сделать, чтобы улучшить состояние казахского кинематографа и приложить усилия, чтобы в тандеме режиссер-продюсер не возникало конфликтных ситуаций.

По результатам таблиц стоит отметить таблицу № 3. Это исследование порядка оценок качеств продюсера по мнению режиссёров. Анкета показала:

По качеству на последнем месте по рейтингу стоит склонность к присвоению денежных средств – 10; стремление поступать по правилам на 9 месте; нестандартное мышление (креатив) – на 8 месте; опыт без соответствующего образования на 7 месте; наличие образования без опыта работы расположилось на 6 месте; склонность к сотворчеству на 5 месте; склонность к авантюрам на 4 месте; авторитарность на 3 месте; ответственность на 2 месте и честность заняла 1 место.

Касательно анкеты для продюсеров, на таблице № 4, можно сделать следующие обобщения:

По качеству на первом месте по рейтингу стоит ответственность; на втором месте склонность к сотрудничеству; на 3 месте непреклонное следование заранее продуманному плану съемок; на 4 месте опыт, но без соответствующего образования; на 5 месте расположилась склонность к творческим компромиссам; на 6 месте стремление добиваться задуманного любыми средствами; на 7 месте авантюрность; на 8 месте наличие соответствующего образования без опыта; на 9 месте авторитарность и на 10 месте склонность к импровизациям на съемочной площадке.

Список литературы:

1. Беленький И. История кино. Киносъёмки, кинопромышленность, киноискусство. — Москва: Искусство, 2019. — 408 с.
2. Сидоренко В. И., Огурчиков П.К. Профессия – продюсер кино и телевидения. — Москва: ЮНИТИ-ДАНА , 2017. — 712 с.
3. В. И. Сидоренко, Криволуцкий Ю. В. Продюсерство. Управление кинопроектом. — Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. — 303 с.
4. Шубкин В. Н. Социология и общество: Научное познание и этика науки. Москва : ЦСПиМ, 2010. — 424 с.
5. Д. Мацумото. Психология и культура. — Санкт-Петербург: Культура, 2003. – 289 с.
6. Д. В. Шмелева. Организационно-правовые формы инновационного предпринимательства в РФ. — Москва: Юстинциформ, 2016. — 210 с.
7. Ильин Е. П. Психология творчества, креативности, одаренности. — Санкт-Петербург: Культура, 2012. — 434 с.

Күшпенова Р. Б.
Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА «Арт -менеджмент» мамандығы бойынша 1курс магистранты
raikhan.mambetova@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:
Сорокина Ю. В.
PhD, Т. Қ. Жүргенова атындағы ҚазҰӨА аға оқытушысы
Алматы, Қазақстан Республикасы

ҚОБЫЗ АСПАБЫН ДӘРІПТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Бұл мақала қобыз аспабын дәріптеудің заманауи әдістерін зерттеуге арналған. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде музыканың адам баласына әсері туралы маңызды зерттеулер жүргізілуде. Қобыз ұлттық аспабына деген қызығушылықты ояту және таныстыру. Ғылым мен техниканың жетістіктерінің арқасында біз кез-келген жерде және кез-келген уақытта музыка тыңдай аламыз. Бүгінгі таңда музыкалық туындыларды танымал ету жаңа заманауи технологиялардың көмегімен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, бұл электро, яғни пикаптар, дибокс, комбиктер, күшейткіштер және дыбыстарды жетілдірудің көптеген әдістері жатады. Сапалы музыка тыңдауға мүмкіндік бере отырып, біз өскелең ұрпаққа дұрыс музыкалық талғамды сіңіре аламыз. Бұл жұмыста қобыз аспабының классикалық және жетілдірілген түрлерін қолдану тәжірибесі сипатталады.

Тірек сөздер: заманауи әдістер, қобыз, насихаттау, халық музыкасы, Қазақстан жастары, Ұлы дала, халық музыкалық аспаптары

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ПОПУЛЯРИЗАЦИИ КОБЫЗА

Данная статья посвящена изучению современных методов популяризации кобыза. В настоящее время во всем мире проводятся важные исследования по влиянию музыки на ребенка человека. Знакомство и пробуждение интереса к национальному инструменту кобыз. Благодаря достижениям науки и техники мы можем слушать музыку в любом месте и в любое время. На сегодняшний день популяризация музыкальных исктрументов происходит с помощью новых современных технологии. А именно это электро, то есть звукосниматели, дибоксы, комбики, усилители и много много разной техники для совершенствования звуков. Дав возможность слушать качественную музыку, мы сможем привить подрастающему поколению правильный музыкальный вкус. В данной работе описывается опыт применения классических и усовершенствованных видов кобызового инструмента.

Ключевые слова: Современные методы, кобыз, продвижение, народная музыка, молодежь Казахстана, великие степи, народные музыкальные инструменты

MODERN METHODS OF POPULARIZATION OF KOBYZ

This article is devoted to the study of modern methods of popularization of kobyz. Currently, important research is being conducted around the world on the impact of music on the human child. Introduction and awakening of interest in the national instrument kobyz. Thanks to the achievements of science and technology, we can listen to music anywhere and at any time. To date, the popularization of musical instruments is carried out with the help of new modern technologies. Namely, this is electro, that is, pickups, diboxes, combos, amplifiers, and many many different techniques for improving sounds. By giving the opportunity to listen to high-quality music, we will be able to instill the right musical taste in the younger generation. This paper describes the experience of using classic and advanced types of kobyz tools.

Keywords: Modern methods, kobyz, promotion, folk music, youth of Kazakhstan, great steppes, folk musical instruments

Кіріспе

Қай заманда болмасын музыканың адамға берер әсері зор және қазіргі таңда зерттеліп жатырған өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Ғылым мен техниканың жетістіктерінің арқасында біз кез-келген жерде және кез-келген уақытта музыка тыңдай аламыз.

Ұлттың байлығы оның мәдениетінен басталады. Қазақ халық музыкасы мен ұлттық аспаптардың жағдайы, атап айтқанда, жастар арасында қобыз аспабы танымалдылығы, орны қаншалықты маңызды?

Қобыз аспабының дизайн ерекшелігі – бұл гриф пен ішек арасында кеңістіктің болуы, ал төменгі бөлігі – ағаш корпустан, одан кейін тар бөлігі түйе терісінің мембранасымен бекітіліп, оған ішекті тіреу бекітілген. Аспаптың профильдік контуры қатты иілген. Аспап ішектері қылдан жасалған.

Қобызда ойнау техникасы алуан түрлі болып келеді, сол қолмен ойнаудың негізгі әдісі – ішекті бүйіріне (тырнақтарына) немесе үстіне жеңіл тигізу; ал оң қол ысқышты қолдану арқылы жүзеге асады. Құлақ күйі квинта, кейде белгілі бір шығарма, күйлерге байланысты квартаға сай екі дыбысты қатар үн шығара алады. Домбырамен қатар қазақтың негізгі ұлттық музыкалық аспаптардың бірі болып табылады. Жеке аспаптық репертуары – күй, қобызға арналған шығармалар.

Қобыз да эпостың орындалуымен қатар сүймелдеп жүреді, бұрын бақсы (шаман) салт-жораларымен байланысты болған.

Қазіргі уақытта жасалған модификацияланған 3-4 ішекті қобызды солисттер, қазақ аспаптарының ансамбльдері мен оркестрлерінде қолданады.

Ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасап келе жатқан рухани өнерімізде қобыз ерекше орын алады. Қобыз аспабы туралы сөз қозғағанда, біз бірінші кезекте қобыздың өнертапқышы – Қорқыт атаны еске аламыз. Ол қасиетті аспаптың дыбысында мәңгілік өмір іздеді және адамдардың қайғысы мен жан

айқайын қобыз үнімен жеткізе алды. Оның есімі шығыстануда да белгілі. Ол барлық түркітілдес халықтарға ортақ жалғыз көне мәдени ескерткіштің – "Қорқыт Ата Кітабының" авторы және басты кейіпкері.

Қазіргі әлем өте қарқынды дамып келеді және осы өзгерістерге байланысты біздің мұрамыз кейде көлеңкеде қалады. Қазіргі уақытта біз рухани даму мен үйлесімділікке бұрынғыдан да мұқтажбыз. Өкінішке орай, адамға қарама-қайшы стильдерді қабылдау өте қиын. Атап айтқанда, халық аспаптары жағдайында біз халықтық және қазіргі заманғы музыканы олардың синтезі арқылы, яғни фольклорлық музыканы, халық аспаптарын заманауи аспаптар арқылы танымал етуді ұсынғанымыз абзал.

Дәстүрлі музыкалық аспаптарды жаңғырту қазіргі заманғы аудиторияға жақын әрі түсінікті форматта болуы керек.

Атап айтқанда, ежелгі сөздер мен мәтіндер суреттермен бірге жүруі немесе жарқын бейнематериалдар түрінде бейнеленуі мүмкін. Өз кезегінде дыбыстар мен әуендер түпнұсқа аспаптар арқылы ғана емес, сонымен қатар олардың заманауи электронды нұсқалары арқылы да туылуы мүмкін [1, 47 б.].

Бұл мақаланың мақсаты – қобыз ұлттық аспабына деген қызығушылықты ояту және кеңінен таныту. Өскелең ұрпақты қобыз аспабымен танысып, меңгеріге баулу.

Бұл жұмыста зерттеу, синтез, ақпаратты жалпылау, сонымен қатар талдау сияқты әдістер қолданылды. Автор қазақ аспаптық музыкасын насихаттау бойынша заманауи жобаларға талдау жасады. Бұл жұмыста қобыз аспабының классикалық және жетілдірілген түрлерін қолдану тәжірибесі сипатталады.

Зерттеу нәтижелері

Болат Сарыбаев көне фольклорлы аспаптарды зерттеп, оларды қалыпқа келтірген адам. XX ғасырда Б. Сарыбаев орасан зор жұмыс атқарды, фольклорлық музыканың жаңа әлемін жасады. Д. М. Мерғалиев қазақ халқының музыкалық фольклоры мақаласында Қазақстанның өзіндік музыкалық өнері – еліміздің көпұлтты мәдениетінің ажырамас бөлігі деп жазды [2, 2 б.]. Оның қазіргі кезеңдегі табыстары мен жетістіктері – қазақ халқының өміріндегі аса ірі мәдени, әлеуметтік өзгерістердің нәтижесі. Халық әні мен күйінен, опера мен симфонияға дейін, ауызша шығармашылықтан қазіргі ғылымға дейін, бұл – тарихи қысқа мерзім ішінде қазақ кәсіби музыкасымен өткен жолы. Қазақ халық өнерін қоғамның эстетикалық мәдениет саласы ретінде зерттей отырып, көркемдік-шығармашылық процесті ұлттық өмір мен ойлау тәсілі ретінде басты назарға қойылады. Сондай-ақ, ән дәстүрлерінің музыкалық және стильдік ерекшеліктерін зерттеуге көп көңіл бөлінеді.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1934 жылы халық аспаптар оркестрін құра бастады, шеберлер Романенко мен Қ. Қасымовпен бірге қыл қобыз корпусын кеңейту және оның оңтайлы өлшемі, дабыл жарғағының тұрақтылығы, қашықтығы мен өнімділігі бойынша зерттеу жұмысын бастады, сондай-ақ оркестрдің құрамына прима, альт қобыздарын қосты. [3, 8 б.]. Ол өзіннің еңбекқорлығы мен ізденісінің арқасында әр аспапты жетілдірудің ұзақ және

күрделі процесіне жол тапты. Қобызға үшінші ішек қосу арқылы диапазонның ауқымы мен жұмыс сипаттамалары кеңейтілді. Үш ішекті қобыздың пішіні ойнауға ыңғайлы болатындай етіп жасалған. [4, 15 б.].

1958 жылы бір ішекті қосып, прима-қобыздың қазіргі нұсқасы пайда болды.

Бірінші Прима-қобызшы Фатима Балғаева (1927-2005). Фатима өзінің еңбек жолын Жамбыл атындағы қазақ филармониясында қазақ халық аспаптар оркестрінің құрамында бастады. Содан кейін білімді домбырашы Қали Жантілеуовтан сабақ алды, ол тіпті оркестрде өзінің мұғалімімен бірге бірінші пультте отырды. 2-3 жыл ішінде Фатима домбыраны игерді. [5, 7 б.]. Оркестрде отырғанда ол қобызшылар, Жаппас Қаламбаев пен Гүлнафис Баязитованың аспапта шебер орындауларына қызығушылықпен қарап, мұқият зерттеді. Фатиманың қобызда ойнауға деген құштарлығы болды, бұл тілекті Жаппас Қаламбаев байқап, оны үйрете бастады. [6, 13 б.].

Қысқа уақыт ішінде қобызда ойнауды үйреніп, осыдан кейін Құрманғазы оркестрінің құрамында Прима-қобызшы ретінде жұмысы басталады. 1945 жылы консерваторияда қазақ халық аспаптары бөлімі өз жұмысын бастайды. Фатима Балғаева атақты ұстаз, скрипкашы И.А. Лесманға оқуға түседі, өйткені ол кезде кәсіби прима-қобызшылар болмаған, Ахмет Жұбановтың өтініші бойынша Лесман скрипка сыныбымен қатар прима-қобыз сыныбынан да сабақ береді.

Ахмет Жұбанов бірінші болып прима-қобыз үшін шығармалар жазды, оларды "Қобызға арналған 5 пьеса" (5 пьес для кобыза) деп атады. Оған "Ария", "Романс", "Көктем", "Жез-кийк" және "Вальс"кірді. Осындай жетістіктен кейін Жұбановқа Л.Хамиди, Е. Брусиловский, с. Мұхамеджанов, М. Қойшыбаева, Қ. Күмісбеков және т. б. композиторлар қосылды. Фатима Балғаеваның шеберлігі көптеген композиторларды қобызға арнап алғаш рет шығармалар жазуға шабыттандырған. [7, 3 б.].

Бүгінгі таңда Layla Qobyz Ләйлә Тәжібаева қобыз аспабын заман талабына сай дәріптеп келе жатқан жарқын өнер майталмандарының бірі болып табылады. Ол аспаптың потенциалы мен мүмкіндіктерін аша отырып, әлемдік хиттерді, сондай-ақ қазақ халық күйлерін асқан шеберлікпен орындайды. «Ләйлә Тәжібаева – академиялық музыка және эстрада индустриясында көп жылдық тәжірибесі бар қобызшы.

Ұлттық аспапта ойнай отырып, ол дыбыстық әртүрлі мүмкіндіктерді пайдалана отырып халық әндерін, сондай-ақ Queen, Aerosmith және Nirvana хиттерін шебер орындайды. Өз арманын жүзеге асыру және басқа қобызшыларға әлемдік аудиторияға шығуға көмектесу үшін Ләйлә электро-қобызды жасауды қолға алды". Ләйли Тәжібаеваның сұхбатынан үзінді. [8, 5 б.].

Ютубта Dalamedia атты канал ашылған, онда қобыз және басқа да аспаптар бойынша онлайн сабақ алуға мүмкіндік бар.

Batebit Controller: сандық музыкалық аспаптарды дамыту процесін танымал ету жаңа сандық музыкалық аспаптарды жасау туралы ойлауды танымал етуге байланысты тұрақты зерттеу жобасын ұсынады. Олар жаңа

пайдаланушыларға сандық музыкалық аспапты жасау процесі туралы алғашқы білім беруге арналған физикалық жинақ пен бағдарламалық жасақтаманы жасады.

Жаңа прима қобыз аспабын жасау барысында заманауи пикаптарды (музыкалық технологияларды) қосу оңай болмайтыны анық болды. 70 жылдан кейін алғаш ойлап табылған прима-қобыз және сан ғасырлық қыл-қобыз заманауи мүмкіндіктерге ие болды. 2007 жылы мансабын енді ғана бастаған Асыл тобы электрлік жаңа технологияларды қобызбен байланыстырды. Басында сәтсіздіктер болды, өйткені әр аспаптың дыбысталу ерекшелігі әр түрлі. Асыл тобы бүгінгі күнге дейін жаңа дыбыстарды әлі де іздену үстінде, өйткені заманауи технологиялардың көмегімен дыбыстарды шығаруға жаңа мүмкіндіктер ашылуда.

Электрлік музыкалық аспап – бұл электр құрылғыларын пайдалану арқылы шығаратын дыбысты анықтайтын немесе әсер ететін құрал.

Электрлік музыкалық аспаптар электрлік музыка технологиясының мысалы болып табылады. Сондай-ақ, ол музыкалық аспап ретінде белгілі электронды күшейткішті аспаптың электрлік сигналдары ретінде болжанған дыбысты жобалау үшін жалпы қолдану. Күшейткіш құрылғылардың екі жалпы түрі – гитара күшейткіші және басс күшейткіші. Бұл синтезатор сияқты электронды музыкалық аспаппен бірдей емес, ол толықтай қолданады электронды құралдар басқару дыбысын қалай құруға болады.

2007-жылдар. Қобызда ойнайтын орындаушылардың саны көбейгеніне қарамастан, қарапайым адамдардың көбісі домбырадан басқа халық аспаптары туралы тек аңыздардан немесе кітап беттерінен білетін кез болды. Қобызды кейбір меломандар, аға буын өкілдері мен музыканттар ғана аспаптық музыканы бағалайды. Көпшіліктің қызығушылығы мен қобыз өнерімен таныстығы өте төмен болды. Көпшіліктің: "қобыз – бұл уақыт өткізу", "қарттың көзі" немесе " аза тұтудан басқа не тыңдайсың?» деген көз қарастары қатты қынжылтады. Сондықтан біздің асыл мұрамызды қарапайым халыққа, әсіресе жас ұрпаққа, соның ішінде батыс музыкасын тыңдайтын жас ұрпаққа тарату үшін 2007 жылы қазіргі заманғы форматта халық мәдениетіне жанашыр Ғ. Арыстанбекұлының қолдауымен "Асыл" (ASSYL) тобы құрылды. Ол кезде жоба алдында тұрған негізгі мәселелер:

- Қарапайым адамдардың назарын заманауи Батыс музыкасына қалай аударуға болады?

- Қандай музыка ауқым аудиторияны қызықтырады? Репертуар сұрақтары.

Сол жылдары ата-аналар балаларымен концерт көруге ұялатын. Себебі, көптеген жас әртістердің сахналық бейнелері, киімдері тым ашық болды. Бұл процесті қалай өзгертуге болады?

Халық музыкасын жастарға қалай насихаттай алауға болады деген сияқты тағы да басқа мәселелерді талқылап, жауап іздей бастады [9, 4 б.].

Топтың аспаптық құрамы екі прима-қобыз және бір қыл-қобыз болды. Репертуарында халық әндері, авторлық кюи және заманауи эстрадалық аранжировкалары бар композициялар, топтың бағыты анықталды. Ұлттық

костюмдерге аспаптармен қатар заманауи өзгерістер енгізілді-жаңа стильді сахналық бейнелер жасалды. Ең бастысы, топтың бейнесі өте ұстамды, әдемі "ұзын көйлектер және жабық жеңдер" қағидатын ұстанып халық алдына паш етілді.

Қазіргі Батыс музыкасына бейімделген қарапайым адамдардың назарын қалай аударуға болады? Жаңа және әдемі заманауи электр құралдарын жасау қолға алынады. Сахнаның эстетикасын сақтау үшін аспапта ойнау тәсілін өзгертіп, оларды үйлесімді би қойылымдарымен толықтырды. Жаңа электр құрылғыларының көмегімен қазіргі жастар үшін ұлттық мәдениетті насихаттай аламыз деген идеядан бастадық.

2009 жылға дейін тиісті деңгейде электр аспаптарын жасау үшін арнайы шеберлер іздестірілген. Қорқыт атамыз бүкіл әлем бойынша саяхаттап, мәңгілік өмір іздеген болса, Асыл тобы шетел асып музыкалық аспаптар жасайтын компаниялармен де хабар алысқан. Кейбіреулер: "өкінішке орай, біз қобыз құрылымын білмейміз, дыбыс қандай болуы керек, макеттер жоқ, біз оны жасай алмаймыз"деді, ал басқалары: "егер жасасаңыз, оны тек жергілікті шеберлер жасай алады", - деп жауап қайтарған болатын. Содан кейін, өз ой-пікірлерімен, жоспарларымен еліміздің жергілікті шеберлерімен бөліскен кезде, олардың көпшілігі түсінбеді, керісінше күліп, қобызды бұзуға тырысып жатырмсыздар деп наразылықтарын білдірген. Біздің адамдар тек қатып қалған, белгіленген тәртіппен жүруді доғарып, жаңа эксперименттерге жол береді деп үміттенген күндер болды.

Қазақтың көне музыкалық аспаптарының бірі ретінде қобыз да қиын кезеңдерді басынан өткерді. Қобыз аспабын жасау әдістері де өзіндік қарапайым формаға қарағанда күрделірек болды. Қобыздың мойны аққудың мойны сияқты бүгілген, денесі садақ тәрізді, іші қуыс, беті құрғақ терімен жабылған.

Қобыздың қос ішектері жылқы қылынан жасалған. Біз адамдар арасында шеберлер ағаш түрлерін таңдап, оларды кесіп тастағанын білеміз, енді олар денесі мен мойнын жеке-жеке желімдеп, сыртқы түрін дамытып, оларды тартымды етеді. Бұл көне аспап құрамында халқымыздың көпғасырлық мұң мен арман, қуаныш пен қайғысы жатыр. Қобыздың әуенінде тыңдаушының жаны мен жүрегіне әсер ететін қоңыр дыбыс бар. Бұл музыкалық аспап басқаларға қарағанда күрделі және көптеген адамдар оны игере алмады. Басқа құралдар сияқты үйрену оңай емес. Қобызды ойнау ішкі дайындықты және қобызды жасауда үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Ең алдымен, сіз аспаптардан сапалы дыбыс шығара алуыңыз керек. Батыс ғалымдары мен шеберлері Страдивари, Гуарнири, Амати скрипканы, акустикалық сипаттамаларды, бөлшектердің сандық сапасын, өлшем бірліктерін және тіпті әр миллиметрді қазіргі скрипкалармен салыстыра отырып сынайды.

Адамдарға "сіз ұмтылатын идеал"деп айту ақылды емес пе?! Ердос Рахымбеков, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының сәндік-қолданбалы өнер факультеті, Сәндік өнер факультеті, "Ағаш өңдеу" мамандығы бойынша аға оқытушы: "осыдан бастайық", - деді. Бұл дұрыс па?

Әр түрлі сұрақтар мен қорқыныш сезімдері болды. Алайда ол: "мазасыздықтың түбі-бұл тұңғиық, сіз батаға ие боласыз, ал тәуекелдің түбі – жел", - дейді.

2017 жылы продюсердің басшылығымен Асыл тобы 12000 көрермен аренасында 22 қыздың 8 минуттық қойылымын дайындады. Кейін Бұқаралық ақпарат құралдарында бұл туралы жазған.

Біз мұндай көмірді көптен бері жасағымыз келді, бірақ жағдай сәйкес келмеді. 2017 жылдың жазының соңында бізге жыл сайынғы "Жыл таңдауы"сыйлығында сөз сөйлеу туралы ұсыныс түсті. Бізде жақсы алаң, уақыт, демеушілер, мүмкіндіктер мен тілек болды. Біз Нөмірді жобалаудан, композиция мен әндерді таңдаудан, команданың шексіз жиналыстарынан бастадық. Содан кейін біз кастинг туралы жарияладық, кастингке 50-ге жуық қобызшы келді, олардың ішінен жалпы есепте 20 қыл мен прима қобызшыны іріктеп алдық. Біздің алдымызда үлкен міндет тұрды: барлық қобызды өкшеге қойып, тұрып ойнауға және жүруге үйрету.

Бұл жобаға режиссер мен қоюшы-хореограф қосылып, олар 22 қобызға сахналық қойылым қойылды. Ешкім күтпеген нағыз шоу дайындалды. Түрлі арнайы шоуды әсемдейтін сахналық құрылғылар қолданылды, көптеген атақты адамдар: әртістер мен блогерлер біздің нөміріміз туралы ынта-жігермен айтып, әлеуметтік желілердегі өз парақшаларында бөлісті. Көрермендер мен тыңдаушылар YouTube-те біздің нөмірімізден үзінділер жариялады. Бізбен бірге болған қобызшыларымыздың мұны тек олар ғана бағаламайтынына сенімдіміз, өйткені бізді осы нөмірмен басқа сыйлық – Qazaq Music Awards 2019-да өнер көрсетуді сұрады.

Қорытынды

Уақыт өте келе қобыз ойыншыларының шеберлігі артып, 1956 жылы қобызды одан әрі жақсарту үшін жаңа төрт ішекті қобыз пайда болды.

Бұл қобыздың ауқымы кеңейді, интонацияның айқындылығы жеңілдей түсті, ал ойын әдістері скрипкаға жақындай түсті дегенді білдіреді. Осындай үлкен өзгерістердің арқасында жаңа тембр мен кең техникалық мүмкіндіктері бар ішекті аспап пайда болды. Бүгінгі күнде төрт ішекті прима-кобызы қолданылады. Прима-қобызда металлдан жасалған скрипкаға арналған ішектер қолданылады. Прима-қобыз аспабының тарихы 20 ғасырдың 34-жылынан басталғанымен, кәсіби музыкада өзінің құрметті орнына ие. Жылына 100-ге жуық Прима-қобызшы осы саладағы жоғары білім беретін оқу орындарын аяқтап, диплом алады.

Бүгінгі таңда музыкалық туындыларды танымал ету жаңа заманауи технологиялардың көмегімен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, бұл электро, яғни пикаптар, дибокс, комбиктер, күшейткіштер және дыбыстарды жетілдірудің көптеген әдістері.

Электроқобыздың мүмкіндіктері зерттелді; осы жұмыстың қорытындысы бойынша қазақ халық аспаптарын, атап айтқанда қобызды танымал ету әдістері аз емес. Ақпараттың көп бөлігін біз сандық форматта аламыз: кавер-видео, онлайн сабақтар, онлайн концерттер, танысу эфирлері және т.б.

Сондай-ақ, электр құралдары: бұл қол жетімді әрі тыңдаушы қауымға қызықты, бұның барлығы аспап пен орындаушы үшін көбірек мүмкіндіктер ашатынын білдіреді.

Қазіргі, тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғамда өнерді оқыту процесіне визуалды байланыс құралдарын тарту қазірдің өзінде қажеттілікке айналды. Керекті ақпаратты тез табу, оны қабылдау, дұрыс түсіндіру мүмкіндігі мұғалім үшін де, студент үшін де маңызды. Бұл теория мен тарихты игеру кезінде ерекше маңызды.

Өскелең ұрпаққа дұрыс музыкалық талғамды сіңіріп, сапалы дұрыс музыканы тыңдауға мүмкіндік беру керек.

Мұның бәрі біздің ұлттық аспаптарымызды кешенде Бірге өткізген дұрыс, сондықтан ол жалғыз емес, тиімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Дейнс Э. Первая энциклопедия музыки. / Э. Дэйнс // М.: Махаон. – 1993. – С.180.

2 Мергалиев Д. М. Музыкальный фольклор казахского народа «Литература. Литературоведение. Устное народное творчество». / Д. М. Мергалиев // https://cyberleninka.ru/ (5.03.2021)

3 Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. / П. Момынұлы // II-том. – Алматы, 2002. – С.240.

4 Эйхгорн А. Полная коллекция музыкальных инструментов Средней Азии и Казахстана. / А. Эйхгорн // – Санкт-Петербург, 1885. – С.21.

5 Рауандина Ш. Народная артистка Фатима Балгаева. / Ш. Рауандина // – Алматы 2015. – С. 8.

6 Уразалиева К. Ғасырлармен үндесткен қобыз. / К. Уразалиева // – Астана, 2016. – С. 23.

7 Уразалиева К. Қобызшы Фатима Балгаева. / К. Уразалиева // – Астана http://aqiqat.kazgazeta.kz/?p=874/ (28.03.2021).

8 Данеля Ходжаева Свежее звучание степи: Как исполнять хиты Queen и Led Zeppelin на электро-кобызе – Алматы 2020 // https://the-steppe.com/lyudi/svezhee-zvuchanie-stepi-kak-ispolnyat-hity-queen-i-led-zeppelin-na-elektro-kobyze/ (28.03.2021).

9 Аязбаева А.И Алғашқы эксперименталды электроқобыз. / А. Аязбаева // – Алматы 2019. – С. 6.

УДК 7.072.2
МРНТИ 18.45.07

Макажанова Жанель Тимурбековна
Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Театр өнері» факультетінің магистранты
E-mail: janellemakazhan@gmail.com

Ғылыми жетекшісі:
Исламбаева Зухра Усманбековна – өнертану кандидаты,
«Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының доценті
Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

РОЛЬ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІН СОМДАУДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ

Түйіндеме. Ғылыми мақалада авторлар қазақ театрлары сахнасындағы әйел бейнелерінің сомдалу барысын кәсіби талдаған. Ең алдымен актерлік ойындардағы ізденіс іздерінің маңыздылығына тоқталып, К.С.Станиславский жүйесіндегі роль орындаушы үшін аса қажетті процестерді атап өтеді. Кейіпкержандылық немесе кейіпкермәнділік үрдістің сахналық өнерде алатын орнына баса назар аударған. Сондай-ақ, актердің әрекет шындығы оның психологиялық және физикалық тұрғыдан құбылу процесімен ұштасқанда ғана роль деңгейінің жоғары болатындығы баса айтылады. Сол сияқты мақалада екі бірдей театрдың репертуарындағы «Сұлу мен суретші» спектаклінде Сұлудың бейнесін кескіндеген Н.Қарабалинаның әйел бойындағы нәзіктікті көрсеткендігі, «Карменситадағы» Кармен ролін орындаған Ж.Мақашеваның қызуқандылыққа негізделген, әйел бойындағы махаббат сезімінің асқақтығын паш еткен ойыны, А.Иманбаеваның Медеяның басына түскен трагедиялық күйі мен оның нәзіктігін қатар жеткізудегі нанымды ойыны нақты дәлелдер арқылы сараланған. Жалпы аталған мақаладан орындаушылық өнерде өздерінің жан-жақты ізденісімен көзге түскен актрисалардың әйел бейнесін сомдаудағы сахналық шеберлігін аңғарамыз.

Тірек сөздер: ұлттық театр, әйел бейнесі, драматургия, актриса, кейіпкер, режиссура, көркемдік шешім, пластика, руханият, шығармашылық ұжым.

ТВОРЧЕСКИЕ ПОИСКИ ИСПОЛНИТЕЛЕЙ В ВОПЛОЩЕНИИ ЖЕНСКОГО ОБРАЗА

Аннотация. В научной статье авторы профессионально проанализировали процесс изображения женщин на сцене казахских театров. Прежде всего, она подчеркивает важность поиска следов в актерском мастерстве, подчеркивая процессы, существенные для актера в системе К.С.Станиславского. Акцент делается на роли характера или героизма в

исполнительских искусствах. Также подчеркивается, что уровень роли высок только тогда, когда реальность действий актера сочетается с процессом его психологической и физической трансформации. В статье также показано изображение красоты Н.Карабалиной в спектакле «Красавица и художник» в репертуаре обоих театров. Игра Ж. Макашевой в роли Кармен в «Карменсите», основанная на ревности, показывающая гордость любви в женщине, трагическое душевное состояние и нежность А. Иманбаевой убедительно дифференцированы. В целом в данной статье показано сценическое мастерство актрис исполнительского искусства, известных своим всесторонним поиском.

Ключевые слова: национальный театр, женский образ, драматургия, актриса, персонаж, режиссура, художественное решение, пластика, духовность, творческий коллектив.

CREATIVE SEARCHER FOR PERFORMERS IN THE EMBODIMENT OF THE FEMALE IMAGE

Abstract. In this scientific article, the authors analyzed the process of portraying women on the stage of kazakh theaters in a professional way. First of all, they emphasize the importance of the search for traces in acting, highlighting the processes that are essential for actors according to K.S.Stanislavsky system. Emphasis is made on the importance of understanding the sole of character or her heroism. It has also been accentuated that the level of role performance would be high only when the actor's actions in reality are combined with the process of his psychological and physical transformation. The article also describes N.Karabalina's portrayal of Beauty in the play «Beauty and the artist» – how she could professionally deliver the tenderness of a woman, and the performance of J.Makasheva, who played the role of Carmen in «Carmensita», and who could show a woman’s real passion and jealousy, as well as a convincing play of the role Carmen in Carmensita by A.Imanbayeva, where she shows a woman in the state of tragedy along with tenderness. In general, this article discusses different stage skills of actresses when performing women’s roles and their approach in finding and mastering their skills.

Keywords: national theater, female image, drama, actress, character, directing, artistic solution, plastic, spirituality, creative team.

Кіріспе. XXI ғасыр ақпараттық құралдардың кезеңі екендігін ескерсек, қазіргі уақытта театр өнеріне деген талаптың да, талғамның да басқа екендігі белгілі. Театрдан жаңалық көргісі келетін көрермен руханият сарайына жанына дәру болатын, көңілін тазартатын шынайылық іздеп қадам басады. Ендеше сахнада өнер тудырушы актерлерге деген жауапкершіліктің де салмағы ауыр. Сондықтан да артистердің ең әуелгі сыншысы өзі, яғни өзінің ішкі «мені» болса, екінші сыншысы әрине – көрермен. Жансыз дүниені (пьесаны) жанды спектакльге айналдыру процесі режиссерден де, актерден де терең һәм жан-жақты ізденісті талап ететіндігі сондықтан. Осы тұрғыдан

келгенде әдеби негізбен танысқаннан бастап, спектакльді үлкен сахнаға шығарғанға дейінгі аралықта драматург, режиссер және актер арасында толассыз ізденіс пен тыңғылықты дайындықтың қызық әрі машақатқа толы шығармашылық үрдісі басталады. «Режиссер – сахналық қойылымның көркемдік тұтастығын, кейіпкерлердің өзара қатынастары арқылы саяси-әлеуметтік, фәлсафалық, азаматтық және басқа көптеген келелі мәселелерді көтеретін спектакльдің қоюшысы, шығармашылық процестердің ұйымдастырушысы әрі авторы» болса [1, 4 б.], актерге драманың ішкі әлемін ашып, көркемдік кілтін табу, кейіпкер табиғатын талғам мен мазмұн, зерде мен әсемдік бедерінде бейнелеу, яғни бір ауыз сөзбен айтқанда, қойылымға «өмір сыйлау» жауапкершілігі жүктеледі. Осы тұста актердің ізденіс іздерінің күрделі болатынын білеміз.

Театр өнерінде шығарма идеясының көрерменге ең алдымен актерлік ойын арқылы жететінін ескерсек, толыққанды, кемеліне жеткен суреткерлік өнерді дамыту үшін игерілетін түрлі тәсілдер мен мектептер бар. Солардың ішінде әлемдік үрдісте кең мойындалып, қолданыста жүргені – К.С.Станиславскийдің жүйесі [2]. Аталмыш жүйе театр өнерінің теориялық платформасы, актер мен режиссер шеберлігінің тәжірибелік әдістемесі болып табылады. Негізінен бұл тұжырым төмендегіше тарқатылады: «К.С.Станиславскийдің этикалық әм эстетикалық көркемдік нормасына өзек болған «адамның рухани тіршілігі» – актер творчествосын айқындайтын басты-басты алты процестен бастау алады, олар:

1. «Жігердің» алғашқы дайындық процесі – яғни артистің кезекті творчествоға әзірлік кезеңі. Артист жазушы немесе драматург шығармасымен танысып, өзінің актерлік мүмкіншілігін іштей алдын ала сарапқа салып, творчестволық тебіреніс қиялын оятып, ішкі сарайына қозғау салады;

2. «Ізденіс» процесі – яғни өз бойынан немесе қоршаған айналасынан, әлемдік әдебиет пен бейнелеу құралдарынан творчестволық көркем материалдар жинақтау;

3. «Кейіпкержандылық» процесі – яғни артистің көзге көрінбей (невидимо) іс істеуі. Бұл кезеңде актер өзі ойнайтын актердің ішкі-сыртқы іс-әрекеті мен мінез-құлқын қиялында пісіріп, жетілдіреді;

4. «Кейіпкермәнділік» процесі – яғни артистің ел алдында (көрермен) көзге көрініп ойын көрсетуі;

5. «Құйылыс» процесі – яғни артистің «кейіпкержандылық» процесі «кейіпкермәнділік» процесін бір арнаға бағыттап, егіз процесті біріктіру. К.С.Станиславскийдің тұжырымы бойынша, аталмыш екі процесс, екі элемент творчестволық сәтте жеке-дара пайда болмай, бір мезетте туындап қатар дамып, бірін-бірі жебеп-қолдап отыруы тиіс;

6. Актердің көрерменге әсер ету процесі – яғни актер мен көрерменнің эстетикалық рухани қарым-қатынасы» **[**3**,** 20-21 б.б**].** Міне, сахна аталатын осы киелі кеңістікке жол тартқанға дейін әдеби негіз (пьеса) бен спектакльдің арасын қызығынан гөрі қиналысы, рахатынан гөрі мехнаты жалғап жатады.

Қазіргі уақытта бізге бұрыннан таныс дәстүр бойынша «үстел маңы» дайындығында айлап отыруды уақыт та, өнер заңдылығы да көтере бермейді.

Мұны өз заманында әйгілі режиссер-педагог Г.Товстоноговтың өзі мойындап қойған. Мұны ол: «Егер біз актерді пьесаның жағдайы мен ролі туралы мол білімнің астына көміп тастасақ, онда ол айнымаған мешел бала болып шыға келеді – роліне байланысты тықпалай берген сан қилы информациядан қазандай болған әйдік басы көтере алмай, тілерсектері майысып кетеді. Ең бастысы – рольдің қимыл-іс бойынша іске асуына дәрменсіздік жасайды» [3, 237 б.], – деп түсіндіреді. Әрине К.С.Станиславский мен Г.Товстоноговтың бұл пікірлерінде режиссер мен актер ізденбесін деген ой жоқ. Керісінше, «үстел маңы» дайындығы роль орындаушының шығармашылық қиял кеңістігін тежейтінін, сахнагер ізденісін сыңаржақтылыққа әкеліп соқтыратынын меңзейді. Сол сияқты бұл актерлерді рольге деген жауапкершіліктен босатып, бар ауыртпалықты режиссердің мойнына түсіретінін алға тартады. Соның салдарынан, психикалық һәм қимыл-іс арасында кереғар алшақтық пайда болуы мүмкін.

К.С.Станиславскийдің тұжырымын негізге алсақ, сахнагер әрекет шындығына кейіпкердің психикалық және қимыл-іс әрекеті бір арнада тоғысқанда ғана қол жеткізе алады. Демек, қимыл-іс тіршілігін психикалық тіршіліктен әсте ажыратуға болмайды. Өмірде «жан» мен «тәннің» бөлек өмір сүрмейтіндігі секілді, сахнада да кейіпкержандылық пен кейіпкерсындылық жеке дара ғұмыр кеше алмайды. Яғни, байырғы «үстел маңы» тәсіліндей спектакльге дайындықтың алғашқы кезеңінде тек «миға» ғана ауыртпалық түсірмей, ой мен әрекетті қатар ұштастырудан өнер ұтылмайтын көрінеді. Осының нәтижесінде рольдің әрекетке негізделген іргетасы ашылып, актерлік ізденіске жаңа мүмкіндік беріледі. Демек, «психофизикалық тіршілік» деп К.Станиславскийдің өзі анықтама бергеніндей, сахналық әрекет психология мен қимыл-іс бірлігін тудырады. Бұдан шығатын қорытынды: жаңа ғасыр сахна суреткерлерінен жылдамдық пен жинақылықты, ең бастысы өнімділікті талап етіп отыр. Қазіргі таңда жылдам әрі сапалы, көрермен талғамына сай өнер тудыру бүгінгі күннің талабына айналған. Әйтсе де өнердегі бұл асығыстық сахнадағы талғамсыздыққа әсте ұрындырмауы тиіс. Жаңа уақыт шынайы өнер тудырушы сахнагерлердің қатарын көбейту жолында қызмет етуге міндетті. Біз тілге тиек етіп отырған кәсібилік турасында реформатор К.С.Станиславский төмендегідей тұжырым түйіпті. «Бір кезеңде табылып, біржола қалыптасқан сахналық интерпретация (шешім) пішінінен ауытқымай, роліңді сахна алаңынан баяндап беруге немесе сауатты түрде оқып шығуға болады. Алайда, ол – өнер емес, «кәсіпқойлық» болып табылады» [3, 42 б.], - дейді ол. Мұндай кәсіби көзқарастан туындаған тұжырымдарды бекер негізге алып отырған жоқпыз. Бұлар бүгінгі театр өнерінде өте өзекті саналады. Өйткені зымырандай жүйткіген заманның тарихи көші адамдардың күллі тіршілігін, оның ішінде, театр өнерін жинақылық пен жеделдікке әрі кешенділікке бағытталуға негіздейді. Соған қарамастан барынша сапалы да мазмұнды, шынайы өнер тудыру талабы алдыңғы шепке шықты. Мәселен, осыдан жарты ғасыр бұрын спектакльдер жылдап, ең аз дегенде жарты жылдап дайындалатын болса, қазір бар-жоғы бір-екі аптаның (немесе бір-екі айдың) көлемінде сахна көреді. Осы тұста мұндай талаптың үдесіндегі күрделі

психологиялық рольдерді игеруде қазіргі роль орындаушылардың көзқарасы, ізденісі қандай деген сауалдың туындауы заңдылық. Соның ішінде әсіресе бүгінгі қазақ сахнасындағы әйелдер бейнесінің көркемдік келбетінің кескінделу процесі көпшіліктің қызығушылығын тудыратыны анық.

Негізгі бөлім. Қазіргі ұлттық режиссурада аз уақыттың ішінде мазмұнды қойылым түзетін режиссерлердің көшін Нұрқанат Жақыпбай бастайды. Сахна арқылы ықшам, ыждаһатты ой айтуды мұрат тұтқан оның жұмысы өз қатарластары арасында жеделдігімен дараланады. Өзін ғана емес, ойнайтын актерлерін де сол талапқа бағыттайтын режиссердің сол мақсатын жоғары деңгейде алып шыққан өнерпаздың бірі – М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының актрисасы Назгүл Қарабалина. Ол ойнаған Талаптан Ахметжанның «Сұлу мен суретші» драма-ноктюрнындағы Сұлу ролі заманауи театр өнері жүктеген талапты еңсерудің жарқын үлгісін көрсетті деп айта аламыз.

Ыстықкөлге демалуға келген жас суретшінің жағалаудан өзінің қиялындағы аруды жолықтыруынан басталып, мәңгілік өнер мен махаббат тақырыбын қатар толғайтын лирикалық қойылымда Сұлу – Н.Қарабалина әйел бойындағы нәзіктікті баса көрсетеді. Дабыра-дабылдан аулақ, кейіпкерлердің ішкі үніне, қайшылығы мен қарсылығына басымдық берген психологиялық қойылымдағы кейіпкер тағдырын сараптауда тамаша табысқа жеткен. Жас келіншектің сыртқы сұлулығы мен ішкі көркемдігін, пластикасы мен сыршылдығын беруде актриса сәтті ізденіс үлгісін көрсетті. Жалпы алғанда «Сұлу мен суретші» қойылымы Н.Қарабалина шеберлігінің бабында екендігін дәлелдеп берді. Аталған роль кілтінің табылғандығы болуы керек, 2010 жылы М.Әуезов театрында тұсауы кесілген шығарма Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар театрында жаңартылған нұсқада қайта сахналанып, режиссердің арнайы шақыртуымен келген Сұлу роліндегі Н.Қарабалина елордалық көрерменнің де жоғары бағасын алды. Бұл қойылымның алғашқы сахналануында Суретші ролін Дулыға Ақмолда кейіптесе, нұр-сұлтандық спектакльде мұны Әділ Ахметов кескіндеді. Яғни, қойылымның құрамы толығымен өзгергенімен Сұлу бейнесіндегі Н.Қарабалинаның ойыны өзгерген жоқ. Демек, бұл кейіпкерді актрисаның шығармашылық ізденісіне тұздық болып, оның сахналық бойтұмарына айналғандығы деп білеміз.

Қазақтың бас театры саналатын М.Әуезов театрының актрисасы Н.Қарабалинаның роль сомдауында ішкі зиялылық пен терең психологиялық сабыр егіз өрілсе, Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының дарынды актрисасы Ж.Мақашева ойынындағы ішкі және сыртқы темперамент әсте көрерменін бір сәт бей-жай қалдырмайды. Онда сахнаны жандырып әкететін жалын басым. Сонысымен де актриса көрерменін өзіне баурап алады. Сөз басында тілге тиек етіп өткен актерлік қуаттың тасыған, тасқындаған лебі міне осы бір актрисаның ойынымен тікелей байланысты. Ж.Мақашева ойынын тамашалағанда үнемі осы актерлік күш-қуат мәселесін жіті зерделеуге, оқтын-оқтын оралып отыруға үндейтіндей әсер қалдырады. Соның ішінде әсіресе Талғат Теменовтің режиссурасымен қойылған П.Мерименің «Карменситасындағы»

Кармен ролін тамашалау өте қызық. Ондағы еркіндік сүйген сыған қызының құштарлыққа толы темпераментті характерін беру жолындағы актрисаның шебер ойыны мен отты жанары өзіне еріксіз назар аудартады. Ж.Мақашеваның ойыны туралы Айдана Аламан: «Қай рөліне болмасын үлкен жауапкершілікпен келетін, салғырттық танытпайтын Жанар Мақашева қашан да өз формасында көріне білетін талантты актриса екенін тағы бір рет дәлелдеді. Жастайынан би өнерін серік еткен актриса үшін Карменнің билері қиынға соқпаса керек. Сыған, испан билерін ынтықтық сезіммен ұштастырып, керемет үйлесімділік көрсетті. Карменнің харезматикасы, образдың ішкі фактурасы толыққанды ашылды деген ойдамыз. Жанар өз рөлін бастапқы нүктесінен соңғы нүктесіне дейін жеткізеді» [4], – деп жазады. Расымен актрисаның ойыны қызуқандылығымен, әйел бойындағы махаббат сезімінің асқақтығымен ерекшеленді.

Негізінен француз жазушысы Проспер Мерименің шығармашылығына қанат бітірген айтулы туындының атағы әлемге әйгілі. Яғни, бұл – жазушының шоқтығы биік туындысы. XIX ғасырдың алғашқы жартысында дүниеге келген новелла Жорж Бизенің операсымен әлемге одан әрі кеңінен танылды. Ал, Ғ.Мүсірепов театрының сахнасында қойылған бұл нұсқа «Карменнің» қазақ театрлары сахнасына алғаш жол тартқан туынды болып табылады.

П.Мерименің «Карменіне» фантазия ретінде қойылған бұл спектакльдің бағын ашқан туындының классикалық қуатынан бөлек, Ж.Мақашева сынды жалынды актрисаның талантты ойыны еді. Әлемдік классика жауһарларының қатарынан орын алатын аталған шығарма Жастар мен балалар театрының репертуарына мәдени жаңалық болып енгені анық. Сөзіміздің айын дәлелі ретінде актрисаның IV халықаралық Орта Азия елдері театрларының фестивалінде осы спектакльде Кармен ролі үшін «Ең үздік әйел бейнесі» номинациясының жүлдегері атанғанын атап өткіміз келеді. Осының өзі біздің талдауымызға арқау болған өнерпаздың шеберлігін айқын танытып отыр.

Жалпы үздік роль – үздіксіз ізденістің жемісі. Осы талап тұрғысынан келгенде актерге ауқымды спектакльдермен салыстырғанда шағын формада қойылған қойылымдарда өзін көрсетуге мүмкіндік мол. Одан бөлек мұндай қойылымдар көрерменге де іштей ой түйіп, ойлануға, сүйікті актерімен еркін сырласуына тамаша мүмкіндік сыйлайды. Шағын формадағы спектакльдердің тағы бір артықшылығы әлемнің үздік деген театр фестивальдеріне қатысып, өзге елдердің сахналық өнерімен танысуға, тәжірибе алмасуға тиімді. Сондықтан болса керек, бүгінгі театр өнерінде әсіресе, еуропа театр мәдениетінде ауқымды плакаттық спектакльдерге қарағанда шағын формадағы камералық қойылымдарға деген қызығушылық та, сұраныс та басым. Әсіресе, мұндай тәжірибеге жекеменшік театрлар жиірек жүгінеді. Қазақ театрлары да осындай қойылымдарға назар аударып, сәтті ізденістерін көрсетіп жүр. Ең алғаш қазақ сахнасындағы қалыптасқан сеңді бұзып, әйгілі француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкендай ханзадасын» моноспектакль ретінде қойған Ғ.Мүсірепов театрының актері әрі режиссері Сафуан Шәймерденов болса, кейін бұл іргелі ізді Нұр-Сұлтан қаласындағы Жастар театрында Дәурен Серғазин Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді»,

М.Горький театрының актері Сергей Матвеев «Наедине с Пушкиным», сол сияқты Қ.Қуанышбаев театрының актері Нұркен Өтеуілов сахналық нұсқасы Абайдың қара сөздерінен жасалған «Жан» монспектакльдерімен табысты жалғады. Сөйтіп, кезінде «қазақ театрының қара нары» атанған Қалыбек Қуанышбаевтың бастамасы арқылы ел арасында үлкен қызығушылыққа ие болған, әзілге құрылған шағын қойылымдар енді кәсіби тұрғыда түрленіп, жетіліп, үздік үлгіде көрермендерімен осылайша қауышып келеді.

Сол секілді ұлттық заманауи театр сахнасындағы қазақ актрисаларының шағын формадағы спектакльдердегі ізденісі көңіл қуантады. Дегенмен нағыз моноспектакль талаптарына сай қойылымдар қазақ сахнасында сирек болғанымен жалпы шағын формадағы шығармаларда көрініп жүрген үздік ізденістер жоқ деп айта алмаймыз. Шағын формадағы қойылымдар дегенде ең алдымен ойға оралатыны – Еврипидтің антика дәуірінің жауһары саналатын «Медея трагедиясы». Қазақ сахнасында ең алғаш Медеяның күрделі табиғатына қадам басқан актриса Фәрида Шәріпова болса [5], қазіргі уақытта бұл бейнені көптеген актрисалар өз таным деңгейіне сай сан алуан сараптауда көрерменіне ұсынып келеді. Соның бірі – жекеменшік «А.И» театрындағы актриса Айгүл Иманбаева сомдаған Медея ролі. Режиссер Қуандық Қасымовтың қолтаңбасымен қойылған айтулы трагедия тұңғыш рет коммерциялық бағыттағы жас театр сахнасында 2011 жылы сахнаға жол тартқан болатын. Шығармашылығының бастан кезінен-ақ өзін драмалық жанрдағы актриса ретінде дәлелдеп, Ғ.Мүсірепов театрында жемісті еңбек еткен өнерпаз 2011 жылы театр ішінен өзінің жекеменшік театрын ашып, айтулы мәдени жаңалық жасаған болатын. «А.И. музыкалық театр орталығы» деген ресми атау алған ұжымның ерекшелігі – оның елімізде драмалық бағытта тұңғыш рет ашылып отырған коммерциялық бағыттағы театр болғандығында. Міне, қазақстандық театрлар көшіне айтарлықтай жаңалық болып қосылған жас театрдың тарихы тікелей осы қойылыммен байланысты болғандықтан талғампаз көрермен есінде Айгүл Иманбаева кескіндеген Медея ролі ерекше жатталып қалды.

Ежелгі грек драматургі, антика әдебиетінде есімі алтын әріппен жазылған Еврипидтің ұшқыр қиялы мен дарынды қаламынан туған трагедияның әлемдік драматургиядан алатын орны ерекше. Арада қанша ғасыр өтсе де драматургиялық қайшылығынан бұрын, қатыгездігімен есте қалған туынды күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоймай келе жатқандығы осы сөзімізге дәлел болмақ. Негізгі түп-тамыры Еврипид қиялынан бастау алғанымен, шығарманың сюжетіне басқа да авторлар оқтын-оқтын оралып отырғанын тарихтан білеміз. Мәселен, Софокл, Овдий, Сенека, Жан Ануй, т.б. Яғни, мыңдаған жылдар тоғысында драматургтердің белгілі тақырыптың белгісіз қырын ашуға деген ұмтылысы классикалық туындының құдіретін айқындайды. Әлем театрларында әртүрлі интерпретацияда үздіксіз қойылып келе жатқан бұл трагедияның күні бүгінге дейін идеялық өзектілігін жоймай келе жатқандығының өзіндік сыры да жоқ емес. Олай дейтініміз, төрткүл дүние режиссерлерінің қызығушылығын оятқан бұл туындыда шынымен-ақ әйел жанының қатпары мол құпиялары, психологиялық күйі терең ашылады.

Және бір қызығы – қанша ғасыр өтсе де әйел табиғатының қызғаныштан көзсіз кекке ауысқан қатігез күйі бүгінгі біз өмір сүріп жатқан қоғамда да жиі көрініс беріп қалатындығы. Қай дәуір, қай ұлт болмасын Медея тағдырын қайталап, күйеуінің сатқындығына төзе алмаған, соның салдарынан шарасыз күйге түсіп, тастанды бала мен жетімдер үйінің санын арттырған әйелдердің әрекетін көп жағдайда кінәлауға дайын тұратындардың қарасы қалың. Махаббат жолында туған перзентін дәл Медея сияқты көзсіз қатігездікпен құрбандыққа шалып жібермегенімен, сонымен арналас оқиғалар өте көп. Бұл – әр замандағы әр қоғамның жазылмас дерті, қорқынышты келбеті. Бүгінгі қазақ театрларында «Медеяға» жиі оралатын режиссерлердің негізгі мақсаты да осындай сатқындықтың, мейірімсіздіктің өлшем-салмағын бағдарлау болып отыр. Медеяның күйі арқылы ашылатын бүгінгі қоғамдағы әйел мәселесі, қоршаған ортаның адам тағдырына деген үстірт пікірі терең ашылатын қойылымның негізгі өзектілігі осында жатыр. «А.И. музыкалық театр орталығы» сахнасында он жылдан бері үзілмей қойылып келе жатқан трагедия табысының басты сыры осының айқын айғағы деп білеміз.

Трагедияның негізгі мәні мен құндылығы жөнінде театртанушы Меруерт Жақсылықова: «Трагедияда көтерілетін әйел тағдыры, махаббат тауқыметі, соның салдарынан туған кек мәселесі – қай қоғамның болмасын ішкі дертіндей. Өз отбасына сатқындық жасаған Ясондай адамға, ер-азаматқа сену мүмкін бе. Әлде селт еткен сезімі үшін өз туғанына опасыздық көрсеткен Медеяның жантүршігерлік іс-әрекетінен безінген Ясонның осалдығы – жаңа жерде (Коринф патшалығы), «таза беттен» жаңаша өмір жолын бастауға деген соңғы талпынысы ма... Осылайша, мифтің ішкі астары, күрделі оқиғаны жеткізудегі екі деңгейлігі режиссерлерге әрқилы ой айтуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сондықтан әр суреткер өз оқиғасын көріп, бірі Медеяны құптаса, бірі Ясонды қолдап жатады» [6], – деген ой түйеді. Демек, көрермен аталған шығармадан өзін толғандырған мәселені көре алады.

Аннотация. Транснациональное кинематографическое сотрудничество является важной частью межкультурной коммуникации в китайском кино. Совместное производство с более высокими культурными предпочтениями, чем отечественные фильмы, и более ценное для внешней коммуникации, фильм имеет большое практическое значение для усиления влияния китайской культуры и продвижения культурного «продукта». «Композитор» - это первый художественный фильм, созданный совместно Китаем и Центральной Азией, который не только повышает осведомленность общественности об инициативе «Один пояс, один путь», но также исследует ценность преодоления контекстуальных различий и достижения культурного диалога. «Композитор» не только фиксирует глубокую дружбу между народами Китая и Казахстана, но также показывает пример сотрудничества Китая и Центральной Азии в области режиссуры фильмов, а также прекрасную возможность для сотрудничества между Китаем и Центральноой Азией «Один пояс одна дорога» страны в кино и телекультуре.

Ключевые слова: «Композитор»; межкультурная коммуникация; культурная интеграция; культурный диалог.

Abstract. The transnational cooperation of Chinese films is an important link in the cross-cultural communication of Chinese films. With lower cultural discount and higher foreign communication value than local films, co-production films have important practical significance in enhancing the influence of Chinese culture and promoting the «going out» of culture. The feature film «The Composer» is the first film co-produced by China and Central Asian countries. It not only carries the good vision of connecting people in the "the Belt and Road Initiatives", but also makes a valuable exploration in bridging contextual differences and realizing cultural dialogue. «The Composer» not only records the profound friendship between the people of China and Kazakhstan, but also opens a precedent for the cooperation between China and Central Asian countries in film shooting. It also provides a way of thinking and practice for the cooperation between China and countries along the «the Belt and Road Initiatives» in the field of film and television culture.

Keywords: *"The Composer"; Cross-cultural communication; Cultural integration; Cultural dialogue.*

Қытай киносының мәдениет-аралық байланысының маңызды және белсенді күші ретінде қытай-шетел бірлескен өндіріс Қытай киноиндустриясының маңызды өндіріс моделі және даму тенденциясы болды. «Бір белдеу бір жол» бастамасы аясында Қытай мен «Бір белдеу бір жол» бойындағы елдер арасындағы мәдени алмасулар жиілеп барады. 2017 жылы Қытай мен Қазақстан бірлесіп түсірген «Композитор» фильмі 2018 жылы Қытай мен Қазақстанда прокатқа шықты. Бұл Қытай мен Орта Азия елдерінің бірігіп жасаған алғашқы фильмі және екі елде де көпшіліктің назарын аударды.

«Композитор» - бұл әйгілі музыкант Си Синхай туралы өмірбаяндық фильм, онда Си Синхайдың өмірінің соңғы бес жылында соғыс салдарынан Алматыда қалғаны туралы баяндалады. Музыкант бөтен елде азап шеккенімен, отанына қайтып оралуға мүмкіндік іздейді. Ол Қытай мен Қазақстан арасындағы достық көпірін музыкамен жалғап, екі ұлтты тығыз байланыстырып, азапты бірге жеңгені айтылған.

«Бір белдеу бір жол» бастамасын жүзеге асыру және ілгерілету Қытай фильмдерін шетелде таратуға сирек мүмкіндік береді. Бірегей баяндау мен коммуникацияның арқасында Жібек жолы бойындағы Қытай – шетел фильмдері Жібек жолы бойындағы елдердегі мәдениет-аралық қарым-қатынастағы мәдени жеңілдіктерді едәуір төмендетіп, мәдениет-аралық алмасуды алға жылжытуда, Қытайдың мәдени жұмсақ күшін жақсартуда және елдің жағымды имиджін қалыптастыруда маңызды қозғаушы күшке айналуы мүмкін.

Қытай мен Қазақстанның алғашқы бірлескен фильмі ретінде «Композитор» фильмін жасау «Бір белдеу бір жол» аясындағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы ынтымақтастықтың негізгі жобасына айналды».[1]

1940 жылдары Қытайдың әлемдік антифашистік соғысы және Жапонияға қарсы соғысы кезінде Қытайдың танымал халық музыканты Си Синхай шетелде, Қазақстанның беделді музыкант, дирижері Байқадамов пен оның туыстарымен бірге өте құнды, қиын әрі ортақ жауынгерлік достық қалыптастырды. Си Синхай шығармашылық шабыты қайғылы және әсерлі симфониясын жазды, Қытай мен Қазақстан арасында мәдени көпір орнатты. Фильм «Қытай мен Қазақстанның киноөндіріс саласындағы ынтымақтастығының үлгісін ашып қана қоймай, сонымен қатар Қытай мен Қазақстан халқы арасындағы терең достықтың куәсі болды, сонымен қатар болашақта киноөндіріс саласында екі ел ынтымақтастығының тамаша үлгісі болып табылады».[2]

«Әмбебаптық дегеніміз – адамзат тіршілігінің жалпы құндылығын мәдени тұрғыдан тануды білдіреді. Фильмдер әңгімелері әртүрлі елдерден болуы мүмкін, бірақ олар адамзаттың ортақ ойлары мен эмоцияларын бейнелейді, сонда ғана оларды әртүрлі мәдени ортадан шыққан көрермендер танып, қабылдай алады». [3]

«Композитор» – бұл Қытай тәрихы, бірақ отандық сезімдер мен фильмдегі патриотизм әр түрлі мәдениеттердегі ортақ мәселелер. «Үй» –бұл адам өмірінің мағынасының қайнар көзі, сонымен қатар эмоционалды қолдаудың рухани отаны. Үй мен елдің бірдей құрылымы қытай ұлтының бірегей жалпы танымы болып табылады, сонымен қатар ол Қытай ұлтының психологиялық мәдени бірегейлігі мен құндылық мұраттарын жасады. Отан мен елдің изоморфизміндегі патриотизм сезімдері мен психологиясы басқа елдер мен ұлттардың құндылық сенімдері болып табылады.

«Композитор» Си Синхайдың отбасылық және елдік сезімдерінің негізгі сызығынан өтеді. Туыстарға деген сағыныш және отанға деген терең сезім бүкіл әлемнің өмірлік тәжірибесі мен ойлау жүйесін құрайды, бұл Қытай мен Қазақстанды әртүрлі мәдениеттердің ортақ сипаттамаларын тудырады. Аудиториялардың эмоционалды резонансы жақсы мәдени сәйкестілікке және коммуникативтік сәйкестілікке қол жеткізді. Сондықтан, бірлескен түсірілім өндіріс деңгейінде тоқтап қалмай, екі жақтың мәдени айырмашылықтарын тиісті көркемдік тәсілдер арқылы шеше алады, екі жақтың рухани ресурстарында біршама ортақ мазмұн ұсынады және тақырыпта қамтылған терең рух пен байлықты көрсете алады.

Мәдениет-аралық қарым-қатынаста адамдар бірдей немесе ұқсас тілде және тарихи-мәдени сипаттамаларды бөлісуге, жалпы жат нышандары, тарихи және мәдени қайраткерлер мен әңгімелер арқылы ортақ жадыны құруға дайын. Си Синхай өзінің тамаша суреткерлік таланты арқасында Қазақстанда белгілі беделге ие болды. Соның үлесін еске алу үшін Алматыдағы көшеге Си Синхайдың есімі берілді. Си Синхай Қытайда бұрыннан танымал музыкант болған. Екі жақтың да естеліктерінде танылған мұндай адам, сөзсіз, мәдениаралық коммуникацияның идеалды артықшылығына ие. Сонымен қатар, Екінші дүниежүзілік соғыс – екі ел халық үшін мәңгі өшпес естелік. Фильмдегі қару-жараққа толы қала, жау соққан кезде оқ жаудырған жаңбыр, туыстарының бөлінуі, соғыстағы дүрбелең мен азап, адам табиғатының

нәзіктігі мен тектілігі, бұл терең қасірет сезімі мәдениеттің кедергілерін бұзып, адамдардың жүректеріне әсер етеді. Соғыстың тарихи жады Си Синхай тұрғысынан баяу ашылуда, онда Қытай халқы мен Қазақстан халқы бірге бастан өткергендері бар, жарық пен көлеңкеде екі жақтың да қамы мен қаны туралы эмоционалды естеліктер бар.

«Фильмде тарих пен қазіргі уақытты байланыстыра отырып, екі елдің, екі отбасының және екі музыканттың оқиғаларын байланыстыру үшін ойдан шығарылған және шынайы баяндау әдістері қолданылған». [4] Си Синхай тәжірибесі арқылы фильм тек соғыстың қатыгездігін ашып қана қоймайды, сонымен бірге қазақ халқының ержүрек, жалынды және жомарт ұлттық мінезін көрсетеді. Сонымен бірге фильмде параллелді монтаждар қолданылып, Қытайдың Жапонияға қарсы соғысы мен бұрынғы кеңес одағы кезіндегі отан соғысы сюжеттерін қамтып өтті. Си Синхай мен Қазақстанның ұлттық қаһарманының эпикалық симфониясы шығарған қытайлықтардың Жапонияға қарсы әйгілі әні Сиан Синхай шығарған «Хуаңхы хоры» және Қазақстанның «Гаймандал» ұлттық қаһармандық симфониясымен қатарластырылып, интертекстуалды. Осылайша Қытай мен Қазақстанның тағдырларын тығыз байланыстырады, адамзат үшін ортақ болашақ қауымдастығының имиджідік құрылысын аяқтайды. «Композитор» – бұл музыканттың өмірбаяны ғана емес, сонымен қатар Қытай мен Қазақстан халқы арасындағы достықтың айғағы; ол Си Синхайдың жанұясы мен елдік сезімдерін білдіріп қана қоймай, сонымен бірге Қазақстанның мәдени элементтері мен мәдени көкжиектерін де қамтиды.

«Мәдениетаралық перспективада мәдени құндылық кедергілерін жою бірлескен өндірісте шешілетін негізгі мәселе болып табылады». [5] Тек әртүрлі елдер мен ұлттардың субъективтілігі мен айырмашылықтарын құрметтеу және гетерогенді мәдениеттермен өзара жетілдіру арқылы, екі жақтың да ортақ мәдени қорлары мен ортақ құндылықтары бейне баяндаушыға ене алады және мұны айырмашылықтарды түсіндіру үшін пайдаланады. Әр түрлі мәдениеттерге өздерінің дербестігін сақтау мақсатында ұқсастық пен өзектілікке ие болуға мүмкіндік бере отырып қана, көрермендер өз пікірлерін білдіре алады.

Қытайдың «Бір белдеу бір жол» бастамасы мен Қазақстанның «Жарқын жол» жаңа экономикалық саясат стратегиясы арасындағы гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың негізгі жобасы ретінде «Композитор» екіжақты ынтымақтастықтың басынан бастап назар аударды. Қазақстан ұлттық фильмдер тобының вице-президенті Серік Жұбандықов айтқандай, Қазақстанның ТМД-дағы ерекше мәртебесі мен ықпалына байланысты «Орталық Азиядағы ТМД-дағы басқа елдер де Қазақстан мен Қытайдың бірлескен өндірісіне қатты мән береді. Қытай фильмдерімен ынтымақтастық жолдары мен мүмкіндіктерін табады».[6] «Композитор» Қытай мен Қазақстан халықтары арасындағы терең достықты жазып қана қоймай, сонымен қатар Қытай мен Орталық Азия елдерінің кинорежиссерлік саласындағы ынтымақтастығының үлгісін ашты, сонымен қатар Қытай мен "Бір белдеу бір

жол" бойындағы елдердің кино және теледидар мәдениеті саласындағы ынтымақтастығы туралы ойлауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.周星.略论中国电影叙事问题[J].北京电影学院学报,2011(01):51-56. https://www.cnki.com.cn/Article/CJFDTotal-BDYX201101016.htm

2..赵永华,刘娟.文化认同视角下“一带一路”跨文化传播路径选择.国际新闻界,2018(12):67-82.http://www.cssn.cn/xwcbx/xwcbx_cbx/201904/t20190419_4866524.shtml

3.胡 凯 王 清 .文化融合与文化对话：合拍片《音乐家》的跨文化叙事策略探析,2020.10 视听论坛 http://www.cqvip.com/QK/70576X/202010/7102963759.html

4胡 凯 王 清 .文化融合与文化对话：合拍片《音乐家》的跨文化叙事策略探析,2020.10 视听论坛 http://www.cqvip.com/QK/70576X/202010/7102963759.html

5.饶曙光.“一带一路”电影的地缘政治与文化构型 .电影艺术,2019(02):65-70. https://xueshu.baidu.com/usercenter/paper/show?paperid=1t3k0t90r06w0er0sp2508506h680523&site=xueshu_se

6.蔡梦吟.中哈首部合拍电影《音乐家》：跨越时空 的中哈友谊[EB/OL].中青在线,2018-06-09.https://baijiahao.baidu.com/s?id =1602790842995967913&wfr =spi-der&for=p

Сағит Дәулет
Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Қазақстан, Алматы қаласы
daulet.sagit.98@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:
Қашағанова Тұрсынхан Үсенқызы
Профессор, ғылым кандидаты

САХНА ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА АСПЕКТІЛЕР: АКТЕРДҢ ДЕМДІ ТРЮКТІК ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ сахна өнерінің даму үрдісіндегі ең маңызды актердің тәжірибесі, тыныс алу трюктік жаттығуларды меңгеру тәсілдері қарастырылады. Бүгінгі қазақ театрының даму тәжірбиесінде мысалдар келтіре отырып, актерлік өнердегі демді трюктік жаттығулар арқылы меңгерудің артықшылықтары мен орындау ерекшеліктеріне талдау жасалынды. Актер техникасы көпқырлылықты талап етсе, оның ең маңызды әрі ажырамас айқын түрі – демді шынықтыру және оны қолдану тәсілдері. Өз зерттеуімізде демнің тек драмалық спектакльдерде, сөз орындауда ғана емес, сахна қозғалыстарында, түрлі жанрдағы қойылымдар мен актер болмысын танытатын барлық жағдайда маңызды екеніне көз жеткіздік. Зерттеу жұмысы бұл кезге дейін көп зерттелмеген театр өнеріндегі тың тақырып. Сахна тілі өнеріндегі актер тіліне оқу әдістемелік жаттығуларына зерттеу жасалып, ерекшеліктері айқындалды.

Сонымен қатар, шетелдік сахна тілі өнерінің жаңа аспектілерімен салыстырмалы түрде анализ жасалынып, ұсыныстар білдірілді.

Тірек сөздер: сахна тілі, спектакль, актерлік өнер, заманауи тенденция, демді шынықтыру, трюктік жаттығулар

НОВЫЕ АСПЕКТЫ СЦЕНИЧЕСКОЙ РЕЧИ: СПОСОБЫ ОВЛАДЕНИЯ АКТЕРОМ ДЫХАНИЕМ ЧЕРЕЗ ТРЮКОВЫЕ УПРАЖНЕНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается опыт актера, одного из важнейших в тенденции развития казахского сценического искусства, способов овладения дыхательными трюковыми упражнениями. Проведен анализ особенностей и преимуществ овладения актерским искусством с помощью трюковых упражнений, приведен пример опыта развития казахстанского театра. Хотя актерская техника требует многомерного применения, наиболее важным и незаменимым ее видом является закаливание дыхания и способы его применения. В ходе исследования мы обнаружили, что дыхание важно не только в драматических спектаклях, в исполнении слов, но и в сценических движениях, в постановках разных жанров и во всем, что отражает действительность актера. Исследовательская работа-новая тема в театральном

искусстве, которая еще не изучена. Проведено исследование учебно-методических упражнений по актерскому языку в сценическом искусстве, выявлены их особенности.

Кроме того, проведен сравнительный анализ и даны рекомендации по новым аспектам зарубежного сценического искусства.

Ключевые слова: сценическая речь, спектакль, актерское искусство, современные тенденции, дыхательная гимнастика, трюковые упражнения

NEW ASPECTS OF STAGE SPEECH: WAYS TO MASTER THE ACTOR'S BREATHING THROUGH TRICK EXERCISES

Abstract. The article discusses the most important experience of the actor in the process of development of Kazakh stage art, methods of mastering breathing techniques. An analysis of the advantages of mastering the breath in the acting art with the help of trick exercises and the specifics of performance was carried out, giving examples of the development of today's Kazakh theater. If the technique of acting requires versatility, the most important and indispensable form of it is breathing training and methods of its application. In our research, we have found that breathing is important not only in dramatic performances, performance of words, but also in stage movements, performances of various genres and in all situations in which the actor expresses himself. The research work is a new topic in theatrical art, which has not yet been studied much. A study of educational and methodological exercises for the language of the actor in the art of stage language was carried out and its features were determined.

In addition, a comparative analysis of new aspects of foreign stage language art was carried out and recommendations were made.

Keywords: stage speech, performance, acting, modern trends, breathing exercises, stunt exercises

Әдістер

Ғылыми зерттеу мақаланың әдістемелік және теориялық негізін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері құрайды. Зерттеу жұмысында салыстырмалы анализ жасай отырып талдайтын әр-түрлі тұжырымдар, жүйелі-құрылымдық, теориялық, институтционалды әдістер қолданылған. Қазақ театр өнерінің ішіндегі күрделі әрі сан-қырлы сахна тілінің бұрын соңды зерттеу нысанына алынбаған демді трюктік жаттығулар арқылы меңгеру тәсілі туралы зерттеуде шетелдік және отандық театр теоретиктері мен театртанушылар пікірін негізге ала отырып анализ жасалды.

Қазақ сахна өнері ұлт тарихында өзінің қалыптасу және өркендеу жолын нық бекіткен іргелі өнер салаларының бірі. Кеңес дәуірінде дәстүрлі театр формасын қолданып, жылдар бойы сахна өнерінің «еркіндігі» өз биігіне көтеріле алмай келгені жасырын емес. Түрлі тәжірбиелер мен жаңаша бағыттар қалыптасты дегенімізбен, негізгі тәсілдер мен сахна өнері арқылы айтылар негізгі ой тасада қалып жатты. Тәуелсіздік таңы атып, еліміздің

облыс орталықтарында ашыла бастаған жаңа театрлар мен өнер ошақтары мәдени кеңістікке жаңа леп, өзінше көзқараспен келді. Театр зерттеушілері де тарихқа егемен елдің көзімен қарады. Өткеніміз бен келешегіміз үшін маңызды өнер түрлерін нысанаға алып, тарих тақтасына қалдыруға ден қойды. «Өнер – өмірдің көркем көшірмесі» екендігін ескерсек, сахна өнері тиісінше көрермендеріне тағылымды дүние көрсетумен шектелмеуі керектігін аңғартты. Бүгінге дейін театр өнерінің маңызды әрі ажырамас бөлігі саналатын сахна тілі хақында толымды зерттеулер мен ауқымды еңбектер жарыққа шықты. Театр теоретиктері тәжірбиелік, теориялық, салыстырмалы түрде актерлік өнердегі сахна тілінің маңызын айқындай білді. «Сахна тілінің басты мақсаты – рольді орындау барысында сөйлеуге машықтану, әрбір сөздің мәнін жете түсіну, оның табиғатын тануға баулу. Студент жазушының шығармасын тыңдап, жұртшылыққа бейнелі, айқын да анық, әсерлі жеткізе алғанға дейін мәтінмен ұзақ жұмыс істеуі керек, автордың айтар ойын, идеясын, шығарманың тақырыбын жете түсініп, терең сезінуі қажет»[1] – деп анықтама береді Д.Тұранқұлова. Актерлік өнердің негізін құрайтын күрделі бөліктің әдіс-тәсілдері әлі де болса жаңа көзқараспен зерттеуді талап етеді. Осы мақсатта қазақ сахна өнеріндегі актерлік тілдің тарихи-теориялық негіздерін нысанға ала отырып, демді трюктік тәсілдер арқылы меңгерудің жаңа аспектілері туралы зерттеу жүргізетін боламыз.

Сахна тілі жанрының өзі ауқымды ғылыми тұжырымдама мен топшылауды талап ететін күрделі сала. Үлкен ізденісті талап ететін, әдемі, мәнерлі, сазды сөз жеткізе білу үшін ең маңызды құралдардың бірі саналады. Профессор, ұстаз М.Байсеркеұлы бұл туралы «Сахна тілі пәні – орфоэпия заңдылықтарын, оның ішінде: артикуляция, дикция, дем, тыныс, үн, өлшем-екпін, әуен-ырғақ, пластика саласы бойынша ым мен ишарат заңдылықтарын зерттейді. Яғни, тіл техникасының сиқыр сыры мен тылсым құпиясына зер салады. Әсіресе, сөз сөйлеу қарым-қатынасына қатысты вербалды тәсілдер мен пластикаға қатысты бейвербалды амалдардың үндестік тауып, өнерпаздың көркемдік тұлғасына ұя басуы күрделі процесс. Мұндай жағдайда тіл техникасы мен дене техникасын жымдастыра білетін білгірлік пен зергерлік қажет»[2],- деп түйіндейді. Зерттеуші сөзін сабақтай кетсек, жас маман, болашақ актерлерді дайындайтын жоғарғы оқу орындарында сахна тілінің оқытылу деңгейі қандай екендігі және шетелдік тәжірбиелермен алмаса отырып бағыт-бағдар берілуі сахна практикасында қаншалықты оң нәтижесін беріп жатыр деген үлкен сұрақ туындайды. Актерлік өнер техникасында сахна тілінің дамуы алғашқы үлкен кезеңдерден өткеннен соң барып қалыптасады. Біріншіден, актерлік өнерде дауысқа ерекше мән беріледі. Онда арнайы жаттығулардың көмегімен тыныс алу жолын реттеуден бастап, сахна тіліне бейімделу, сөз мәнері мен сөйлеу техникасына дейін терең меңгереді.

Көкейдегі ойды көркем сөзбен, жағымды дауыспен жеткізу әр артистің мақсаты һәм міндеті болса, ол үшін ең алдымен дұрыс дем алу мен шығару тәсілдерін меңгеру қажет. Аталған мақсатқа жету үшін өзіңмен («работа

актера над собой») жұмыс жасау жеткіліксіз. Бұл жөнінде сахна тілінің майталман маманы Д.Тұранқұлова «арнайы жаттығулардың көмегімен тыныс алу жолын реттеуден бастап, сахна тіліне бейімделу, сөз мәнері мен сөйлеу техникасына дейін терең меңгеру актерлік өнерде алғашқы маңызды принцип саналатынын»[1, 4 б] тілге тиек етеді. Дегенмен, актер ізденісі, шеберлікке қазықталған болмыс болуы үшін тілдік құбылыстың айқындалуы да үлкен роль атқаратындығын уақыт дәлелдеп келеді. Зерттеуімізді теориялық және тәжірбиелік тұрғыдан тұжырымдау мақсатында бүгінгі театр үдерісінде жүріп жатқан спектакльге талдау жасап, ондағы демді игеру мен актерлік тілдегі тәсілдерді қарастырсақ.

Әлем әдебиетінің классикаларындағы кейіпкерлер, шым-шытырық тартыстан тұратын шығармалар мен оларды сахнада сомдағанда артист үшін өзіндік жадынан қоса алатын қиял мүмкіндігінің шексіздігі қажет. Сонымен бірге, түрлі характерлі кейіпкерлер болмысын кемшіліксіз бейнелеуде демді дұрыс ала білу арқылы рольдің барлық ерекшелігін сақтап қалу мүмкіндігі бар. Себебі, тарихи қойылымдардағы хан, сұлтан, классикалық пьесалардағы роль линиясы біркелкі емес басты кейіпкерлерді сомдау үшін артист сахна тілінің барлық тәжірбиелерімен жан-жақты қаруланған суреткер болуы тиіс. Ал, сахнадағы сөзді жеткізу барысында демнің біркелкілігін сақтай алмай, сахна сайысы мен қозғалысы арқылы өзінің негізгі қаруын қолдан шығарып алса бұл орны толмас қателік болар еді. Осындай қателіктердің алдын-алу мақсатында актер үшін демді трюктік жаттығулар арқылы меңгеру тәсілін ұсынамыз. Сонда ғана, кейіпкер характерін жан-жақты саралап, тек жағымды бейнелерді ғана емес, мінез ерекшелігіне ие түрлі болмыс иелерін сомдауға мүмкіндіктер туады.

Сөйлеу техникасы – өз дауысын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына, паузаға, дикцияға байланысты болады. Дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық интонациялық заңдылықтары, міне, осының бәрі – сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары. Аталған бөліктердің сахна тілінде ұтымды қолданылуы үшін артистерге тек сахна тілін терең оқу аздық етеді. Мәселен, кәсіби сахна тілі дәрістерін өтпесе де, қазақ театрының ең алғашқы актерлік құрамы көркем әдебиетті терең зерттеуі, оның сахналық нұсқасына өзінше бояу қоса білуі үлкен жұмыс болатын. Соның арқасында алғашқы концерт түрінде өткен спектакльдердің өзінде артистердің кейіпкерлерді бейнелеуі көрермендерін ерекше баурап алған.

Сахна тілі өнеріндегі актер тіліне оқу әдістемелік жаттығулар мен қолдану тәсілдеріне ізденістер әлі күнге дейін нақты тұжырымдамаларға зәру. Себебі, актердің сахнадағы демі барлық спектакльдерде құрыштай меңгерілген болуы тиіс. Мысалы, әлемдік классика У.Шекспир шығармалары үлкен сахна сайыстарынан, кейіпкерлер қақтығыстарға құрылған трагедиялардан тұрады. Оның драматургиясында психологиялық хәл-күйге байланысты болатын түрлі тартыстар дем мен трюктік жаттығуларды ауадай қажет етеді. Кез-келген театр репертуары классикалық пьесаларсыз болмайтынын ескерсек, актер тілі үшін тағы да біздің зерттеу тақырыбымыз

тәжірбиелік тұрғыдан өте маңызды екенін аңғарамыз. Осы жөнінде А.Құлбаев «Гамлеттің де жекпе-жек көрінісі трагедиялық хикая болып аяқталса, Макбет пен Макдуфтың арасындағы жекпе-жек шотландтық тақтың жауызы туралы көріністік трагедиясымен аяқталады. «Ромео мен Джульетта» драмасының ақтық шайқасында семсердің жүзі қайтадан сыңғырлайды: махаббат табытында өлуден де тайсалмаған Ромеоның Париспен арпалыс сахнасы көрерменнің көз алдында»[3],- деп атап өтеді. Мысал ретінде, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрындағы «Бір сен үшін тудым...» спектаклін алсақ. Әйгілі «Ромео мен Джульетта» пьесасын өз тілімізде әуелеткен режиссер – Ж.Жұманбай. Қойылым күрделі әрі тартысты оқиғаларға толы. К.С.Станиславский: «Өнер шарты солай болғанда, артистке көрермен көңілінен шығатын хас шебер дәрежесіне жету үшін «қарақұсынан бастап, қара бақайына» дейін, «сөйлеп» тұратын сахнаның техникалық тілін меңгеру қажет. Сахна олпы-солпыны ұнатпайды. Шеберлікке қазықталған ойын бедерінің техникалық тілін таппасаң − асынған алқа, тағынған білезік, ай мүйіз сырға, жылтыраған жүзік арашашы бола алмайды»[2, 36 б],- дейді. Міне, кез-келген спектакльде сахна тілінің түрлі тәсілдерін меңгеру маңызды екенін атап өтеді. Аталмыш спектакльде сахна сайысы, сахна кеңістігін қолданудағы ерекшеліктерге байланысты артистер үшін дем мен репликаны орындауда үлкен дайындық қажет. Осы тұрғыдан келгенде біздің актерлік құрамның әрқайсысы әр кейіпкердің өзіне тән ерекшелігін, ым-ишаратын таба білген. Мәселен, Бенволио – Елдар Отарбаев, Меркуцио – Мақсат Сәбитов және Тибальт – Мақсат Рахмет бейнелері бұрынғы рольдеріне маңайламайтын, жаңа көзқарас, өзгеше ізденіс арқылы келгендігін анық аңғаруға болады. Спектакльге өз жадынан үлес қоса білу деп соны атаса керек. Әсіресе, Меркуцио роліндегі Мақсат Сәбит мысалында қарастырсақ. «Біз актердің екіге жарылуына еліктеу принциптерін бекіте отырып, өзіміздің күшімізбен актердің бейнеге айналуы «тәртібі», «пластикалық болмысы» мен «сөйлеу болмысын» актердің бейнедегі болуының біртұтас процесі ретінде қарастырамыз. Әрі актер бейнедегі көрінісін осы «біртұтастықта» бола отырып, пластикалық және сөйлеу болмысының бірлігін көрсетеді»[4],- дейді театр өнеріндегі сахна тілінің игерілу мәселелерін зерттеген театртанушы З.Исламбаева. Иә, актер өнерінің жан-жақтылығы үшін ауадай қажет сахнадағы демді меңгеру тек негізгі әдістемелік жаттығуларынан тұрмайды. Ал, трюктік жаттығулар арқылы меңгеру мүмкіндігін еркін игерген актер пластикалық шешіммен берілетін тартыста тұстарда да, ақылмен шешілетін оқиғаларда да тіл тазалығын сақтау мен тыныс алуда сахналық көркем-эстетиканы сақтай біледі.

«Кейде режиссерлер өз қойылымдарын, әсіресе бүгінгі сапасы беймәлім драмалық сахнаның көркемдік мазмұндарындағы күдікті оқиғаларға тар технологиялық позициямен қарауы белең алып келеді. Бұл көзқарас сахналық көрініс көркемдігін жұтаңдатып, жанрлық және стильдік тұрғыдағы үйлеспеушілікті тудырады. Бұл жағдай – қойылымдағы кейіпкердің тағдырын, мінез-құлықтарын баяндаумен ғана шектеліп, спектакльдің кең

ауқымды орындалуына, идеясын ашуға кері әсерін тигізеді»[5],- деген А.Құлбаев пікірімен келісе отырып, актер өнеріндегі сахналық тіл мен демнің өз деңгейінде болуы режиссерге де байланысты екенін естен шығармауымыз қажет. Сахнаның көлеміне, көрермен көптігіне қарамастан дауыс анықтығы, бүгінгі актер техникасында жиі кездесетін дикция, сахна тілінің кейбір мәселелерімен ұшыраспаған актерлердің роль сомдаудағы далалық тазалығын айтуымыз парыз. Сахнада әртістің аузынан шыққан үнге қойылатын ең басты талап – дыбыстың таза және анық болуы. Егер сөйлеп тұрған сөзіңізден бір дыбыс естілмей қалса немесе күңгірт шала естілсе, бар сөйлемнің мән-мағынасы бұзылады. Ал, «көбінесе сәби күніне қалыптасқан жақты ашпау, дыбысты тістің арасынан шығарып сөйлеу, сөзді асығыс айту, сөздің соңғы әріптерін айтпай кету, болмаса естіртпей сөйлеу – осының бәрін күнделікті дыбыстардың, дыбысталу мүшелерінің кемшілігін жаттықтыру арқылы ғана жоюға болады. Тек әрбір актердің осындай жаттығуларды қажымай-талмай жасауға ынтасы болғаны, ерінбегені аса қажет. Дыбысталу мүшелеріне жататын: ерін, тіс, таңдай, иек, тіл, кішкене тіл, көмей»[6] болса, демнің дұрыс алынуы мен шығуында бұл детальдер өте маңызды роль атқарады. Тек теориялық, жазбаша әдістер ғана емес, трюктік жаттығуларды жасау демнің тәжірбиелік тұрғыдан

Бүгінгі сахна тілі өнерінде жиі кездесетін олқылықардың қатарында актердің демді меңгеру мен жетілдіру шарттарын жетік меңгермеу мәселесі тұр. Зерттеуімізде нысанаға алған Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының репертуар негізінде тағы бір мысал келтірсек.

Саундрама жанрында жас режиссер Ф.Молдағали сахналаған І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы жаңаша формада сахнаға шықты. Ақ өлеңмен жазылған отты жырдың жартысынан көбі қысқартылған. Мұнда саундрама жанрының негізгі элементтері – дыбыс пен үнге аса қатты мән берілген. Тұлпарлардың жүрісі, бәйгедегі шабысы, Құлагер мен Сағынайдың асындағы дүрмекті оқиға арқылы халықтың ішкі болмыс-бітімі ашылады. Міне, аталған спектакльде Құлагер мен Көктұйғынды кескіндеген артистер үшін демді дұрыс меңгеру өте үлкен күшті талап еткені көрінеді. Себебі, алғашында қолға үйренбеген асау секілді арқанмен бас білдірген қарияны айнала жүгіріп отыратын Құлагер артынан үн қатады. Міне, осы сахналарда артист М.Сәбитов тағы да өзінің құрыштай шыныққан сахна шебері екенін танытты. Себебі, жүрісінен жаңылмайтын ерен жүйрік Құлагерді бейнелеу үшін артистке басынан бақайшағына дейін актер техникасын меңгеруі тиіс. Міне, актер тек ішкі дайындықтарымен ғана емес, сөйлу техникасы, дыбыс және демді трюктік жаттығулар арқылы шыңдай түскен. Сахна тілі өнерінің әрбір қағидаларын жете білу, тартымды тембр, әуезді үн, шыныққан демді меңгеру үлкен өнер. Дегенмен, бір ғана мақсатпен шектеліп қалу ол бейненің солғын тартуына әкеліп тіреледі. Кейіпкердің бейнесі, сөйлеуі, іс-әрекеті бөлек бөлек күйінде қалмауы тиіс. Сонда ғана айтар ойды көрерменге күштеп таңбай, нәзік сезіндіре алар күшке ие болады.

Кейіпкерлердің мінезін, болмысы мен оның тілін сөйлету автордың парызы болса, сахнадағы ғұмырының ұзақ болуы актерлің міндеті һәм

парызы болып табылмақ. «Сахна тілін меңгерген кезде, сөз бен ойдың тығыз байланысына, мағынасына жете көңіл бөлу керек. Сондықтан, актерді рөлдегі кейіпкердің сөз саптауына үңіле отырып, автор ойынан әсте ауытқымай, сол ойдың түпкі мәнін айшықты бояумен бере білуге баулу қажет»[7]. Ал, өз дауысын меңгеруі тынысына, сөйлеу мөлшерінің қызметіне, сөйлеу шапшандығына, паузаға, дикцияға байланысты. Сөйлеу техникасын жете түсінген актер драматург туындысының қасиетін, оның асыл құнарын тап басып жеткізуді қамтамасыз ете алады. «Автордың мәліметтерін салыстырып, әртүрлі жағдайларын өлшеп, пьеса желісіне жіті мән беріп, ишараны көркемдеп көрсету - сахна композициясына тән құндылық»[7, 16 б] екенін ескерсек, мұндай біртұтастыққа қол жеткізу артист үшін үлкен жеңіс болмақ. Актер үшін ауызекі сөздің логикалық интонациялық заңдылықтары – сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары болса, тұтас спектакльдің күші және күре тамыры актерлік өнер арқылы көрінетіні белгілі.

Актер не болмаса көркемсөз шеберінің табиғи дауысының жарқын да жайлы, ашық та анық, сұлу да сүйкімді шығуы, оның қалай тыныстап, қалай дем алуына тәуелді болады. Демек, барлық түбірі демнің шыңдалуы мен оны меңгеру тәсіліне екеніне көз жеткізуге болады. «Современный театр предъявляет большие требования к искусству актера. Работа над произведениями различных эпох, стилей и жанров, умение создавать яркие образы предполагают профессиональное владение актером внешней техникой, чувством ритма, выразительной пластикой»[8] деген Немировскийдің пікірін негізге алсақ, Еуропа театрлары бұл сала бойынша барынша дамыған. Ол елдерде театрлардың өзі классикалық немесе альтернативтік, эксперименттік болып жіктеліп кете береді. Классикалық театр бір төбе болғанда, жаңа бағыттардың ішкі жігі тіптен көп. Заманауи, тарихи, тіпті қай жанрдағы спектакль болмасын актерлік шеберлікте «сөздің эмоциялық өңі, әсерлілігі, сұлулығы деген бар. Тіл құдіреті оның адам ойына ғана емес, сезіміне де әсер ете алатындығында емес пе? Сөз тілдің көркемдік қасиетін танытатын бейнелеу құралы. Сол үшін де оның бояу-бедері, ою-өрнегі бар»[9,], - деген академик І. Кеңесбаев сөзіне сүйенсек бүгінгі режиссер, актер және барлық шығармашылық иелері үшін сахна тілі мен көркемсөз өнері үздіксіз оқуды талап ететін сала екендігі айқындалады. Бүгінде сахна тілі бойынша мамандар даярлап, актерлік өнер бойынша дәріс беретін жоғары оқу орындары өз талапкерлеріне «тыныс алудың физиологиялық және фонациялық түрлерін қолдану, дем алудың үлгілерін игеру, тілді жаттықтыратын жаңылтпаштарды игеру» сынды талаптарын қойып, жас мамандар даярлауда негізгі мәселелермен ұшыраспаудың алдын алуда.

Сахна тілінің заңдылықтарын сақтай отырып орындалатын көркем мәтіндерде актер үшін сөзді орындау мен жеткізуде сұрыптап, оның эстетикалық маңызын жоймау маңызды қызмет атқарады. Оны түсінудің ең маңызды шарты сөздің жағдаяттық яғни, контекстік қызметін түсіну қажет. Сөз таңдау әрекеті мәтін түзу, яғни колорит түзуші лексика шоғырын құрастыру мәселесіне де тікелей қатысты. «Кейіпкерлердің жалпы мінез-

құлықтары оның іс-әрекеттерінен туындайтынын ескеру қажет. Әр қайсының дербес түсініктерінен туған қарсыластарының ара қатынасын, режиссерлік қойылымдағы концепциялық көркемдік ойдың нақтылығын дұрыс айқындау аса қажет. Бұл қағидаларсыз сахнаның композициялық жолын табу қиындыққа соқтырады. Сол себепті сыртқы белгілердің нәтижесіндегі болмыс бітім, психологиялық іс-әрекеттердегі айқындықтың болуы шарт»[10, 86 б] Осындай заңдылықтар мен зерттеулерге сүйене келіп, бүгінгі театр үдерісіндегі сахна тілі мәселесі, оның ішінде күн сайын жаңарып, зерделеуді талап ететін актерлік өнердің кейбір мәселелерін қарастырдық. Актер техникасы көпқырлылықты талап етсе, оның ең маңызды әрі ажырамас айқын түрі – демді шыныктыру және оны қолдану тәсілдері. Өз зерттеуімізде демнің тек драмалық спектакльдерде, сөз орындауда ғана емес, сахна қозғалыстарында, түрлі жанрдағы қойылымдар мен актер болмысын танытатын барлық жағдайда маңызды екеніне көз жеткіздік. Ал, актер тәжірбиесінде демді трюктік жаттығулар арқылы меңгерудің мол пайдасы бар екенін де зерделеуге тырыстық. Отандық балалар мен жасөспірімдер театры репертуарының негізінде актер М.Сәбитов шығармашылығына салыстырмалы түрде талдау жасай отырып, бейне сомдауда демнің алатын орынын айқындадық. Әлемдік театр тәжірбиесін ескере отырып, бүгінгі театр тенденциясындағы кәсіби актер шеберлігі үшін маңызды элемент саналатын сахна тілінің аясы әлі де зерттеулерге арқау боларлықтау даму үстінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұранқұлова Д. Сахна тілі : Оқулық. - Алматы: Білім, 2011
2. Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 325б
3. Құлбаев А. Сахна сайысы өнері: Оқулық. – Алматы, 2014
4. Исламбаева З. Театр өнеріндегі сахна тілінің игерілу мәселелері. – ҚазҰУ хабаршысы. - №2 (51). 2015
5. Құлбаев А. Сыр мен сымбат. – Алматы: «Мектеп-Болашақ» ЖШС, 2005. – 344 б.
6. Андирова А. Сахна тілі және әсемдік. Ұстаз тілегі орталығы, –2019
7. Құлбаев А. Сахна қозғалысы пәнінің негіздері. Алматы. 2011
8. Немировский Ф. Пластическая выразительность актера. – Мосвка
9. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Ал-маты: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.
10. Рахимов Ә. Режиссер шеберлігі: Пьесадан қойылымға дейін. Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 248 б

ӘӨЖ 792.028.4

Серикбаев Султан Аканович
Т. Қ. Жүргенов атындағы 1 курс магистранты
sultan-ssa@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:
Шанкибаева Алия Бақытжанқызы,
өн. к., «Сахна пластикасы және дене тәрбиесі» кафедрасының профессоры,
Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА.
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

НҰРМҰХАН ЖАНТУРИННІҢ АКТЕР ПОРТРЕТІН АШУДАҒЫ ОРЫНДАҒАН КЕЙІПКЕРЛЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада Нұрмұхан Жантөриннің жеке әдісі мен тәсілін қолдана отырып, сахналық образ жасауды түсіну үшін оның шығармашылығын зерттеуге арналған алғашқы методика туралы айтылады. Ол үшін актердің бүкіл шығармашылық мұрағатын, әдеби материалдарды, актердің өзін де, ол туралы көрнекті мәдениет қайраткерлерін де қарастырып, талдау қажет. Көркем фильмдердегі басты рөлдер мысалын қолдана отырып, актердің образдарды ашудағы ерекше манерасы, ішкі темпераменті және ерекше сыртқы пластикасы туралы алғашқы қорытындылар жасалады.

Тірек сөздер: театр, пластикалық мәдениет, актер, образ, қазақмәдениеті, актердің шығармашылық қызметі, кино, рөлдер.

THE SIGNIFICANCE OF THE ROLES PERFOMED BY NURMUKHAN ZHANTURIN IN REVEALING HIS ACTING PORTRAIT

Abstract. The article considers the initial approach to the study of the work of Nurmukhan Zhanturin. For comprehension his manner of creating a stage image using individual methods and techniques in plastic solution. For this purpose it is necessary to consider and analyze the entire creative archive of the actor, literary materials, both the actor himself and prominent cultural figures about him. Using the example of key roles in feature films, initial conclusions were made about the special manner of the game inherent in the actor, internal temperament and specific external plastic in revealing images.

Keywords: theater, plastic culture, actor, image, Kazakh culture, creative activity of the actor, movies, roles.

ЗНАЧЕНИЕ ИСПОЛНЕННЫХ РОЛЕЙ НУРМУХАНА ЖАНТУРИНА В РАСКРЫТИИ ЕГО АКТЕРСКОГО ПОРТРЕТА

Аннотация. В статье рассматривается начальный подход к иследованию творчества Нурмухана Жантурина,для понимания его манеры создания сценического образа с помощью индивидуальных способов и приемов в пластическом решении. Для этого небходимо рассмотреть и проанализировать весь творческий архив актера, литературные материалы, как самого актера, так и видных деятелей культуры о нем. На примере ключевых ролей в художественных фильмах сделаны начальные выводы о присущих актеру особенной манеры игры, внутренего темперамента и специфической внешней пластики в раскрытии образов.

Ключевые слова: театр, пластическая культура, актер, образ, казахская национальная культура, творческая деятельность актера, кино, роли.

Кіріспе

Театр және кино – қоғам үшін әрдайым маңызды болып табылатын өнер салалары. Олар халықты мәдениетке, жақсылыққа, руханилікке жетелеп, эстетикалық ләззатты да сездіре алады. Әлбетте, театр үшін де, кинематограф үшін де режиссер, автор, суретші, тағы да басқа мамандар өте қажет. Бірақ екі саланың да негізгі элементі және қозғаушы күші – актерлер. Актер дегеніміз – қандай да бір кейіпкерге жан беріп, образ ретінде көпшілікке ұсынатын, жан-дүниесін салып, тиісті рөлді орындап шығатын маман. Актер өнері үздіксіз шыныгуды және жаңа формаға деген ізденіс жүргізуді әрдайым талап етеді. Осы екі қажеттілікті жүзеге асыру үшін біз уақытылы тарихқа назар салып, беделді тұлғалардың еңбектерін зерделеуіміз керек. Бұрынғының дарынды актерлерін зерттей отырып, біз өз қабілетімізді шыныктыруғастимул және мотив тудыра аламыз. Сол себепті де Нұрмұхан Жантөрин секілді қазақ елінің әйгілі актері жөнінде зерттеу жүргізу өте маңызды.

Нұрмұхан Жантөрин өнер мамандары тұрғысынан бірталай рет қарастырылды, бірақ бұл тақырып өз қызықтылығын әлі де жоғалта қоймады. Нұрмұхан Жантөрин, бірталай тұлғалардың пікіріне сенер болсақ, өзіндік бір ерекшелігі бар актер болған. Біз ғылыми жұмыста сол ерекшеліктер төңірегінде жаңа ойлар мен ақпараттардыжүйелеуді қарастырамыз.Сондай-ақ, оларға бүгінгі күннің тұрғысынан талдаужәне заманауи баға беруді зерттеу жаңалығыдеп санаймыз.

Қазақ театры мен кино өнерінде өз денесін образ ашу мақсатында шебер қолданған актерлердің бірі – Нұрмұхан Жантөрин. Ол – соғыстан кейінгі онжылдықтың ішінде өз атын шығарып, алпысыншы жылдардың тұсында арнайы сыйлықтармен марапатталған абыройлы тұлға. Театр сахнасын өз үйіндей көрген, рөл ойнағанда ешкімге ұқсағысы келмеген орындаушы. Тіпті, өз кезінде жас актерді тәрбиелеумен де айналысқан оқытушы. Және осы зерттеуімізде біз тарихи тұлғаға айналған Нұрмұхан Жантөрин есімді қазақ актерінің өзіндік орындаушылық әдісі мен пластика ерекшелігін

зерттеудің бастапқы кезеңінде, ол туралы әйгілі авторлардың әдеби материалын және кинодағы Ең әйгілі образдары ретінде «Оның уақыты келеді» фильміндегі Шоқан Уалихановты, «Сұлтан Бейбарыс» фильміндегі сұлтан Бейбарыс рөлдерді қарастырамыз және талдаймыз.

Әдістер

Тарихи-мәдени талдау әдісі арқылы Нұрмұхан Жантөриннің актер портретін ашудағы мәселелерді, әйгілі актер шығармашылық ізденістерін, тарихи тұлғаны қазіргі таңда зерттеудің себептерін қарастыру және дарынды орындаушының актер пластикасының ерекшелігін түсіну мен анықтауды көздеп отырмыз.

Нәтижелер

Актерлік өнерге қатыстыстереотиптік түсінік мән-жайы. Жалпы Актер саласына мән берсек – спектакльдерде және кинофильмдерде кәсіби рөл сомдайтын мамандар[1]. Олар қандай да бір кейіпкерге жан беріп, түсінік-мінездерін бойларына сіңіріп, образға айналдырып, көпшілікке ұсынады. Аталмыш мамандықтың негізгі қағидасы – толықтай өзгеру. Тек сыртқы келбет-тұрыс қана емес, онымен қоса, ішкі жан-дүние де өзгеруі керек. Өзге индивид имитациясы жүзеге асуға міндетті. Сонда ғана көрермен қарсы алдындағы ойналған образға сене алады.

Әйгілі актер портретін ашудағы мәселелер. Қазақтың құрметті жазушысы Әбіш Кекілбаев кезінде жоғарыда аталып өткен актер туралы былай деп айтып кеткен еді: «...Нұрмұхан Жантөринге, біздің қазақ драматургтері туралы айтпағанда, кеңістік жетпейтін. Ол Эсхилдің, Софоклдың, Шекспирдің актері. Ол өз уақыты мен айналасындағылар үшін тым күшті, тым ұлы, тым текті болатын...»[1].

Райымбек Сейтметов есімді театр режиссері өз кезінде: «Нұрмұханның неден қорқатынын мен жақсы білемін – ол рөлдерді қайталаудан қатты қорқатын. Рөлдерді ғана емес, ол тіпті өзін-өзі қайталаудан да қорқатын еді...» – деп кәсіби бағасын берген еді[2].

Дарынды орындаушының шығармашылық ізденістері. Нұрмұхан Жантөрин әр рөлді ойнау үшін арнайы ізденіс жүргізіп, кейіпкеріне қатысты нешетүрлі мәліметтерді игеріп отырған. Тарихи тұлғаны ойнаса – сол туралы кітаптарды көп оқыған, өзіндік көзқарасы бар адамды сомдаса – сол көзқарас туралы зерттеулерді қарастырған, қысқаша айтқанда, жан-жақты ізденген.

Ал ендігі жерде Нұрмұхан Жантөриннің өз айтқан сөздерінен дәйексөз келтірейік. Ол кезінде өз образдары жөнінде былай деп айтып кеткен: «Аналар барлық баласын жақсы көреді ғой, мен де сол сияқтымын – жек көретін рөлім жоқ. Барлығын өздеріне сәйкес жақсы көремін...»[3]. Актердің бұл сөздері оның өз кәсібіне қандай көзқараспен қарағанын анық сездіреді.

Тарихи тұлғаны қазіргі таңда зерттеудің себептері. Баяндама, реферат, диссертация, жалпы, ғылыми жұмыстардың барлығы өзекті тақырыптардың зерттелгенін талап етеді. Зерттеушілер де жаңашыл тақырыптар мен ой-тұжырымдарға қызығып тұрады. Нысан ретінде қандай

да бір қалыптасқан құбылыс немесе тұлғаның жұмыстары таңдалсын, бәрібір «оригиналдық» мәселесі жоғалмайды. Алайда кейбір тақырыптар ұзақ жылдардан бері қаралса да, өз өзектілігін жоғалта қоймайды. Ондай тақырыптар үнемі жаңаша сараптаманы және түйінді қажет етеді. Қазақтың актері Нұрмұхан Жантөрин жөнінде зерттеу жүргізу – дәл осындай тақырып болып табылады.

Талқылау

Өкінішке орай, актерлік өнерге қатысты бір стереотиптік түсінік әлі күнге дейін өмір сүріп келеді. Ол түсініктің мазмұнына сүйенсек, актерлік өнер дегеніміз – қағаз-қағаз сөздерді жаттап алып, театр сахнасында немесе камера алдында әдемілеп айтып шығу. Қуану керек кезде күлу, қайғыру қажет уақытта жылау. Және режиссер не істе деп бұйырады, соны бұлжытпай орындау. Бұның бәрі, әрине, шындыққа жанаспайтын үстірт ой-пікір. Актер болу дегеніміз – әлдеқайда күрделі құбылыс.

Түсіндіріп өтейік.

Актерлік өзгерістің сыртқы және ішкі деген екі түрі кездеседі. Сыртқы өзгеріс грим, киім, маска сынды құбылыстар арқылы жүзеге асады. Ал ішкі трансформация пластика, дикция, ритм, жылдамдық, суырыпсалмалық, бақылаушылық, сезім, есте сақтау сынды ұғымдар нәтижесінде көрініс табады.

Демек, актердің міндеті тек мәтін бойынша сөйлеп, режиссердің айтқанын орындау ғана емес, сонымен қатар өз кейіпкерін шынайы адамға әр қырынан айналдыру. Қандай да бір оқиғаның сюжетінде кейіпкер мінезіне сай эмоция сезіну, өзіндік ерекшелігімен сөйлей білу, қажет кезде үнсіздік сақтау, аяғына дейін іс-қимыл мен мимиканы қатаң бақылау – осының бәрі өз-өзін шебер ретінде құрметтейтін орындаушының принциптері.

Жоғарыда көрсетілген стереотипті түсінік жөнінде тағы да сөз қозғасақ. Ол жәйдан-жәй пайда бола қалған тұжырым емес. Оның пайда болуы театр және кино саласындағы шынымен де кездесетін жағдайларға байланысты. Владимир Мартынов есімді орыс зерттеушісі өзінің «Пластика как средства театральной выразительности» деп аталатын ғылыми жұмысында заманауй театр өнерінің сөздік баталияға қатты кіріп, дене қимылы жайлы ұмытып бара жатқанын атап өтеді[4]. Ойлап қарасақ, бұндай пікірдің өмір сүруге құқығы бар. Орыстың театрында ғана емес, қазақтың да сахнасында онша қатты тырыспайтын, тек мәтінді тез-тез айтып шығуды көздеп тұратын актерлер кездеседі. Сондай үрдістің қаптап кетпеуі үшін актерлік өнерді енді бастаған әрбір жас маман «пластика» ұғымын ешқашан естен шығармауы қажет сияқты.

Пластика – өте қысқаша және жалпылама айтар болсақ, актердің өз денесін басқара білу өнері[4]. Сонау антика кезеңінен бері театр саласында денені басқару мәселесі әрдайым өзекті болған. Пластиканың актер үшін аса маңызды нәрсе екеніне ерекше назар аударған ғалымдардың бірі – Всеволод Мейерхольд. Егер Константин Станиславский рөл сомдау үшін бірінші кезекке кейіпкер психологиясына түңілуді қойса, Всеволод Мейерхольд – іс-

қимылды алға шығарады[4]. Аталмыш ғалымның түсінігі бойынша, актердің ең пайдалы құралы – оның өз денесі. Сол себепті де ол театр саласына «биомеханика» деген термин енгізіп, өз мектебін қалыптастырады. В. Мейірхольд биомеханикасы – актерге өз денесін басқаруға үлкен көмек тигізетін жаттығулар мен дайындықтар жиынтығы[4].

Актер үшін кейіпкер психологиясын түсіну де, сценарий мәтінін жатқа білу де – айтарлықтай маңызды қағида. Бірақ бұл екеуі орындаушыны тек «қарапайым актер» деген сипаттамаға жеткізеді. Ал өзіндік пластикалық әдіс актерге ерекше статус береді. Оригиналдық және өзгешелік тудырып, абыройын арттырады. Пластиканың актер үшін өте маңызды екені баршамызға белгілі жайт. Дәлел ретінде актерлік өнер түсінігін кеңейте әрі дамыта түскен, тарихта аттары қалған бірталай тұлғаларды атауға болады. Чарли Чаплин, Марлон Брандо, Ингрид Бергман, Одри Хепберн, Иннокентий Смоктуновский, Юрий Никулин, бұл әлем кинематографындағы ұлы тұлғалардың тек азғантайы ғана. Ал егер де қазақ киносынан мысал іздесек, онда Елубай Өмірзақов, Шакен Айманов, Әмина Өмірзақова, Нұрмұхан Жантөрин сынды тұлғалардың есімдерін келтіре аламыз.

Ендігі жерде осы тізімдегі Нұрмұхан Жантөрин деген адамға тоқталсақ. Нұрмұхан Жантөрин жәй ғана адам емес, қазақ киносы мен театры үшін өте көп еңбек еткен әйгілі актер. Аталмыш артист өз кезінде «Еңбек артисі», «Халық артисі», «Мемлекеттік сыйлық иегері», «Еңбек Қызыл Ту ордені» сынды абыройы орасан зор марапаттарды иеленген[5]. Қазіргі таңда белгілі орындаушы – жас мамандарға тек қана құрметке лайықты тарихи тұлға емес, сонымен қатар үлкі тұтуға лайықты және көп нәрсе үйренуге тұрарлық шебер актер. Осы кісінің есімі Атыраудағы филормонияға, Ақтаудағымузыкалық драма театрына, Алматыдағы бір көшеге ресми түрде берілген[5].

Нұрмұхан Жантөрин – 1928 жылы 22 сәуірде қазіргі Атырау облысы Махамбет ауданын дүниеге келген. Гурьев мұнай барлауында 14 жастағы жеткіншек бола тұрып жұмыс істеген. Кейінірек Алматыдағы киномеханиктер курсын оқып шыққан. Ташкент театр өнері институтының актерлік факультетіне қабылданып, 1952 жылы бітіріп шыққан. Бұл кісінің еңбек жолы М.Әуезов театрының сахнасында басталады. Актер дәл осы «әкем театрда» өмірінің соңына дейін еңбек етеді. Театр сахнасында ол әралуан кейіпкерлерді сомдаған. Кино өнеріндегі еңбектері де айтып талқылап өтуге тұрарлық[6].

Әрине, дарынды артист туралы өз пікірін білдірген адамдар аз емес. Белгілі актер Асанәлі Әшімов айтқанда: «...Нұрмұхан ұлы артист болатын. Бұл менің мойындауым. Ол – менен әлдеқайда жоғары тұрған адам» – деп өз пікірін білдірген еді[7]. Осы және жоғарыда келтірілген дәйексөз бізге Нұрмұхан Жантөрин деген актердің қандай болғанын бірден сездіретін сияқты.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен біткеннен кейін кеңестік республикалар ақырындап өз-өздерін қалыпқа келтіре бастады. Нешетүрлі қиындықтар болса да, өмір сапасын жақсартуға деген талпыныс басыла қоймады. Әсіресе қолға алынып, дарынды адамдардың арқасында театр және кино саласы

ілгері дамыған еді. Сол кезеңде бірқатар дарынды орындаушылар алдыға шығып, өздерінің еңбектері мен есімдерін көпшілікке жарқ етіп танытқан болатын. Нұрмұхан Жантөрин – сондай тұлғалардың бірі еді. Ол сомдаған Туматуге, Мұрат, Керім, Қодар, Шоқан Уәлиханов, Тағай, Жарасбек, Құрманғазы, Тасбол, Сұлтан Бейбарыс сынды бір-бірін қайталамайтын характерлі бейнелейтін кейіпкерлері кәсіби шеберлігін шыңдаған еді.

«Талант Нурмухана Жантурина закрепил и обогатил завования актерской школы в мировом кино», - деп кәсіби шеберлер пікірімен бағаланған артист шығармашылығының шыңы ретінде «Оның уақыты келеді» фильміндегі сомдаған рөлін бірінші тілге тиек етеміз. Себебі, 1957 жылы «Ленфильм» киностудиясында жарыққа шығып, көпшілікке қазақтың ұлы ғалымы жайлы көлемді туындыны ұсынған Мәжит Бегалин көркем фильмді өз биігіне шығара алды. Басты себеп, фильмнің режиссурасы, сценарийі, өзге де қызықты тұстары ғана емес. Заманынан озып туған қайраткер, ұлттың ұлы ойшылы, зерттеуші-ғалым, қазақ ғылымында аққан жұлдыз Шоқан Уәлиханов болмысы мен оны сомдаған актер Нұрмұхан Жантөриннің кәсіби шеберлігі еді.

Шоқан Шыңғысұлы Уалиханов – қазақ қоғамында қазіргі түсінігіміздегі жазбаша ғылымын қалыптастырған ағартушы. Ол шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, географ, этнограф болған. Онымен қоса, әскерде де қызмет еткен[5]. Н.Жантөриннің арқасында дәл осы ұлы ғалым толықтай елестетуге ыңғайлы реалды образға айналған еді. Ғаламторды ашып, Шоқан Уалихановтың портреттері мен «Оның уақыты келеді» фильмінің кадрлерін салыстырып қарар болсақ, Нұрмұхан Жантөриннің кейіпкерден айнымай қалғанын анық көреміз. Актер тек сыртқы келбетімен ғана емес, сөйлеген сөзімен де, көрсеткен эмоциясымен де, қимыл-қозғалысымен де образды аша түседі. Тіпті қыңқ етпей, ештеңе айтпау керек кездерде де өз мимикасымен көрерменге әсер етеді. Мысалы, Шоқанның ақ патшамен кездескеннен кейінгі сәтіне тоқталайық. Экраннан бізге жаңбыр тамшылары тиген терезе, оның ар жағында барлық үміт-арманы күл талған болған Шоқанның түрі көрсетіледі. Нұрмұхан Жантөрин сол сәтте көрерменнің көңілін бір секунд ішінде тебірентіп жібереді. Қазақ экран өнерінде өзінше бөлек зерттеу мен зерделеуді талап ететін Шоқан-Нұрмұхан бейнесі фильм алғаш жарыққа шыққан жылдардан бастап-ақ кәсіби кино сыншылары мен мамандарының көзіне түскен болатын. Бұл жайында кинотанушы Б.Нөгербек «Жантурин играет личность героя, нам дано ощутить, почуствовать трагедию прогрессивного мыслителя и просветителя, не понятного своими соплеменниками и отвергнутого самодержавием»[6]- деп пікір білдіреді. Расымен де, ұлы тұлғаның болмысын жан-жақты бейнелеп қана қоймай, оның трегедиясын өз ішкі әлеміннен өткізіп барып сомдау тек актерлік шеберлікті ғана емес, рухани тазалықты талап етсек керек. Жарыққа шыққан соң, бір жылдан кейін Мәскеу төрінде өткен декадада көрсетілген көркем фильм мен ондағы Шоқан образы жайлы екіжақты пікірлер айтыла бастады. Соған қарамастан, қазақ халқына ғана тән көзқарас пен парасатты игерген талантты артист шеберлігі талайларды тәнті еткен еді. Өз басына қауіп

төндіре отырып, тарих парақтарына мәдени өзгеріс енгізуді мақсат еткен этнограф-ғалым бейнесін актер өз қалыбына салып алмай, керісінше бар болмысын қырда туып, қырандай түлеп ұшқан тұлғаның болмысын айшықтай түсуге жұмсады. Экран өнеріндегі бұл бейнесі жайлы мәскеулік танымал ..... Григорий Рошаль: «Я бы мечтал, чтобы кто-нибудь так сыграл Чернышевского, как Жантурин Валиханова»[7] - деген пікірінен ақ экран өнері дамыған орыс кино мектебінде әлі де болса тарихын терең зерттеп, тұлғаларын дәл бейнелейтін актерлердің кемшін болғанын аңғаруға болады. Мұнда тек ұлт бағына туған тұлғаның жекелеген образы ғана емес, қысқа ғұмырында шексіз қазына қалдырған қайраткердің қазақ халқына тән мінез ерекшелігі ашылады.

Н.Жантөриннің актерлік қабілеті туралы театр және кино зерттеушілері «В нем много биографии народа. Это не просто типаж народа, а это история народа сосредоточена в его лице, в его поведении, в его жесте, в его глазах. Я видел картину два раза, я и третий раз посмотрел бы, и просто чтобы изучать лицо. Как прелестно подан Валиханов, великолепны крупные планы и особенно глаза его»[7,1]- деген пікір білдіргенін ескерсек, оның Манас жырын жазып алу үшін қырғыз қариямен сөйлесетін сахнасын ерекше атап өтуге болады. Өз қызметшісін жолға жіберіп, жырды толық жазып алу үшін тау арасында қалып кеткен зерттеушінің болмыс-бітімі, ілімі мен ізденісі туындыда терең ашылады. Қашқарға барған сапарында ешбір ғалым аяғын баса алмай жүрген өлкеден жинақтаған қолжазбасы арқылы орыс үкіметі Ш.Уәлихановты мүмкіндігінше пайдаланғанын да, жат тілді білетін, өзгелер өлетін жерден аман келетін қайсар болмысын Н.Жантөрин шебер жеткізеді. «Бұл демалу ма әлде айдалу ма?» - дейтін сұрағы өзінің нағыз ақсүйектерге тән көрегенділігін мен тектілігін аңғартады. Фильмде ұлттық ерекшеліктеріміз бен ауылына «айдалған» жолда көкпар тартатын эпизоды бойында қаны қызған қазақ ұлының болмысын танытады. «Абылай» деп ұрандап шапқан орыс ғылымына еңбек ететін офицермундирін шешіп тастап шапқанда шынайы болмысын іздегендей бұлқынады. Бұл жайында кинотанушы Б.Нөгербек: «... И эта динамическая сцена, в некоторым роде ключевая, для понимания экранного образа Чокана, исподволь пластически и психологически подготовленная актером: здесь былая царственность, медлителность, ленивая скованность, дискомфортность сменяется свободой, ярким степным темпераментом, счастливым ощущением гармонии, жизнелюбия, слитности с этой землей, с ее традициями. Словно после кошмарного сна просыпается человек и протягивает руки к сияющему солнцу»[8]- деп дөп тұжырымдайды. «Орыстардың алдында мүсәпір болып жүрсің» деген ауылдастары мен өз әкесінің пікіріне тиісінше жауап беріп «Қоқан ханының қолында қуыршақ болған сені аяймын, Садық» деп соңынан ешкім ермейтін ұлтбұзарлардың ісіне де күйіне білген еді. Кейіпкер-серіктестері М.Бахтыгереев, А.Кенжеков, Ш. Жандарбекова сынды артистермен көркем тандем құра білген.

Қырғыз бен қазақ халқының екі бөлек ел екенін танытқан жас ғалымға орыс әдебиеті қолдау көрсетіп, георафиялық одақтың мүшесі ретінде

қабылдауды ұсынады. «Тарихы әлі зерттелмеген халқыма деген зор құрмет» деген жас ғалымның батылдығын пайдаланған одақ та қолынан келгенін жасап бағады. Дегенмен, ол орысқа қызмет ете жүріп, туған халқының жай күйін ойлауды естен шығармады. Қырғыз-қазақ халқының сол уақыттағы билеушілер тарапынан көрсетіліп отырған жұтаң жағдайын жеткізгісі келген Шоқан Шыңғысұлын сомдауда Н.Жантөрин өз азаматтық болмысымен кейіпкер жанын үндестіргендей. Фильмде жан-жақты ашылған актер образы жөнінде қазақ кино сыншылары ғана емес, орыс киногерлері де «Нурмухан Жантурин демонстрирует филигранное мастерство в передаче сложнейших психологических переживаний Чокана. Актер наполняет образ богатым внутренним содержанием, приоткрывая завесу «неизлечимой душевной печали», давая понять о постоянной внутренней борьбе противоречивых чувств и дум героя»[9] -деп пікір білдіреді. «Сіз - Азияның Христофор Колумбысыз» деген одақ мүшелері оның барлық мүмкіндігін сарқуға тырысады. Ұлыбритания елшісінің ұсынысынан бас тартқан Ш.Уәлиханов «Лондон тұманы маған қол болмаса керек» деп шығарып салады. Фильм тек зерттеушілік, тұлғалық болмысын ғана емес, жаны таза, ғашық бола білетін азамат болмысын да алып шығады.

«Образ Чокана Валиханова был близок Нурмухану Жантурину по своей социальной направленности, драматизму отраженных в судьбе общественных коллизий. На перый план вышли энергия мысли, эмоциональность отобранных и выстраднных идей, умение раскрывать глубину чувств в динамику действенного существования на сцене»[10]- деген пікірлер тізбегін жиі кездестіргеніміздің өзі тарих толқынындағы актер бейнесінің әлі де зерттелмеген тарихы барын аңғратады. Көз алдындағы көргенін ұлт қажетіне жаратамын деп жүріп жаза басқан тұлғаның тағдыры қасіретті әрі аянышты. Осы бейнені нанымды бейнелеуде Н.Жантөриннен өзге артист сол уақытта болмағаны анық. «Оның уақыты келеді» фильмінің ең тебірентерлік тұсы – соңғы эпизодтар болып табылады. Ауруға шалдыққан, өмірдің әділетсіздігіне көнген, өз шарасыздығын қабылдаған, бірақ елі мен жеріне деген ыстық махаббаты сөнбеген, болашаққа деген үлкен үміті сөнбеген Шоқанды актер Нұрмұхан Жантөрин денесінің қимылымен, кідіріс жасап сөйлеуімен, үнілеп демалуымен сездіреді. «Реформа жасайды деп үкіметке сендім...» деген монологы іштегі бар күйін, сезінгенін сыр ғып шертетін тұлға образын Н.Жантөрин шебер кескіндейді.

Оның 1954 жылы жарық көрген «Дала қызы» (Дочь степей) көркем фильміндегі студент-дәрігер Керім Саттаров ролі де кино сыншылары назарына ерекше ілінген болатын.Басты кейіпкер болмаса да, сыр алдырмас кейіпкерді ерекше ойнаған Н.Жантөриннің әр ролі ерекше болды. Фильмде З.Шәріпова, Қ.Бадыров, Ш.Жандарбекова, С.Телғараев, Е.Өмірзақов сынды сахна мен экран өнерінің хас шеберлерімен бірге роль ойнаған артист Ш.Аймановтың бұл туындысында да өзінің кәсіби көкжиегін кеңейте алғанын аңғарамыз. Ақ-қара түсті кадрлы фильмде актерлік өнердің нағыз шеберлікке қазықталған бейнесі дараланады. Ауыл оқиғасын суреттей отырып өрбитін фильмде жетім қыз Нұржамал-Зәмзәгүл Шәріпованың

тағдыры арқылы қоғам бейнесі, қала берді екінші дүниежүзілік соғыс пен сол уақыттағы медицина төңірегінде өтеді. Фильмнің сценарий авторы Р.Фатуев кейіпкерлердің ішкі психологиясын жеткізуде көп ізденгені аңғарылады. Режиссер мен сценарист тандемінен туындыған кейіпкерлердің бірі – Керім бейнесі болды. «Н.Жантөриннің актерлік шеберлігі – оның адамдық-адамгершілік қаситеттерімен қатар өрілді. Себебі, актер әрбір сомдаған ролін өзінің болмысындағы азаматтық ұстанымына сай етіп кескіндейтін. Өнердегі бұл бағыты, ерекше жолы оны жаңылыстырған жоқ. Актердің кескін-келбеті, дауысының жағымдылығы оған кез-келген кейіпкерді сомдауға мүмкіндік беретін»[11] - деген зерттеушілер актердің шығармашылық қырымен қатар, болмыс-бітімін қатар қоюға тырысқаны осы сынды шынайылыққа негізделген рольдеріне қарап айтылса керек.

Қай кезеңде болмасын өнер адамы, жалпы тұлға тағдырын бейнелейтін спектакльдер мен фильмдер зор тәуекелді талап етеді. Дегенмен, суреткер тағдыры арқылы заман келбетін бейнелеген туындыларды қазақ әдебиеті мен драматургиясында жиі кездестіруге болады. Себебі, ұлт тарихын арқау ететін туындылар көркемсөзді сәтімен қолданып, экран өнеріне шығуына мүмкіндік береді. Себебі, ұлы ойсыз, шебер сөзсіз, Абайды, Шоқанды, Мұқағалиды, тіпті сом бейнелер Абылай мен Бейбарысты сомдау мүмкін емес. Міне, актер техникасында маңызды роль атқаратын көркемсөз өнерінің негіздерінің қажеттілігі талас тудырмайтынын осы мысалдан аңғаруға болады. Осындай дәлділікті меңгерген артистің кинодағы Сұлтан Бейбарыс, Шоқан Уәлиханов рольдері көрермендеріне бір сәт күмән туғызбаған еді.

Орындаушының тағы бір әйгілі образы – режиссер Булат Мансуровтың «Сұлтан Бейбарыс» фильміндегі басты рөлі. Бейбарыс – дешті қыпшақ даласында дүниеге келіп, кейіннен құлдыққа алынған, Мысырға сатылып, уақыт өте сол елдің билеуші сұлтанына айналған тарихи тұлға[12].Дешті қыпшақ ұланы, Сұлтан аз-Захир Бейбарыс (1223-1277) – құлдан Мәмлүк мемлекетінің ойлы да кемеңгер билеуші дәрежесіне көтерілген тұлға. Бұл қойылым ұлы бабамыз жайында жарық көрген алғашқы және соңғы туынды емес екені анық. Әрбір қаламгер қолынан келгенше, әр режиссер шамасы жеткенше батыр бабамыздың бейнесін экран мен театр сахнасына шығарып келеді. Ұлы әміршілер - әрдайым күрделі адамдар. Олардың психологиясын, табиғатын, тектілігін көрсету - актер үшін оңай жұмыс емес. Билеушілерді бір мезетте адам ретінде де, хан, сұлтан, император, король ретінде де сездіре білу керек. Актер бойынан шынайылық қана емес, ұлылық та сезілгені жөн. Нұрмұхан Жантөриннің арқасында осының бәрі іске асады. Актер кадрда пайда болған сәтінен бастап, жәй ғана бұрылып, бет-әлпетін көрсету арқылы кейіпкер туралы мәліметтің бәрін сездіреді. Көрермен бірден Бейбарыстың өзін көргендей сезініп, біршама шошынып қалады. Булат Мансуров бұл фильмде мимика және көзге ерекше зейін қойған. Нәтижесінде біз Нұрмұхан Жантөриннің көзді қолданып, образ ашу қабілетін тереңінен түсіне бастаймыз. Нұрнияз Мұханов есімді Маңғыстау облыстық музыкалық-драма театрының директоры өзінің бір сұхбатында: «Қазақ «Бейбарыс» дегенде Нұрмұхан Жантөринді елестететініне кәміл сенемін...» – деп айтып

кеткен[13]. Осындай көзқарасты көптеген кино және театр саласындағы мамандар ұстанса керек. Фильм шыққан кезде көпшілік те сондай пікір білдірген де шығар. Құлдықтан хандыққа дейінгі өмір жолы, дешті Қыпшақ даласының кемеңгер тұлғасы Бейбарыстың бар болмысы, биіктігі мен парасаты аңғарылады. Жат өлкеде талай қиындықты басынан өткерген ол қанша таққа отырса да өзінің туған елін, кең даласы мен ондағы жусан иісін аңсаумен болады. Міне, осындай мінездемеге ие даңқты дала батыры Бейбарысты лайықты сомдаған Н.Жантөрин бейнесі бүгінге дейін көпшілік көкейінде сақталып келеді. Кәсіби киногерлер де бұл рольді жоғары бағалап «Созвездие 90» кинофестивалінде 68 фильмнің арасынан бас жүлде табыс етті. «Өнер ережесінің ерекше шартына мынадай бейнелі белгілер енеді: Егер актер өз өнерінің алдында құрыштай берік, әбден шыныққан дене тәрбиесі, дұрыс қойылған әсем сазды дауыс, қырағы елестетуі, өмірден жиған әсерлік қоры, зерек зейін секілді көркемдік зор мақсат қойылмаса, онда кез-келген актердің өзі де кең мағынадағы үлкен сахна шебері дәрежесіне көтеріле алмақ емес»[14,26]. Ия, осы сөзбен шығармашылығы астасып жатқан актердің бір сәтке болсын ізденісін тоқтатпауы, өзін психологиялық һәм физикалық тұрғыдан жетілдіруден шаршамауы өз нәтижесін де берді. Бұл туралы белгілі театртанушы Әшірбек Сығай: «Ойшыл, сараптаушы, сұрыптаушы, сахнада толығымен өмір сүрген актерлердің бірі болды...» – деп кәсіби бағасын берген еді[14,1]. Сахна өнерінде ғана емес қазақ кино өнерінде қайталанбас бейнелер жиынтығын жасаған актер табиғаты туралы естеліктер мен сыни зерттеу мақалалар аз жазылмады. Биліктің сатқындығын, жақын тұтқан жанашырлардың опасыздығын, атақтың адам өміріндегі маңызы мен мәнін терең көрсететін мұндай бейнелер экран өнерінде көп болмады. Ал, Н.Жантөрин солардың алғашқысы әрі бірегейі. Бұл туралы фильмді түсірген режиссер Б.Мансуровтың өзі: «С нимбыло легко работать. Не только потому, он был высоким профессионалом, но и потому, что человеком он был добрым, даже немного сентиментальным. Хотя внешне казался суровым, неподатливым, обращенным внутрь самого себя. В самом деле, он постоянно размышлял. Все замечал: состояние природы и людей, их характеры»[15] - деп еске алады. АлРахилям Машурова дәл осы мәселеге қатысты бір сұхбатында:«...Жантөрин репетицияға келгенде ешқайсымыз кешікпейтінбіз. Нұрмұхан ағаның арқасында бүкіл жұмыс уақыты шығармашылық ахуалда өтетін. Тіпті репетицияның өзі мереке сияқты еді...»[16] – деп айтып кеткен. Онымен экран өнеріндегі бірге жұмыс жасағысы келген талай киногерлер естелігін тілге тиек етсек болады. Шыңғыс хан ролінде көруді арман еткен киносценаристтер оған лайықты мінездеме жасай алмағандарын да айтып жатады.

Әр ролі өзінше өмір сүретін суреткер сомдаған бейнелер бүгінге дейін ел жадында сақталып келеді. Ерекше ерлігі мен асқан дарындылығы Египетті 17 жыл билеген қыпшақ баласының қилы тағдыры, өз бабамыз бен тарихымызға деген құрметті жандандырып, өткенімізді ұлықтауға алып келді. Міне, осы тұрғыдан Бейбарыс-Нұрмұхан бізге батыр бабамыздың даңқты ерлігі мен әскери шеберлікке негізделген қайсар болмысын дәл

таныта білді. Мұндай кесек бейненің жаңа қырын өз тарихымыздың бөлігі ретінде сезіндіре алды. «Талант Жантурина, истинно национальный, стал достоянием всего человечества, достиг мирового уровня артистизма и художественного мышления»[16,1] - деген режиссер Б.Мансуров пікірінің өзі оның шығармашылығына берілген үлкен әрі лайықты баға.

Аталмыш фильмдегі сом бейнесінен бөлек «Атаманның ақыры» фильміндегі Полковник Аблайханов бейнесінің өзі үлкен кәсіби зерттеуге арқау боларлықтай шеберлік шыңы. Бұл туралы актер М.Өтепбергенов: «Сол фильмде нағыз тарихи тұлғаның бейнесін кескіндеген Н.Жантөринді неге үлкен планда алмаған деген сауал туындайтын. Сөйтсем, сол кинода басты рольді ойнаған А.Әшімов өз кейіпкерін «аша» алмағандықтан, басқа кейіпкерлерді төмендетуге тура келген екен»[17] -деп еске алады. Расында, оның актерлік қарым-қабілеті мен потенциалы басты кейіпкерлерді басып озып, көрсетпей тастай алатын тым құдіретті күшке ие еді. Оның айқын дәлелі Сұлтан Бейбарыс бейнесімен айқындала түскендей. Н.Жантөриннің «кейіпкер болмысындағы өзгерістерді егжелі-тегжейлі, асықпай біртіндеп суыртпақтатып, біртіндеп дамытып отыруы және кейіпкердің көңіл-күйін психологиялық дәлдікпен жеткізе білуі, сөздің майын тамызып, айтар ойын байыппен байқату сынды қол жеткізген жетістіктері болашақ сахнагерлердің ары қарай жалғастыратын игі дәстүріне айналды...»[17,1] деген зерттеушілер пікірін Тұңғышбай Жаманқұлов та қостап, Нұрмұхан Жантөриннің атақ-дәрежеге қарамастан қарапайым адам болғанын атап өткен.

Актердің театр саласындағы ерекше рөлдеріне «Елеусіз қалған есіл ер» спектакліндегі Докторды, «Жендеттер» қойылымындағы Мольерді, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» көрінісіндегі Кодарды, Шекспирдің «Макбетіндегі» Макбетті, «Отеллосындағы» Ягоны, және тағы да басқа образдарын жатқызуға болады[18]. Өкіншіке орай, қазіргі таңда біз Нұрмұхан Жантөриннің театр актері ретіндегі қабілетін өз көзімізбен көре алмаймыз. Алайда замандастарының пікіріне сүйенсек, ол кісі әрбір образды пластика тұрғысынан өзгеше етіп дамытуға тырысқан екен. Бұл туралы Любовь Гуревич есімді орыс театр сыншысы өз мақаласында айтып өтеді.

Бүгінгі күнде театр сахнасындағы және кинематографтағы актерлерге өз қабілеттерін шыныктыру – өте маңызды. Дүниежүзілік пандемия онсыз да жоғарыда аталған екі салаға өз негативін тигізіп жатыр. Көпшілік арасындағы театр мен киноға деген сұраныстың да төмендеп бара жатқанын байқауға болады. Әсіресе қазіргі таңда көрерменді жоғалтып алмау - бірінші орында тұрған міндет. Әрине, адамдарды қызықтырып тарту үшін драматургия мен режиссура – ең қажетті салалар, бірақ іс жүзіне келгенде көрермен алдына актерлер шығады. Алғашқы әсердің де, бағаның да, ой-түйіннің де қалыптасуы актер шеберлігімен байланысты. Ендеше актерлік өнердің шынығуы – қазіргі таңдағы театр мен кино үшін өте өзекті мәселе.

Иә, актер үздіксіз рөл ойнап, тәжірибе арқылы шыңдалып отырады. Бірақ, Нұрмұхан Жантөрин секілді ұлы артисті зерттеп отырса, қабілеті одан бетер арта түседі. Соның нәтижесінде өз бойларына қажет біліктіліктерді сіңіртеді. Онымен қоса, жас мамандар актерді зерттей отырып: «Осындай

дәрежеге жетсем!» – деген стимул табады. Өз беттерінше ізденуге талпыныстары күшейе түседі.

Қорытынды

Актер – театр сахнасында және экран өнерінде нақты белгіленген рөлді кәсіби түрде жан-жақсы сомдап шығатын қабілетті маман. Шебер орындаушылар пьеса немесе сценарийдегі сөздерді әдемілеп айтып шығуды ғана емес, сонымен қатар кейіпкер психологиясы мен мотивациясын көрерменге сездіруді де міндет етеді. Пластика – әрбір актер үшін образ ашу жолында өте қажет болатын ерекше құрал. Сахнада немесе камера алдында әрбір қабілетті актер өз денесін басқара білуі керек. Сол денені кейіпкер образын ашу мақсатында басқара білу «пластика» деп аталады. Іс-қимыл, мимика, ым-ишара, тыныс, үн қатпай тұру – осының бәрі пластика қарастыратын ұғымдар.

Нұрмұхан Жантөрин әрбір рөлін ойнар кезде жан-жақты ізденіс жүргізген. Өз кейіпкерін индивид ретінде қалыптастырып, оған жан беріп, нағыз адамдай етіп ойнай білген. Сөз сөйлеуге келгенде шебер болса да, орындаушы пластикаға зор мән беріп отырған. Ол үнсіздік түсінігін қажет кезде қолдана білген. Театр сахнасында бірнеше минут үнсіз тұрып-ақ, өз образын жеткізе алған. Батыс өңірінде өмірге келіп, тағдырын мөлдір өнермен ұштастырған артист Н.Жантөрин де солардың бірі еді. Театр сыншысы **Ә.Сығай: «Жантөрин** – қазақ сахна өнерінің сапасы, мазмұны, хрестоматиясы. Ол - жасындай жарқ ете қалып, жан-жағына шуақ шашып өткен сахнагер. Оның ойнаған рөлдерінің өзі кесек еді»[4,1]-дейді.Сол себепті де Нұрмұхан Жантөрин – үлгі тұтуға тұрарлық, көп нәрсе үйренуге болатын, амбициялық стимул бере алатын ерекше тұлға. Өмірден өтіп кетсе де, қазіргі таңдағы жас актерлерге өз білімін бере алады. Ол үшін жас актерлер, оның фильмдерін зерделей көріп, өзіндік әдісін бақылағандары дұрыс.

Әріптес-серіктестері мен бір сахнада партнер болған майталмандар Н.Жантөрин таланты мен табиғаты жайлы сөз қозғағанда екінші тынысы ашылғанда оның болмыс-бітімі жайлы айта түскісі келеді. Солардың бірі Наталия Арынбасарова «Там, где горы белые» фильмінде бірге роль ойнаған әріптесі жайлы: «Настоящее актерское партнерство подарил нам фильм «Там, где горы белые » в 1973 году. Я снималась в роли дочери главного героя Мырзагали, которого играл Жантурин. Фильм и роль оказались в числе лучших в его кинобиографии. Я испытала огромную радость от легкости взаимопонимания, точности оценок и великолепной художественной провакации моего партнера» [19] -деп кәсіби шеберлігі мен болмысын шебер бағалайды. Ғасырда бір туатын мұндай тұлғалар жайлы бір ауыз болса естелік айтып қалсам деп армандайтын артистер де жоқ емес. Өнер майталманы Х.Елебекова артист жайлы: «Жаным – арымның садағасы» деген сөз бар қазақта. Міне, осы сөз тура Жантөринге арнап айтылғандай. Ол осы принциптен аттамаған санаулылардың бірі болды» - деп сабақтап «Я связываю эту мысль с длительным отторжением Нурмухана от театры –

«қара шаңырақ», в котором так мощно и красиво раскрывалось его недюжинное дарование...» -деп аяқтайды. Реэиссер Виктор Мажурин оның сахна өнеріндегі қайталанбас дара тұлға екенін айта келіп, қазақ және әлем драматургиясындағы қаншама қаһармандарды үздік сомдағанын да айтады. Шәкірттері ғана емес, замандас әріптестерінің өзі кәсіби тұрғыдан көп нәрсені үйренуге тырысқан көркем өнер кемеңгері Н.Жантөрин туралы «Я у него учился и этому – мобилизовать все лучшие качества, сконцентрировать их в один энергетический узел и отдать людям» деп ойын аяқтайды.

Француздың ұлы актері Коклен «Өнер өмір емес, тіпті оның көрінісі де емес. Өнер – құдыретті дара туынды. Уақыт пен кеңістікке тәуелсіз, өзінің мәңгілік өмірін жасайды. Өзгелерді өзінің тылсым әлеміне тартады»[27, 49 б] деп атап көрсеткен тылсым дүниесін дәл жеткізер күш актерге тиесілі болса, оны абыроймен алып жүріп және майталман сахна шеберіне дейін көтерілу кез-келген артистің маңдайына бұйырмаған. Ал, көптің бірі болмай бірегейіне айналған Н.Жантөриннің шығармашылығы әлі талай буынның әдіснама ретінде қарар үлкен мектебіне айналары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Жұлдыздар отбасы» журналы.№18 басылым,2012 жыл,35 б.
2. «Жұлдыздар отбасы» журналы.№18 басылым,2012 жыл,33 б.
3. «Жұлдыздар отбасы» журналы.№18 басылым,2012 жыл,31 б.
4. Мартынов В.С. «Пластика как средство театральной выразительности».[Электронды ресурс]: ғылыми жұмыс. кіріспе, негізгі бөлім:
1, 2 тараушалар. Балашов. 2020. Саратов өнер колледжі Балашов филиалы. Для педагога. Онлайн портал. URL: https://dlyapedagoga.ru/servisy/publik/publ?id=10256
5. Нұрмұхан Жантөрин. [Электронды ресурс] Википедия. Ашық энциклопедиясы. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Нұрмұхан_Сейітахметұлы_Жантөрин
6. Жұмағазина.А «Аңыз тұлға – Нұрмұхан Жантөрин». [Электронды ресурс]: ақпараттық мақала. "Қазақстан тарихы" порталы. URL: https://e-history.kz/kz/news/show/23900/
7. «Жұлдыздар отбасы» журналы.№18 басылым,2012 жыл,32 б.
8. Көркем фильм «Оның уақыты келеді». 1957 ж., реж:Бегалин.М [Электронды ресурс]: ақпараттық парақша. «Кинопойск» порталы. URL: https://www.kinopoisk.ru/film/757448/
9. Көркем фильм«Сұлтан Бейбарыс». 1989 ж., реж: Мансуров.Б[Электронды ресурс]: ақпараттық парақша. «Кинопойск» порталы. URL: https://www.kinopoisk.ru/film/94239/.
10. Нөгербек Б. «Чокан Нурмухана Жантурина». 1992 г. «Мадениет», №17
11. «Десять незабываемых дней». Алма-Ата. – 1961. С. 121
12. «Я – актер. Я – человек. Высшее достижение создателя». Н.Жантөрин туралы естеліктер жинағы. Алматы. Атамұра баспасы. – 1997
13. Жақсылықова М. Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктері. Алматы. Дәстүр баспасы. – 2014 – 382 б.

УДК 5527

Тәттімбет Қазанқап Тәттімбетұлы,
Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚҰӨА «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының
1 курс магистранты
kazankap20@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:
Омарова Гүльзада Нұрпеисовна,
өнертану докторы, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының
профессоры

ҚАЗАНҒАП ТІЛЕПБЕРДІҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДОМБЫРА КҮЙЛЕРІН ҚҰЙМА ҚҰЛАҚ ӘДІСІМЕН ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада Қазанғап Тілепбердіұлының шығармашылығы бойынша музыкалық материалдар мен ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Қазанғап күйшінің өмірбаянын, күйлері мен олардың тарихын зерделеп бізге жеткізген ғалымдар мен орындаушылардың еңбектеріндегі аса маңызды деректер автордың келешек ғылыми жұмысына материал ретінде қарастырылып, бұл мақалада зерттеуші өз алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сай кейбір өзекті мәселелерді қозғады. Оның ішінде, Қазанғап күйлерінің көпнұсқалығы, формасы, қағыстарының ерекшеліктері және жанрға бөлу мәселесі (А. Райымбергеновтың жіктеуі бойынша). Осның бәрі салыстырмалы-тарихи, жүйелілік және синхрондық-диахрондық ғылыми әдістері бойынша іске асады және Қазанғап күйлерін үйренуде құйма құлақ әдісін игеру жолдарын анықтауда зерттеуші заманауи музыкалық-педагогикалық әдістерді қолданылады.

Тірек сөздер: күй өнері, Қазанғап күйлері, күйшілік мектептер, музыкалық жинақтар, күй нұсқалары, типтік форма-схема, орта буын, кіші саға, қағыстар, ноталық әдіс, құйма құлақ әдісі

ТВОРЧЕСТВО КАЗАНГАПА ТЛЕПБЕРДИУЛЫ И ПРОБЛЕМЫ УСТНОГО ОСВОЕНИЯ ДОМБРОВЫХ КЮЕВ

Аннотация. В статье дан обзор музыкальных материалов и научной литературы по творчеству Казангапа Тлепбердиулы. Исследователь анализирует информацию ученых и исполнителей, изучавших биографию Казангапа и его кюи. Так как данная литература является частью изучаемого материала, автор в свете целей и задач своей будущей научной работы затрагивает некоторые актуальные вопросы исследования творчества Казангапа. Эти вопросы касаются многовариантности кюев Казангапа, их форм, особенностей штриховой техники и жанрового деления (по классификации А.Раймбергенова). В исследовании этих вопросов будут

применяться методы сравнительно-исторического, системного и синхронно-диахронического исследования материала; для определения способов устного усвоения кюев Казангапа, исследователь будет использовать современные методы музыкальной педагогики.

Ключевые слова: искусство кюя, кюи Казангапа, школы кюйши, музыкальные сборники, варианты кюев, типовая форма-схема, орта-буын, киши сага, штрихи, нотный метод обучения, устный метод обучения

CREATIVITY OF KAZANGAP TLEPBERDIULY AND PROBLEMS OF ORAL DEVELOPMENT OF DOMBRA KYUS

Abstract. The article provides an overview of musical materials and scientific literature on the creativity of Kazangap Tlepberdiuly. The researcher analyzes the information of scientists and performers who have studied the biography of Kazangap and his kui. Since this literature is a part of the material of study, the author, in the light of the goals and objectives of his future scientific work, touches on some topical issues in the study of Kazangap's creativity. These questions relate to the multivariance of Kazangap kyuis, their forms, features of hatching technique and genre division (according to A. Raimbergenov's classification). In the study of these issues, the methods of comparative-historical, systemic and synchronous-diachronic study of the material will be applied; to determine the methods of oral assimilation of Kazangap kyuis, the researcher will use modern methods of musical pedagogy.

Keywords: art of kyui, kyuis of Kazangap, kyuishi schools, musical collections, variants of kyuis, typical form-scheme, orta-buyn, kishi saga, strokes, notes-musical method of teaching, oral teaching method

Өскелең ұрпақтың рухани мәдениетін дамытуда жас буынды шығармашылық қабілеттерін дамытуға, позитивті аксиологиялық бағдарлар қалыптастыруға бағытталған білім беру мекемелеріне үлкен рөл беріледі. Ол болмысты эстетикалық игерудің нысаны бола отырып, өмірлік құбылыстардың алуан түрлілігін дыбыстық образдарда бейнелейтін және осылайша әлемді көркем тануға ықпал ететін өнер түрі музыка ретінде рухани-адамгершілік әлеуетке ие.

XIX-ші ғасырда өмір сүрген Қазанғап күйшінің өмірі жайлы көптеген деректер жинақтап жариялаған, қазақ халқының өнер майталмадарының еңбектеріне тереңірек үңіліп, келешек ұрпаққа аманат қылып қалдыру мәселесі біздің ғылыми жұмысымыздың басты мақсаты болып табылыды. Екіншіден, осы Қазанғап күйлерінің материалында құйма құлақ әдісін игеру қазіргі кезде домбырашы ұл-қыздарға өздерінің күйшілік өнерін шыңдауға үлкен септігін тигізері сөзсіз. Сондықтан, осы мәселені де келешек магистрлік диссертациямызда маңызды міндеттеріміздің бірі ретінде ашып көрсетуге тырысамыз.

Сонымен, біздің келешек жұмысымыздың нақты мақсаты – бүгінгі таңда Қазанғап Тілепбергенұлының дәстүрін жалғау жолында күйшінің

шығармашылығын, стильдік, орындаушылық ерекшеліктерімен бірге күйлерді игеру амал-әдістерін анықтау, зерделеу.

Осы мақсатқа жету жолында біз алдымызға мынадай міндеттер қойдық:

- Қазанғаптың өмірі мен күйшілік мектебі туралы мәліметтерді жинау, жүйелеу
- Қазанғап күйлерінің стильдік ерекшеліктерін анықтау, зерттеу
- мамандық және теориялық пәндерінде құйма құлақ әдісі туралы материалдарды сұрыптау
- Қазанғап күйлерін орындау ерекшеліктерін және оларды игеру барысында құйма құлақ әдісінің маңыздылығын ашу.

Кезінде академик Ахмет Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде Қазанғаптың өмірін баяндап, құндылы және өте маңызды мәліметтер берген [1]. Көп жылдары бойы бұл еңбек Қазанғап туралы жалғыз ғылыми материал ретінде музыкатануда, оқу орындарында пайдаланыста болғаны көпшілікке мәлім. Өткен ғасырың 80-90 жж. бастап, дарынды домбырашы, консерваторияның жас түлегі Абдулхамит Райымбергенов Қазанғап шығармашылығымен тікелей айналыса бастады. Оның «Ақжелең» деген Қазанғап күйлерінің жинағы және бірінші ғылыми мақаласы 1984-85 жж. жарияланды [2, 3]. Және сол жылдары әйгілі домбырашы, Қазанғап күйлерінің көрнекті орындаушысы Сәдуақас Балмағамбетов та ұлы күйшінің күйлер материалдарын жинап, осы ғасырдың басында олар басылып шығарылды [4, 5]. Ал, қазіргі заманда басқа да Қазанғап мектептерінің орындаушы тұлғаларының жинақтарын мақтаныш тұтып айта аламыз. Мысалы, ол Қазанғаптың тікелей ізбасары Бақыт Басығараевтің ұлы Еділ Басығараев және домбырашы Асылбек Кенегесовтың ноталық жинақтары [6, 7]. Міне, осы еңбектер, басқа да жинақтар мен мақалалар [8] және аудиозаписьтер біздің диссертациямыздың музыкалық материалын құруда.

Заманауи ғылыми әдістерді қолдалынған зерттеулерге сүйенсек, Қазанғап дәстүрін жалғаушы, зерттеуші, күйші А. Райымбергенов Қазанғап шығармашылығына негізгі зерттеулер жасады [9, 10]. Бұл еңбектің басты ойы – *қазақ күйі импровизацияда өзінің тірі екенін байқатады.* Бірде құрылған, ол үнемі болып тұрады, өйткені оны ойнауға бел буған әрбір күйші міндетті түрде өз жанының бір бөлшегін салып, күйінішін өзінің қайғысы мен қуанышымен толықтырады. Құрылған бір күйді әр кім оны өзінің ойымен, күйшілік стильмен, жүрегін салып орындайды.

Қазанғаптың домбыра мектебін зерттеу 150 жыл бойы ауызша дәстүрде авторлықтың қалай сақталғанын, күйлердің бір ұрпақтан екінші ұрпаққа қалай ауысқанын, импровизация кезінде қандай өзгерістерге жол берілетінін, қай жерде және қандай формада болатынын байқауға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстанда кең таралған, қазіргі кезде Қазанғаптың «Домалатпай» және «Көкіл» күйлері өте танымал. Екеуі де ұлы күйші шығармашылығының кемел кезеңіне жатады және оның дарынының түрлі қырларын бейнелейді. Күй мазмұны бойынша «Домалатпай» айналмалы шыңның суретін салады, «Көкіл» өмір туралы философиялық ойлауды білдіреді. Табиғаты бойынша «Домалатпай» – жеңіл, ойнақы, «Көкіл» – ұстамды, өлшенген және «Көкіл»

«Домалатпайға» қарағанда күрделі құрылымға ие. Күйлер бірнеше нұсқада берілген, әр түрлі уақытта бірнеше орындаушылардан жазылған.

Барлық домбырашылар – Жалекеш Айпақов, Қадырәлі Ержанов, Райымберген Жолекенов, Келбет Тілеулин, Мәжит Бисембаев, Рүстембек Омаров, Айса Шәріпов және Бақыт Басырғараев – Қазанғаптың күйлерін шебер орындаушылардың бірі. Олардың әрқайсысы керемет виртуоз болып табылады, өзіндік ойын мәнерімен ерекшеленеді. Олардың барлығы дәстүрлі музыкалық тәрбие алды, есте сақтау қабілетіне ие, үлкен репертуарға ие, еркін импровизацияға ие. Бір қызығы, бұл домбырашылардың әрқайсысы өзін Қазанғаптың тікелей ізбасары деп санайды және оның күй нұсқасы ұлы күйшінің ерекше орындалуына жақын екеніне сенімді. Қазанғаптың өзін Жалекеш, Қадырәлі және Райымберген таниды. Олар оның жұмысын мұра еткен орындаушылардың алғашқы буыны. Келбет пен Мәжит аға буын өкілдері болса да, Қазанғаптың күйлерін оның жақын достары мен туыстарынан үйренген. Рүстембек, Айса және Бақыт – Қазанғап дәстүрін жалғастырушы домбырашылардың екінші буыны. Рүстембек пен Айса Жалекештен, Бақыт Қадырәлі мен Жұмалыдан тәлім алған. Осылайша сабақтастықтың екі жолын байқауға болады. 12 нұсқадағы екі күйді талдау көрсеткендей, домбырашылардың жадында күйдің семантикасы үшін маңызды барлық жалпы және ерекше штрихтар дәл жазылған. Кәдімгі штрихтар жүретін күй орындарында нұсқаларға жол беріледі.

Батыс Қазақстан дәстүрінің күйлерін импровизациялаудың басты ұйымдастырушылық сәті – музыкалық форма. Барлық импровизациялар, олар қаншалықты ерекше және ұзаққа созылса да, форма-схеманың құрылымдық заңдылықтарына негізделген. Қолданыстағы формадан, оның бөлімдерінің өзгеруінен, қозғалуынан және өзгеруінен барлық ауытқуларды орындаушылар бірден бақылайды. Форманы білу күймен бірінші кездескен кезде есте сақтауға міндетті материалды таңдауға және қай жерде импровизациялауға, орындаушылық шеберлікті көрсетуге, күй мазмұнына деген өзінің түсінігі мен көзқарасын ашуға мүмкіндік береді.

Қазанғаптың күйлеріне типтік форма тән – кіші саға, бірақ орта буын бірнеше рет қайталанып отырады. Қазанғап стилінің өзіне тән ерекшелігі-әзірлеу бөлімін дараландыру. Орта буын күйлерінде екі-үш рет орындалса, қайталанған бөлімдердің дамуы диапазонның кеңеюіне алып келеді және орта буын мен сағаның регистрлік аймақтарын біріктіріп, шашыраңқы пішінді құрайды. Тұрмыс-тіршіліктің ауызша түрінде күйді қайталап орындау нұсқалылықты көздейді. Күйдің бірінші нұсқасы автордың өзі орындау барысында қаланады. Қалған нұсқалар басқа домбырашылардың күйді орындауында пайда болады. Күй импровизацияда тірі, бірақ еркін емес, қатал, заңды деп зерттеу жасайды А. Райымбергенов [2].

Жақын арада тәжірибелі күйшілер кез-келген қиындықтағы бейтаныс күйді бір ойнаудан қайталай алды. Мұндай тез есте сақтаудың басты себебі музыкалық материалды орналастыру тәртібін, яғни күй формасын білу болып саналған. Жаңа күйді есте сақтаудың маңызды сәті соққылар: оң қолдың жоғары және төмен соққылары. Қағыстарға, күшті және әлсіз соққылардың

кезектесуі мен реттілігіне тікелей байланысты домбыра музыкасының қандай да бір бейнелері жасалады. Штрих (қағыс) – күйдің негізгі ерекшелігі, ол метр бойынша анықталады.

«Ақжелең» – Қазанғап күйлерінің негізін салушылардың бірі және оны дамытушы. Ақжелең дегеніміз, шат көңілді, жеңіл сырғағымен тартылатын күй жанры. Ақжелңнің 62 түрін шығарған,басқа күйлерін есепке қоспағанда. «Ақжелең» аттас күйлерінің шығарумен қатар, күйлерінің жиынтығы ретінде «Күй шақыру» күйін шығарады. Халыққа домбыра тартарда күйлерінің «беташары іспетті, осы Күй басы» күйінен бастайды екен [5]. Осылайша Қазанғаптың әр күйіне тарихи баяндама беріп, күй аңыздарына ерекше назар аударған. Қазанғап мектебін жалғастырушы, майталман домбырашы С. Балмағамбетов өзінің еңбектерінде, Қазанғап мектебінің жалғастырушылары, күйлеріне түсініктемелер, Қазанғап туралы өлеңдер, Ақтөбе өңіріндегі Қазанғап күйлерінің орындаушылары туралы жинақтар жазады.

Осы жинақта да Қазанғап мектебінің жалғастырушылары туралы айтылған. Қазанғаптың ұлы мұрасын жеткізушілер жәй ғана орындаушылар емес, сонымен бірге дүниенің көшкені, өшкені емес екенін дәлелдеушілер. Осы бағыттағы Қазанғап мектебін жалғастырушы майталман домбырашылар: Жәлекеш Айпақов, Қадірәлі Ержанов, Сәдуақас Балмағамбетов, Бақыт Басығараев, Айса Шәріпов, Момын Байғанин, Абдулхамит Райымбергенов, Тұрар Әліпбаев, Жайлау Асылханов, Талап Хамзин, Нұрболат Жанаманов, Аягөз Нұрсұлтанова, Алтынбек Үмбетовтер [5, 70 б.].

Зерделей келе Қазанғап ізін жалғастырушылардың бірі, дәстүрлі күйші Басығараев Бақыт Шаңбатырұлы. «Толқында» атты еңбегінде Еділ Басығараев әкесінің орындауындағы 20-ға жуық Қазанғаптың күйлерін тарихын айта отырып, нота бетіне түсіреді. Бақыт Басығараевтың айтуы бойынша Ақжелең күйлеріндергі, «Алпыс екі Ақжелең» деп аталуы себебі не? Қазақ халқында адамның бойында алпыс екі қан тамыры болады деген ұғым бар. «Алпыс екі тамыры ииіп кетті» деген сөз содан қалса керек. Адамның алпыс екі тамыры толқытатын көңілді, сергек әуенді, әсем сазды бұл күйлерді халық «Алпыс екі тамырлы Ақжелең» немесе «Алпыс екі салалы Ақжелең» деп те атаған [6].

Орындаушы, өнер зерттеуші, қазіргі таңда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ұстазы А.Кенегесовтің «Өмір жайлау» атты еңбегінде қазақ халқының күйші композиторы Қазанғап Тілепбергенұлының өмірі мен шығармашылығы, сондай-ақ Қазанғаптың ізбасарлары, дүлдүл күйші-орындаушылардың репертуарларынан, Қазанғаптың бұрын жарияланбаған тандаулы күйлерінің нұсқалары берілген [7]. Қазанғап мұра етіп тоқсаннан астам күй қалдырған. Күйші мұрасын бізге оннан астам шәкірті жеткізіп, халыққа таратты. Олар – Мәмбетелі Көбенов, Матай Куантаев, Тайпан Балмағамбетұлы, Қадірәлі Ержанов, Жұмалы Ембергенұлы, Балмағамбет Сайымов, Дияр Алдабергенов, Құрманғазы Бокаев, Шүрен Сартов, Бұрхан Какенұлы, Медеубай Бақтыбергенов, Нұрқат Қосуақов, Құрманғали Өмірзақов тағы басқалар.

А. Райымбергенов өзінің Қазанғапқа арнаған көлемді ғылыми еңбегінде Қазанғап күйлерін төрт негізгі жанрға бөліп қарастырады:

- біріншісі, дәстүрлі Ақжелең жанры: «Кербез Ақжелең», «Бұран бел Ақжелең», «Бұрандама келіншек», «Он жеті жасар Балжан-қыз», «Он сегіз жасар Балжан-қыз», «Домалатпай Ақжелең» «Кәрі Ақжелең»;
- екіншісі, философиялық мазмұндағы күйлер: «Көкіл», «Құс қайтару», «Жұртта қалған», «Ноғайлының босқыны», «Шырылдатпа», «Рамазанның жоқтау күйі», «Дүркін-дүркін дүние», «Өмір жайлау», «Өттін дүние, кеттін дүние»;
- үшіншісі, өмірлік жағдайға байланысты күйлер: «Ұршықтың жұртта қалғаны», «Өтті-ау Балжан, кетті-ау Балжан», «Сау бол Балжан», «Күй молдан бол, қожан бол, бәріне де бір өлім», «Кіші Қаратөс», «Дүркін-дүркін дүние»;
- төртіншісі, бейнелік сипаттағы күйлер: «Бөгелек», «Торы аттың кекіл қақпайы», «Алиманың боз 60 жорғасы», «Торы жорғаның табақ тартқан күйі», «Сауран көк», «Жем суы», «Қосбасар», «Шынаяқ тастар», «Ысырма», «Жаңылтпаш» [10].

